

050043, г. Алматы, ул. Торайгырова(Фрунзе)19 мкрн. Орбита-3
тел: +7(727) 2297700, факс: +7(727) 2297772
e-mail: info@sdu.edu.kz
www.sdu.edu.kz

ор. 2 1998

0-64

ІЕЙМАН ДЕМИРЕЛ АТЫНДАҒЫ УНИВЕРСИТЕТ

**Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы:
практикалық және лабораториялық
жұмыстар**

Ордабекова Хафиза Арысбайқызы

Алматы - 2010

Ордабекова Хафиза Арысбайқызы

**Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы:
практикалық және лабораториялық жұмыстар
(оқу-әдістемелік құрал)**

Алматы - 2010



УДК 811. 512. 122 (075)
ББК 81.2 Каз - 923
О - 67

Баспаға Абай атындағы Қазақ ҰПУ-нің жанындағы «Білім» тобындағы мамандықтар бойынша оқу-әдістемелік секциясы және ҚР БҒМ Республикалық оқу-әдістемелік Кеңесі ұсынған;
Хаттама № 12 27.05.2010 ж.

Пікір жазғандар :

филология ғылымдарының докторы, профессор Сағындықұлы Б.
филология ғылымдарының докторы, доцент Жолшаева М.С.

Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы: практикалық және лабораториялық жұмыстар (оқу-әдістемелік құрал): Х. А. Ордабекова.
- Алматы, 2010. -191 б.

ISBN 9965 – 792 – 35 – 6

Оқу-әдістемелік құрал білім берудің кредиттік технологиясы бойынша модульдік жүйеге негізделіп жазылды. Ұсынылып отырған оқу-әдістемелік құрал қазіргі қазақ тілінің лексикалық, фразеологиялық жүйесі бойынша соңғы кездегі ғылыми жаңалықтарға сүйене отырып жазылған лекциялар жинағынан тұрады және алынған теориялық білімдерін жетілдіру, оны практика жүзінде орындай білу дағдысын қалыптастыру, машықтандыру мақсатында лингвистикалық мәтіндер беріледі. Берілген лингвистикалық мәтіндер зертханалық жұмыстардың мақсат-міндетіне, мазмұнына сәйкес таңдап алынып, қазақ тілі лексикасының семасиологиялық табиғатына, сөздік құрамы мен сөздік қорына, қазақ лексикасының қолданылу сипатына қарай лексика-семантикалық, этимологиялық, фразеологиялық талдаулар арқылы алған білімдерін меңгертуді, бекітуді көздейді.

Оқу-әдістемелік құрал жоғары оқу орындары филология факультеттерінің студенттері мен магистранттарына, оқытушыларына қосымша құрал ретінде ұсынылады.

УДК 811. 512. 122 (075)
ББК 81.2 Каз - 923
ISBN 9965–792–35–6 © Ордабекова Х.А., 2010

АЛҒЫ СӨЗ

«Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы» курсы жоғары оқу орындарының филология факультетінде дәстүрлі түрде оқытылып келе жатқан ғылыми-теориялық пән.

Пәнді оқытуда қойылатын басты мақсат - қазақ тіл білімінің лексикология, этимология және фразеология саласы бойынша тыңдаушыларға жүйелі ғылыми-теориялық білім беру, алған білімдерін практикалық және лабораториялық дәрежеде пысықтау, алынған ғылыми-теориялық біліміне сәйкес болашақта зерттелуге тиісті мәселелеріне байланысты тыңдаушыларды ғылыми ізденіске баулып, олардың шығармашылық ой-пікірін жетілдіру, оқытудың қалыптасқан әдістемелерінің (лексикалық, семантикалық, стилистикалық, фразеологиялық, этимологиялық, диалектологиялық талдаулар, практикалық сабақтар, студенттердің өздік жұмыстары, лабораториялық жұмыстар т.б.) негізінде студенттердің жеткілікті дәрежеде білім алуын қамтамасыз ету. Пәннің негізгі мақсаты мен ғылыми негіздері лекция сабақтарында толығымен қамтылып, белгілігі бір тақырып бойынша студентке бағыт-бағдар беріледі.

Бұл курс екі модульдан тұрады:

- 1) Қазіргі қазақ тілі лексикасының лексика-семантикалық табиғаты мен сөздік құрамы;
- 2) Қазіргі қазақ лексикасының қолданылу сипаты. Қазақ тілінің фразеологиясы, этимологиясы, лексикографиясы.

Бірінші модульда қазақ тілі лексикалық жүйесінің семантикалық табиғаты, яғни ұғым мен мағына, мағына мен сөздің арақатынасы, лексикалық мағынаның құрамдас бөлшектері (денотаттық, сигнификаттық және коннотаттық мағына), лексикалық мағынаның семалық бөлшектері, сөз мағынасының даму жолдары (сөз мағынасының кеңеюі мен тарылуы), сөздің мағыналық өзгерістері нақты талдаулар жасау негізінде анықталады. Сөздің лексика-семантикалық топтары: лексикалық омонимдер, лексикалық антонимдер,

лексикалық табу және эвфемизмдер, олардың БАҚ-ғы қолданысы, сөз варианттары, синоним сөздердің табиғаты жайында, қазақ тілінің сөздік құрамы мен сөздік қоры, қазақ тілінің лексика-семантикалық жүйесінің қалыптасуындағы негізгі тарихи арналар, сөздік құрамның толығу жолдары, олардың ішкі, сыртқы мүмкіншіліктері туралы жан-жақты мәліметтер беріледі.

Екінші модульда қазақ тілі сөздік құрамының қолданылу сипаты, сөздердің стильдік қызметіне байланысты түрлері, қазіргі қазақ тіліндегі жаңа атаулар, неологизмдердің сөзжасам үдерісіндегі орны, көнерген сөздер, олардың стилистикалық қызметі актив және пассив сөздердің зерттелу жайы сөз болады. Қазақ тілінің фразеологиясы, олардың лексика-семантикалық сипаты; қазақ лексикографиясының қалыптасуы мен зерттелу тарихы, лингвистикалық сөздіктердің түрлері, қазақ лексикографиясының алдағы міндеттері; қазақ тілі этимологиясының зерттелу жайы, этимологиялық принциптері нақты мысалдар негізінде талқыланып айтылады.

Қазақ тілінің лексика-семантикалық жүйесі, лексика-фразеологиялық жүйесі туралы ғылыми-теориялық мәліметтер көркем шығармалар тілінен, әдеби тілден, баспасөз материалдары тілінен алынған мысалдар негізінде жан-жақты талқыланып, Әрбір тақырып соңынан материал мазмұнына сәйкестендірілген практикалық тапсырмалар, лабораториялық жұмыстар ұсынылған. Берілген лингвистикалық мәтіндер зертханалық жұмыстардың мақсат-міндетіне, мазмұнына сәйкес таңдап алынып, қазақ тілі лексикасының семасиологиялық табиғатына, сөздік құрамы мен сөздік қорына, қазақ тілі лексикасының қолданылу сипатына, сөздердің стильдік қызметінің түрлеріне қарай семасиологиялық, лексика-семантикалық, этимологиялық, фразеологиялық, стилистикалық талдаулар арқылы алған білімдерін практика жүзінде іске асыра білу дағдысы көзделді.

Лекция № 1

Қазақ тілі лексикологиясына кіріспе

1. Қазақ тілінің шыққан тегі мен даму кезеңдеріне қысқаша шолу.
2. Лексикологияның мақсаты мен зерттеу нысаны.
3. Тіл білімінің лексикологиямен шектес салалары.

1. Қазақ тілі шығу тегі мен құрылымы жағынан түркі тілдері семьясына жатады. Қазақ тілінің түпкі шығу тегі түркі тілдері дамуындағы ең көне Алтай дәуірінен (хронологиялық шегі анықталмаған), Ғұн дәуірінен (б.з.б. IV-III ғ және б.Ү ғ.) және одан бергі көне түркі дәуірінен (б.з.Ү-X ғ.) бастау алады.

Алтай дәуірінде негізі бір ата тілден тараған түркі, монғол және тұңғыс-маньчжур тілдері бір-бірінен ажырай бастаған. Ал ғұн дәуірінде монғол, тұңғыс-маньчжур тілдерінен түгелдей ажырап, түркі тілдері екі үлкен топқа бөлінеді: батыс ғұн және шығыс ғұн тобы. Қазақ тарихындағы алғашқы тайпалы одақтар осы кезеңнен белгілі (үйсін, қаңлы, алан). Көне түркі дәуірінде қазақ халқының негізін құраған тайпалық одақтар айқындала түседі. VIII-IX ғасырларда қазақтың ірі тайпалық одақтарының негізі салынды деген пікір бар (1). Тіл жағынан алғанда тайпалық одақтар түркі тілдес диалектілерде сөйлеген, сонымен қатар бұлар көне түркілік негізден бөліне бастаған. Сөйтіп VIII ғасырдан бастап ру-тайпа тілдерінің диалектілік сипатынан даму негізінде жергілікті сипаты бар диалектілер қалыптаса бастайды. Ү-X ғасырдағы көне түркі тілдері жайында

мәлімет беретін Орхон-Енисей, Іле, Талас бойындағы өзендерден табылған жазба ескерткіштерде қазақ тайпаларының көне замандағы тілдік құрылымынан мағлұмат береді.

Түркі тілдерінің ортағасырлық дәуірінде жергілікті сипат алған диалектілердің бәріне ортақ тілдік белгілер жетіле түсті. Мұның өзі қазақ халық тілінің жасалуына үлкен септігін тигізді. Қазақ тілдерінің құрылымы туралы мәліметтерді М.Қашқаридың, Ю.Баласағұнның (Құтты білік), А.Яссауидің (Диуани хикмет), хандар жарлығынан алуға болады. Бұл ескерткіштер сол замандағы жазба әдебиетінің дәстүрі бойынша шағатай, көне түркі кітаби элементтері де кездесіп отырады. Бұлар ортағасырлық дәуірдегі жазба әдеби тілінің үлгісі ретінде танылуға тиіс.

Түркі тілдері дамуының жаңа дәуірінде (XV-XIX) қазақтың тайпалық одақтары қыпшақ қауымынан, ноғай ордасынан бөлініп, өз алдына халық болып қалыптасу үстінде еді. Тайпалық одақтар тіліндегі ортақ тілдік көрсеткіштер бірыңғай халық тілінің қалыптасуына әсер етті. Қазақтың халық тілінің қалыптасуы XV-XVI ғасырдан бастап XIX ғасырдың II жарт. дейін созылды (2).

XIX ғ. II жарт. бастап түркі тілдес ұлттар пайда болды. Бұл түркі халықтары дамуындағы ең жаңа дәуір болып табылады. Қазақ тілінің ұлт тілі болып қалыптаса бастауы осы дәуірге сәйкес келеді. Сөйтіп, XIX ғасырдың II жарт. бастап қазақ тілінің ұлт тілі болу процесі XX ғасырда одан ары қарай дамып жетілді. Ұлт тілі – ауызекі және жазба түрде ұлттық қарым-қатынас құралы қызметін атқарушы элеуметтік-тарихи категория. Тіл білімінде ұлттық тілдің үш түрлі негізден туатыны көрсетілген:

1. Тілдік белгілері бірыңғай, құрылымында айырмашылық жоқ бір диалект негізінде;
2. бірнеше диалектінің шоғырланып бірігуі негізінде;
3. диалектілердің ауыса отырып, өзара шоғырлануы негізінде.

Қазақ тілінің фактілері осы күнгі ұлттық дамуында үш негізгі тармақ бар екендігін көрсетеді:

1. Әртүрлі стильдік салада қолданылатын жазба және ауызша түрлері бар әдеби тіл;

2. жергілікті және әлеуметтік сипаты бар тіл ерекшеліктерінен тұратын диалектілер мен сөйленістер;

3. жалпыхалықтық сипаттағы ауызекі сөйлеу тілі (2)

2. Бір тілде қанша сөз болса, солардың тұтас жиынтығын тіл ғылымында *лексика* немесе *сөздік құрам* деп атайды. Сөздердің лексикалық жүйеде алатын орнын, шығу төркінін, қолданылу қабілетін күнделікті қарым-қатынастағы көрінісін, сан қилы стильдік мәні мен сипатын тексеретін ғылым *лексикология* болып табылады. Лексиканы зерттеу сөздік құрамды тұтас бір бүтін жүйе деп қарауды міндеттейді.

Лексикология ғылымы сөз ұғымымен үйлес келетін тұрақты сөз тіркестерін зерттейтін *фразеологияны* да төл объекті ретінде қарастырады.

3. Тілдің қаншалықты дамып жетілгендігі сөздік құрамдағы сөздердің санымен ғана емес, көп мағыналылығымен де өлшенеді. Бұл жағынан лексикология сөздердің мағыналық құрылымын зерттейтін *семасиология* ғылымымен тікелей байланысты. Бұл ғылымның мәні түсіндірме сөздіктерді жасау барысында айқындалады. Өйткені мұнда сөздің негізгі, туынды және ауыс мағыналары тілдің кешенді дамуы тұрғысынан сараланып талданады.

Сөздердің қалыптасуына, өзгеруі мен дамуына қатысты тарихи заңдылықтарын тарихи лексикология зерттейді. Тарихи лексикологияның бір саласы – *этимология*. *Этимология* сөздің шығу төркінін, алғашқы тұлғасы мен мағынасын айқындайды. *Этимологиялық* зерттеулер арқылы қазақ халқының бұрынғы өмірінен мәлімет алуға, қандай халықтармен қарым-қатынаста болғандығын байқауға болады.

Тілдегі жалқы есімдерді зерттейтін *ономастика* ғылымымен лексикология тығыз байланысты. Ономастика өзі іштей антропонимика және топонимика болып жіктеледі. Антропонимика кісі есімдерін зерттеу нысаны етіп алса, топонимика жер-су атауларын жеке объект ретінде зерттейді.

Лексикология тіл ғылымының грамматика саласымен де тығыз байланысты. Тілдегі сөздердің номинативтік қызметімен қатар грамматикалық қызметі бар. Тілдердің тарихи дамуы барысында сөздердің бір-бірімен әрдайым грамматикалық байланыс жасауы арқылы бір жағынан лексикалық бірліктердің грамматикалану процесі жүріп жатса, екінші жағынан, сөз тіркестерінің бір бүтін лексикалық бірлікке ауысу процесі жүріп жататындығы белгілі. Бұл құбылысты сөзжасам үдерісінен айқын байқауға болады.

Лексикология тіл ғылымының фонетика саласымен де тығыз байланыста. Сөздер көбінесе бірнеше дыбыстың қалыптасқан тіркесімен айтылғанда ғана белгілі бір мағынаны білдіре алады. Тілдегі сөздердің дыбыстық құрамының өзгеруі олардың мағыналарының өзгеруіне әкеп соғады. Бұдан біз тіл ғылымының әрбір саласы өзінің дербестігі мен даралығын сақтай отырып, өзара бір-бірімен тығыз байланыста екендігін байқаймыз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Аманжолов С. Вопросы диалектологии и истории казахского языка. –Алма-Ата, 1959.
2. Қалиев Ғ., Болғанбаев Ә. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. –Алматы, 2003.
3. Қордабаев Т. Қазақ тіл білімінің қалыптасу, даму жолдары. –Алматы, 1987.

Тақырып бойынша орындалатын тапсырмалар:

1. Қазақ тілінің генеологиялық жіктемесі.
2. Қазақ тілі – ұлт тілі, ұлттық әдеби тіл және мемлекеттік тіл.
3. Қазақ тіл білімінің зерттелу тарихына шолу. Конспект

4. Лексикологияның мақсаты, зерттеу объектісі.
5. Тіл білімінің лексикологиямен шектес салалары.

Лекция № 2

Сөздің лексика-семантикалық табиғаты.

1. Ұғым, мағына, сөз және олардың арақатынасы.
2. Тілдік таңба ретіндегі сөздің семантикалық құрылымы.
3. Лексикалық мағынаның құрамдас бөліктері.

1. Ұғым – логикалық категория, ойлау процесінің нәтижесі, тіл – тілдік категория ретінде бір-бірімен тығыз байланысты. Логикалық ұғымның тіл жүйесіне қатысы сөз арқылы іске асады. Адам санасында сезім мүшелері арқылы (есту, көру, сезу, дәм, иіс) қабылдауға болатын нақты, деректі заттар мен құбылыстардың бейнесі қалыптасқан. Сонымен қатар тек түйсік сезімі арқылы қабылданатын нақты заттық дерегі жоқ ойтанымдық құбылыстар (қуану, ренжу, қайғы, адамгершілік) бейнеленіп берілетін болған. Демек, заттар мен құбылыстар жайындағы осы күнгі ұғымдар адамның сезім мүшелері мен түйсігі арқылы қоршаған ортаны танып білуінің нәтижесінде туған. Сезімдік танымның бірінші сатысы – түйсік. Заттардың, құбылыстардың сезім мүшелеріне тікелей әсер етуінің нәтижесінде бүкіл белгілерінің бейнеленуі *түйсік* деп аталады. Ұғымның тек негізгі белгілері ғана адам жадында сақталып, зат пен құбылыстың негізгі белгілерін салыстыру арқылы бір-біріне ұқсас, тектес заттардың ортақ белгілері анықталған. Қоршаған орта туралы білімді біз тек түйсік арқылы ғана емес, қабылдау арқылы да аламыз. Заттар мен құбылыстардың сезім мүшелеріне тікелей әсер еткенде бүкіл белгілерінің біртұтас бейнеленуі *қабылдау* деп

аталады. Мәселен, құрылысына, салыну ерекшеліктеріне, түрлеріне қарамастан жалпы үй атаулыға ортақ белгі – олардың баспана болатындығы.

Сезімдік танымның үшінші сатысы – елестету. Заттар мен құбылыстардың сезім мүшелеріне тікелей әсер етпеген кезде көрнекі, тұрақты, жалпы белгілерінің санамызда бейнеленуі *елестету* деп аталады (1, 5-8 бб.).

Танымның жоғары сатысы – ойлау. Ойлау дегеніміз – шындық өмірдегі заттар мен құбылыстардың, іс-әрекеттердің жалпы қасиеттерін, мәнді белгілерін бейнелендіретін, олардың арасындағы нақты байланыстар мен қатынастарды ашатын психикалық процесс. Дүниедегі заттар мен құбылыстар жоғарыда көрсетілген сезімдік бейнелеулер арқылы адам санасында таңбаланады. Сөйтіп олар туралы ұғым пайда болады. *Ұғым дегеніміз* – зат, құбылыс, іс-әрекетке тән мәнді және жалпы белгілердің адам санасында жинақталып берілген бейнесі. Заттар мен құбылыстардың бір-бірінен айырмашылығын көрсететін қасиеттері *мәнді белгілер*, ұқсастығын көрсететін қасиеттері *жалпы белгілер* ретінде танылады. Санадағы ұғымның адамдардың қоғамдық тәжірибесі арқылы сөздік қабыққа бекітілген бөлегі *ұғымдық мағына* деп аталады. Ғылыми әдебиеттерде ұғымдық мағынаны *заттық-логикалық мағына* деп те атайды. Сөзбен бірге өмір сүретін ұғымдық мағынада материалдық дүниенің белгілі бір дәрежедегі бейнесі болады да, біртұтас толық бейнесі көбіне көрініс таппайды (2,81-82 бб.).

Сөздің негізгі қызметі – атау, зат, құбылыс, іс-әрекетті олардың белгілерін атап білдіру. Дегенмен, мынадай жайттарды ескеру керек: біріншіден, ұғым сияқты сөзде де зат, құбылыстың жалпы белгілері жинақталып беріледі. Үй, ат, құм, өзен, Ахмет – бір затты сол тектес заттардан айыру үшін қолданылған белгі. Неғұрлым кейін пайда болған ұғым атаулары бұрыннан белгілі ұғымдарға ұқсастық негізінде жасалып отырады. Мәселен, күнбағар,

итмұрын, түйетабан т.б. Етістік ұғымды білдіретін сөздердің жалпылығы күшті (тамақ, ас, өлексе, жем, шөпт.б.) жеу, ішу етістіктерімен беріледі. Екіншіден, сөз бен өзі білдіріп тұрған зат, құбылыс арасында табиғи байланыс болмайды. Үшіншіден, тілдегі сөздердің бәрі бірдей қалыптасқан логикалық ұғымды білдіре бермейді (шылау, одағай, көмекші, модаль сөздер).

1.1 Сөз және мағына. Сөздің ішкі семантикалық байланысы оның мағынасы мен ұғымның арақатынасынан көрінеді. Сөз мағынасы зат, құбылыс, әрекет жайында түсінік, ұғым пайда болғаннан кейін қалыптасады. Егер бір зат жайында ұғымымыз болмаса, оның мағынасын да білмейміз. Ұғым бар жерде мағына бар. Демек, ұғымның болуы – сөз мағынасының маңызды шарты болып табылады.

Сөз мағынасының қалыптасуына ұғымнан басқа, айтушының көзқарасын, көңіл-күйін, сезімін, сөздің грамматикалық сипатын білдіре алады. Бұған қарап, сөз мағынасының ұғымнан кең екенін көреміз. Сөз мағынасы ойды ғана білдірмейді, сезім мен әр түрлі көңіл-күйді білдіру үшін де жұмсалады. Мағынаның лексикалық және грамматикалық болып бөлінетіндігі белгілі. Лексикалық мағына лексикологияда зерттеледі. В.В.Виноградовтың анықтамасы бойынша, сөздің лексикалық мағынасы дегеніміз – тілдің грамматикалық заңдарына сай тұлғаланған, оның сөздігіне тән жалпы семантикалық жүйесінің элементі болып табылатын сөздің заттық-материалдық мазмұны (1). Сөздің лексикалық мағынасы зат, құбылыс, іс-әрекеттің санада бейнеленіп тұрақталған ұғымның мазмұнын қамтиды. Сөздің лексикалық мағынасын түсіну үшін, сөздің заттық-логикалық мәнін, сөздің лексикалық мағынасының оның басқа мағыналардан қандай қарым-қатынаста екендігін, үшіншіден, сөздің лексикалық мағынасын соған ұқсас басқа лексикалық мағыналардан ерекшелеп көрсететін

белгілерін анықтау қажет. Сиыр: 1) заттық мазмұны жағынан төрт түлік малдың бірі екендігі; 2) сырт көрінісі жағынан ірі қара малға жататындығы; 3) табиғаты жағынан мүйізді ірі қара мал; айыр тұяқты мал; күйіс қайыратын мал. Сиыр сөзінің осы белгілері оның басқа мал түрлерінен ерекшелігін білдіреді.

Лексикалық мағына – сөздерді бір-бірінен ажыратып танудағы ең негізгі мағына, ол арқылы сөз жеке даралық қасиетке ие. Лексикалық мағына – бір тілде сөйлейтін жалпы қауым таныған әр сөздің меншікті мағынасы, сөздің басқа мағыналарының тууына негіз болады. Сөз мағынасынан әрбір тілдің өзіндік ерекшелігі мен өзіндік бояуы айқын көрінеді. Мысалы, ми – бас миды білдірсе, орыс тілінде бас миымен қатар, жілік майын да (костный мозг) білдіреді. Малай сөзі қызметші, жалшы мағынасында қолданылса, башқұрт пен татар тілінде бала мағынасында қолданылады.

Сөз мағынасы әрқашан бірқалыпта тұрмайды. Тіл жүйесінің ішкі заңдылықтары мен ақиқат өмірдегі мәдени-тарихи, әлеуметтік өзгерістер әсер етіп отырады. Сөз мағынасының дамуында мағына не кеңейіп, не тарылып отырады. Мысалы, қыз-қырқын қос сөзінің құрамындағы қырқын сөзі о, баста «күннен туған қыз» мағынасында қолданылса, қазіргі тілімізде мағынасы ұмыт қалып, жалпылама ұғымды білдіруде қолданылады. Сол сияқты кіндік сөзі де ертеректе 1920 жылдары «белгілі бір ел, мемлекет не ұйымға тән орталық» деген мағынада қолданылған. Омбы – мәдениет кіндігі. 1930 жылдардың ортасынан бастап бұл сөз ауыс мағынада қолданылмайтын болды.

Сөздің *грамматикалық мағынасы* деп грамматикалық амал-тәсілдер арқылы туатын, сөздің бірыңғай топтары мен сөз тұлғаларына, синтаксистік құрылымдарға тән, жинақталған дерексіз мағынаны айтамыз. Грамматикалық

мағына сөздің лексикалық мағынасының негізінде туады, бұл екеуінің арасында тығыз байланыс бар.

2. Сөз мағынасы (семантикасы)

Тілдік жүйе негізінде қалыптасқан мағына өз ішінен парадигмалық және синтагмалық мағыналар болып бөлінеді. Парадигмалық қатынастар негізінде алынатын мағынаны парадигмалық мағына деп аталады, ал парадигмалық қатынас - бір деңгейдегі тіл элементтерінің арасындағы байланысқа негізделеді. Мәселен, тәтті, ащы, дәмді, ұзын, қысқа т.б. заттың сынын; жел, су, өзен, жұлдыз, үркер күн т.б. табиғат құбылыстарының атауы; бас, көз, құлақ, бауыр, жүрек т.т. дене мүшелері атаулары адам санасында мазмұнның ортақтығына негізделген өзара белгілі бір байланысы бар сөздер тобын құрайды. Парадигмалық мағынаның сөздерді тақырыптық және лексика-семантикалық топтарға бөліп қарастыруда атқаратын рөлі үлкен.

Әр текті тіл элементтері арасындағы қатынас тілтанымда синтагмалық қатынас деп танылады. Сөз синтагмалық қатынасқа түскенде бір-бірімен әрі семантикалық, әрі грамматикалық жағынан байланыста болады. Сөздер бір-бірімен өзара байланысқа түсу үшін сөздердің мағыналық құрамында ортақ бір семаның болуы шарт. Сөздердің семантикалық тіркесімділік қабілетін анықтаушы тілдік мағынаны синтагмалық мағына деп танимыз.

3.1 Лексикалық мағынаның құрамдас бөліктері. Сөз мағыналары құрылымдық тұрғыдан денотаттық мағына, сигнификаттық мағына және коннотациялық мағынаны құрайды. Денотаттық мағына деп сөздің ақиқат дүниемен, ондағы заттармен, құбылыстармен байланысып жататын мағынасын айтамыз. Тілтанымда денотаттық мағынаның өзін материалды денотат (референт) және идеалды денотат деп бөлушілік бар. Денотаттық немесе референттік

мағына белгілі бір сөзді айтқан кезде көз алдымызға, ойымызға келетін заттар мен құбылыстардың басты белгілеріне, бейнесіне негізделеді.

Ал сөз мағынасында өмір сүретін идеалды денотат санадағы ұғыммен байланысты. Яғни материалдық денотат арқылы қоршаған ортадағы заттармен, құбылыстармен байланысып жатады. Мәселен, *тас* қарапайым адам үшін «формасы әртүрлі, өзі қатты тау жыныстарының үлкенді-кішілі бөлшектері», *тау* - «жер бетінен жоғары да көтеріңкі жатқан биіктік» деген нақты денотаттық мағынаға ие болса, геолог мамандар үшін «тас - кристалды минералдардың жиынтығы», физикалық географияда «тау - айналасынан оқшау, айқын байқалатын беткейі, етегі және шыңы бар, теңіз деңгейінен биіктігі кемінде 200 м болатын көтеріңкі жер» деген ұғымдық (идеалды денотат) мағынаны білдіреді.

Сөздің лексикалық мағынасының құрамдас бөліктерінің бірі – сигнификаттық мағына. Денотатты мағына көрнекі нақты ойлау негізінде қабылданып, ұғым негізінде қалыптасқан ақиқат дүниенің объект бейнесі болса, сигнификативті мағына - абстракті, дерексіз ойлау негізінде пайда болған субъект бейне. Сондықтан мұны қазақ тілінде пайымдық мағына деп те атауға болады (1,17-18 бб.). Пайымдық мағына – сөздің білдіретін тұрақты мағынасы. Кей сөздердің мағынасынан заттық мағына, кей сөздерден сигнификативті мағына айқын танылады. Мысалы: бақыт – адамның тілегінің орындалып, қуанышқа кенелуі (сигнификативті мағына). Проф. Б.Сағындықұлының айтуынша, зат есімдерден денотаттық мағына, сын есім, сан есім, етістіктерден пайымдық мағына анық та айқын сезіліп тұрады. Коннотатты мағына жоғарыда айтылған екі мағынаның үстіне қосылған үстеме мағына. Бұл үстеме мағынада стильдік бояу, сезімдік бағалау, экспрессивтік мағына бар. Коннотатты мағына эмоция мен бағалаудан тұрады. Мәселен, зат есімдер мен

сан есімдерде, есімдіктерде сезімдік мағына сирек кездеседі, ал одағайлар мен сын есімдерде, етістіктерде бұл мағына жиірек кездеседі. Мәселен, сымпыс - 1. Құйрық қылшығы селдір, сымпыйған; 2. Ауыс. Зып-зып етіп, аннан-мұнан бір шығатын, шаруаға қыры жоқ, берекесіз, сұйық адам.

3.2 Лексикалық мағынаның ұсақ бөлшектері. Сөз мағынасының ары қарай бөлшектеуге келмейтін ең кіші бөлігін *сема* деп атаймыз. Егер бір сөзде бірнеше мағына болса, оның өзі бірнеше семалық бөлшектерден тұрады. Мысалы, таңқурай және құлпынай сөздерін алайық. Таңқурай - «Раушан гүлділер тұқымдасына жататын, жеуге жарамды жидегі бар, көп жылдық жартылай бұта (өсімдік). Бұл сөздің мағынасы мынадай смеалық белгілерден құралғандығы көрінеді: 1) раушан гүлділер тұқымдасына жататындығы; 2) жеуге жарамды жидегінің болатындығы; 3) көп жылдық өсімдік; 4) жартылай бұталы өсімдік. Бұған қоса қосымша семалық белгілері ретінде қызыл немесе қызыл күрең түсті, тәтті жидекті қосуға болады.

Құлпынай – жұпар иісті, қызыл түсті тәтті жемісі бар көп жылдық шөптесін өсімдік. Бұл сөзде де 4-5 сема бар: 1) жұпар иісті; 2) қызыл түсті жеміс; 3) тәтті жеміс; 4) көп жылдық өсімдік; 5) шөптесін өсімдік. Бұдан шығатын қорытынды, сөз мағынасы бірнеше семадан тұрады. Сөз мағыналарының семалары әр түрлі болып келеді де, олар ірілі-уақтылы топтарға жіктелінеді. Жоғарыда әр сөздің бес семасы көрсетілген. Олардағы жалпылаушы семалар - жидек, қызыл түсті және көп жылдық өсімдік болса, қалған семалары даралаушы семалар болып табылады. Сөздерді өзара байланыстырып тұратын, оларды белгілі бір лексика-семантикалық топқа біріктіруде негіз болатын семаны *жалпылаушы сема*, кейде *архисема* деп те атай береді. Ал бір сөзді екінші бір сөзден ажыратып тұратын семаны *айырушы (дифференциалды) сема* деп атайды. Сөздің

лексикалық мағынасында негізі семалармен қатар қосалқы семалар да болады. Оларды жеке сөздердің бойында ұшырасуына орай потенциалды (ықтималды, салыстырмалы), тіркескен жағдайда пайда болуына қарап коннотатты семалар деп атайды. Мәселен, эмоционалды-экспрессивті сөздерде «баға», «эмоция», «экспрессия» коннотатты семалары кездеседі. Қай сөздің мағынасында семалардың саны көбірек болса, сол сөздің семантикасы жайылыңқы, абстаркты, бірнеше мағыналы болады. Бұл сипат, әсіресе, етістіктерге тән. Мысалы, *сөйлеу* етістіктерінің басын құрайтын архисема – белгілі бір хабарды екінші біреулерге жеткізу. Бұл етістіктер әрі қарай жіктеліп, кіші семантикалық топтар жасайды. Олар: 1) хабарлау етістіктері (айт, жеткіз, дерек бер); 2) сөйлеу етістіктері (сөйлесу, әңгімелесу, әзілдесу, айтысу); 3) сұрақ-жауап етістіктері (сұра, жауап бер, жауап қайтар); 4) эмоциялы сөйлеу етістіктері (мыңқылда, көкі, отта, мылжыңда, танты). Кел, кет, алыста, айнал, өт етістіктерінің барлығына ортақ архисема – қозғалған заттың бір орнынан екінші бір орынға өтуі, орын ауыстыруы. Сонымен қатар олар бірінен екіншісін ажыратып жататын айырушы семаларға да ие (1, 20-21 бб.)

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1) Сағындықұлы Б. Қазіргі қазақ тілі. Лексикология. I-бөлім. –Алматы, 2003.
- 2) Оразов М. Қазақ тілінің семантикасы. –Алматы, 1991.
- 3) Қалиев Б. Сөз мағыналарының негіздері. –Алматы, 2002.
- 4) Қалиев Ғ. Болғанбаев Ә. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. –Алматы, 2003.

Тақырып бойынша орындалатын тапсырмалар:

1. Ұғым және мағына, мағына және сөздің арақатынасы.

2. Сөз мағынасының түрлері.
3. Сөз семантикасы. Пардигмалық және синтагмалық мағына.
4. Сөздің лексикалық мағынасының құрамдас бөліктері.
5. Сөздің лексикалық мағынасының уақ бөлшектері (сема және олардың түрлері). Оразов М. Қазақ тілі семантикасы. 82- 88 беттерін конспектілеу.

Лабораториялық жұмыстар

1. Түсіндірме сөздіктерді негізге ала отырып, толық мағыналы, көмекші және аралық (есімдіктер, одағай, еліктеуіш) сөздердің мағынасына анықтама беріңіз.

Мысалы: айыл – «ер-тоқым ауып кетпес үшін малдың бауырын, шабын орап тартатын жалпақ қайыс» – лексикалық мағына;
зат есім, атау септігі, жекеше форма – грамматикалық мағына.



2. Парадигмалық қатынастар негізінде берілген лексикалық бірліктерді тақырынтық және лексика-семантикалық топтарға бөліңіз:

ата, көз, торы, ене, қышқыл, сиыр, қой, әке, ана, құлақ, аяқ, бет, қаршыға, бүркіт, қарлығаш, ақ, күрең, қызыл, тәтті, ащы, дәмді, бас, қол.

3. Берілген лексикалық бірліктерден тіркесімділік қабілеті бойынша сөз-синтагмаларын құраңыз: тіл, көк, қыз, асау, қоңыр, су, валюта, бағу, топырақ, шұбатылған, алу, аққу, бүркіт, киік, қызыл, өткір, үзу.



Үлгі:



4. Берілген сөздердің лексикалық мағыналарын құрамдас бөліктерге (материалды денотат, недалды денотат, сигнификат, коннотациялық мағына) бөліп жазыңыз: қасқалдақ, тас, су, қайың, ішу, жеу, қара, отыз, күлу.

5. Сөз мағыналарының семасын анықтау үшін қалам және қарындаш сөздерінің семаларын салыстырайық:

Сөз	Пішіні	Материалы		Қызметі	Сапасы
		Сырты	Іші		
Қалам	таяқша	металл, пластмасса	Сия, паста	жазу, сызу	анық, тез өшпейді
қарындаш	таяқша	Ағаш	Графит	жазу, сызу	анық емес, тез өшеді

Мұндағы 1 және 4 семалық белгілер жалпылаушы семалар деп аталса, 2,3, және 5 семалар даралаушы семалар деп аталады.

Жалпылаушы семалар (архисема) сөздерді бір лексика-семантикалық топқа жинақтайды.

Даралаушы семалар сөздерді әр басқа сөз ретінде бірінен бірін ажыратып тұрады.

Тапсырма: жоғарыда берілген үлгіге сәйкес *бұта, өзен, жапырақ, қарындас, адам, тас, жолбарыс, түлкі, аю* сөздерін семалық белгілеріне қарай ажыратыңыз.

Лекция № 3

Сөз мағынасының дамуы

- 1) Сөз мағынасының кеңеюі, тарылуы.
- 2) Сөз мағынасының ауысуы. Көп мағыналылық.
- 3) Сөз мағынасы ауысуының тәсілдері. Метафора және оның тілдік табиғаты.
- 4) Метонимия және оның тілдік табиғаты.
- 5) Синекдоха және оның тілдік сипаты.

1. Сөз мағынасында әр тілдің өзіндік ерекшелігі мен өзіндік бояуы, ұлттық сипаты болады. Сананың дамуына байланысты ұғым өрісі де ұлғаяды. Бұл процесс өз кезегінде сөз мағынасының дамуына әсер етеді. Сөз мағынасының дамуы нәтижесінде мағына не кеңейіп, не тарылып отырады. Мағынаның нақтылықтан дерексіздікке, жалқылықтан жалпылыққа ауысуы сөз мағынасының кеңеюі деп аталады (1, 30). Сөздің мағыналық жағынан дамуына сыртқы себептер де, ішкі себептер де ықпал етеді. Сыртқы себептерге қоғамның, өндірістің, мәдениеттің дамуына, өзгеруіне байланысты пайда болатын өзгерістерді айтамыз. Осындай өзгерістер тілімізге соны тіркестер, жаңа сөздер қосып отырады. Мәселен, бай деген сөз Кеңес үкіметіне дейін «ірі жер мен мал иесі» деген, ал кедей сөзі «қара күшін сатып, күнін көретін жұмысшы» мағынасында түсініліп келді де, Кеңес үкіметі орнағаннан кейін бай – «халықтың еңбегін пайдалану арқылы байыған үстем тап өкілі, қанаушы» деген, кедей «үстем тапқа қарсы тұрып, оларға төңкеріс жасаушы, халықты социализмге жеткізуші негізгі күш» деген ұғымда детерминделіп қалыптасты (2, 66). Ал ішкі себептерге тіліміздің ішкі заңдылықтары негізінде, яғни

сөздердің тіркесу қабілеті мен қолданылу қызметіне сай тұлғалық, мағыналық өзгерістерді жатқызуға болады.

Сөз мағынасының кеңеюі - сөздің тұлғасын өзгертпей-ақ бұрыннан белгілі сөз мағынасының үстіне жаңа қосымша мағыналарға ие болуы. Мәселен, талқылау сөзі «қой терісін талқыға салып илеу, жұмсарту» мағынасының үстіне «мәселені жан-жақты талдап, тексеру» деген мағынаны білдіреді. Сөз мағыналарының кеңею жолдарының мынадай түрлерін көрсетуге болады:

1. *Бұрынғы мағыналарын сақтай отырып, мағыналарының кеңеюі.* Мысалы: Айдар – 1. Адамның төбесіне қойылатын бір шоқ шаш; 2. Құстың төбесіне өсетін үстеме шаш; қосымша мағына – газет-журналдарда «бір тақырып төңірегінде ұдайы берілетін материалдардың жалпы атауы».

2. *Жіктелу, сұрыпталу арқылы сөз мағынасының кеңеюі.* Мысалы: Қозғалыс – 1. Іс-әрекет, қимыл, жүріс-тұрыс. 2. Филос. Болмыстың өмір сүру тәсілі; өзгерісі, дамуы. 3. Ауыс. Жаппай наразылық; көтеріліс, ереуіл.

3. *Туынды түбірдің мағынасының кеңеюі.* Мысалы: қатынас сөзі осы уақытқа дейін тек «өкіл қатынасы» ретіне қолданылып келсе, қазіргі тілімізде *тілдік қатынас, қоғамдық қатынас, әлеуметтік қатынас, саяси қатынас* сияқты бірліктер термин сөздер мен қоғамдық-саяси лексиканың қатарын толықтыруда.

4. *Сөз мағынасының бір жағынан тарылып, екінші жағынан кеңеюі.* Мысалы: Құн – кісі өлтіргені үшін айыпкердің не оның руының мал басымен берілетін төлемі, ал туынды мағынасы – саяси-экономикалық термин ретінде «тауарды өндіруге жұмсалған қоғамдық еңбек пен материалдар шығынының жиынтығынан тұратын қаржы», яғни *тауар құны* мағынасында қолданылады.

5. Сөздердің тіркесуі арқылы мағынасының кеңеюі. Тіркес арқылы сөз мағынасының кеңеюін екі топқа бөлуге болады:

1. Байырғы сөздердің тіркесі. Мысалы: *демалыс үйлері, балалар бақшасы, жарыс сөз, тұрғын үй, ұдайы өндіріс, дене тәрбиесі* сияқты тіркестер байырғы сөздердің ықпалымен жасалған.

2. Аралас тіркес. Мысалы: *бас инженер, аға ғылыми қызметкер, техникамен жарақтандыру* сияқты тіркестер кірме сөздердің араласуы арқылы жасалған.

Орта ғасыр жазба ескерткіштерінің тіліндегі кейбір сөздердің мағынасы ұмытылып, қазіргі тілімізде басқаша сипат алған. Мысалы: үчәк (ұшак) сөзі орта ғасыр ескерткіштерінде «мұнара» мағынасында қолданылған: Үчәккә мұнда өзи - өзі мұнараға мінді. Ежелгі түркі тілінде дәл осы сөз болмағанмен «ұшы, шың, қанат» мағынасындағы *ұш* түбірі бар: өлүм бир теңиз ол ұшы йоқ түпі «өлім – түбі мен шеті жоқ теңіз» (ДТС, 603). Үчәк сөзі осы түбірден өрістеген туынды тұлға. Қазақ диалектілерінде кездесетін ұшпа (шың) сөзі осымен түбірлес әрі мәндес. Қазіргі таңда бұл сөздің мағынасы тарылып, екінші жағынан кеңіп «самолет» (ұшак) мағынасын, ал тікұшак сөзі «вертолет» мағынасын береді (3, 105-106).

Сөз мағынасының тарылуы – тарихи, әлеуметтік, қоғамдық жағдайларға байланысты сөздің кейбір мағынасының қолданыстан шығып қалуын білдіреді. Мысалы: тон – ертеректе жалпы киімнің атауын, тары – жалпы астық атауын білдірсе, қол – «әскер, жасақ»; қарындас – «бір қарыннан шыққан, бірге туған» мағыналарын білдірген. Олай болса, ұғымның дәлденіп жіктелуіне байланысты мағынаның дерексіздіктен нақтылыққа, жалпылықтан жалқылыққа ауысуын *сөз мағынасының тарылуы* дейміз (1, 31). Р.Барлыбаев сөз мағынасы тарылуының мынадай жолдарын көрсетеді:

1. *Сөз мағынасының дәстүрлі тілдік жолдармен тарылуы.* Мысалы: Киік – «барлық жабайы аң» мағынасында қолданылып, қазір бұл сөздің мағынасы нақтыланып «айыр тұяқты, ешкі тұқымдас жабайы аң» деген мағынада жұмсалады. Осы сөздің негізінде туған *киікоты* (киік жейтін, иісті шөп), *кісікиік* (жалғыз жүретін адам), *киіктің асығындай* (кішкентай да сүйкімді, пысық, ширақ), *киіктің лағындай*, *киіктің матауындай* т.б. қазіргі тілдік қолданыста бар сөздер.

Ғалым Б.Қалиев қарындас сөзінің жалпылықтан нақтылыққа қарай өту себебін былайша түсіндіреді: «Қарындас сөзінің әуелгі мағынасының өзгеруіне – тіліміздегі бауыр сөзі мағынасының өзгеруі түрткі болған сияқты. Олай дейтін себебіміз: бұрын ішкі ағзалардың ішіндегі – адам өміріне ең қажетті басты мүше ретінде – «адам мен жан-жануарлардың қан жасау, қан алмасу қызметін атқаратын мүшесі» мағынасында қолданылып келген бауыр сөзі кейіннен әркімнің жанына жақын, әрі ең жақын жанашыры – «бірге туған қандас, туыс адамы» деген мағынаны қосып алды да, бауыр сөзі осы мағынадағы қарындас сөзінің алғашқы мағынасын ығыстырып шығарған секілді (2, 64). Қарындас сөзінің алғашқы мағынасы «бір қарыннан шыққан, бір туған» болса; екінші мағынасы «қыздың жасы үлкен ер ағайындарына туыстық қатынасы; үшінші мағынасы жасы үлкен ер адамдардың жасы кіші әйел балаға айтатын қаратпа сөз есебінде жұмсалуды. Бір жалпылаушы мағынаның орнына нақтылаушы екі мағына пайда болған.

2. *Сөз мағынасының тарыла келе, көмекшіге айналуы.* Қазақ тілінде *алды, арты, асты, үсті, қасы, маңы, арасы, тұсы, іші, бойы* сияқты көмекші есімдер бар. Бұлардың барлығы зерттеушілердің пікіріне қарағанда, ілгері заманда толық мағыналы сөздер болған. Мағыналары бірте-бірте тарылып, көмекші элементке айналған.

3. *Сөз мағынасының тарыла келе, шылауға айналуы.* Тілімізде *тағы, да, та, мен, болмаса, кейін, сайын, арқылы, туралы, соң, және, бірақ, өйткені, сөйткені, таман, сияқты* шылау сөздер бар. Дербес мағыналы сөздердің шылауында тұрып қана, сол сөздерді грамматикалық мағынасын айқындай түседі. Көмекші есімдер сияқты о баста дербес мағыналы сөз болып, қолданыла келе мағынасын, қызметін тарылтып, шылау сөздерге айналған.

4. *Мағынаның толық тарылу нәтижесінде сөздің қосымшаға айналуы.* Жұрнақтар мен жалғаулар тарихи жағынан алып қарағанда, ертерек кезде дербес мағыналы сөздер болған. Кейбір қосымшалардың төркінін табу қиын, өйткені олардың алғашқы негізі туралы ешқандай із қалмаған. Дегенмен, -мен (-бен, -пен) көмектес септігінің *бирлан* шылауынан, -тын (-тін) жұрнағының *тұрған* есімшесінен, -ша жұрнағының *шақ* сөзінен шыққандығын түркологтар дәлелдеп берді. Бұлар мағынаның толық тарылғанына мысал бола алады (4, 38-64).

2. Сөздің сапа жағынан дамығандығын көрсететін бірден-бір белгі – *сөздің көп мағыналылығы.* Сөздің екі я одан да көп мағынаға ие болуын сөздің көп мағыналылығы дейміз. Сөздің көп мағыналылығы – сөздік қордағы сөздерге тән қасиет. Мәселен, *қанат* сөзі алғашында «құстар мен шыбын-шіркейдің ұшып-қонатын дене мүшесін» білдірген. Әрбір жаңа мағына әр сөздің білдіретін мағынасының айрықша қасиетінен, түрліше сыр-сипатынан келіп шығады. Адам бір затты алғаш көргенде оның сыртқы қасиеттерімен танысады. Сол қасиеттер сезім мүшелеріне әсер етіп өзінің ізін қалдырады. Адамның санасындағы белгілі бір зат туралы түсінік басқа бір затпен де ұқсасып, байланысып тұрады. Соның нәтижесінде екі заттың не сапасында я болмаса атқаратын қызметінде жалпы ұқсастық пайда болады. Сол ұқсастық нәтижесінде адамдар ұқсас келген екі я бірнеше затты бір атаумен

атайтын болған. Сонымен «қанат» деген сөздің жоғарыда аталған ұқсастықтарына қарай бірнеше үстеме мағына қосылған. Олар: 1. Балықтың жүзу мүшесі. 2. Арба-шананың үстін кеңейту үшін жасалған шарбақ ағаш (қанаты жоқ арбаға шөп аз сияды). 3. Киіз үй керегелерінің жеке көктелген әрбір бөлігі (сегіз қанат ақ орда). 4. Ұшақтың ұшып-қонуына қажетті негізгі бөлшегі. 5. Шепте тұрған әскердің немесе аяқдоп (футбол) ойыншыларының оң жақ және сол жақ бөлігі оң жақ және сол жақ бөлігі (оң қанаттын шабуыл жасады). 6. Ауыс. Таяныш, тірек (екі балам – екі қанатым ғой).

Тағы бір мысал келтірсек, *жал* – 1. Жылқының, құланның желкесіне қалың әрі ұзын болып өскен қыл; 2. Ауыс. Жалдың астына біткен май (жегені жал мен жая); 3. Тау салаларының үстіңгі жақ қыры (аты жалда жайылып жүр); 4. Шөп шабылған кезде шабылмай қалған ұзынша жер (жал қалдырмай шап); 5. Жер жыртқанда жыртылмай қалмай ұзынша жер (жыртқан жерінде жал қалып қойыпты). 6. Термин. Гидротехникалық құрылыстардың (су қоймасының қазаншұңқырын, электр станцияларын) топырақпен қоршап жасалатын үйінді. Сөздің негізгі мағынасының негізінде метонимия тәсілі арқылы ауыс (2) мағына жасалған. Ал қалған туынды мағыналар негізгі мағынаға ұқсату негізінде (метафора) жасалған қосымша мағыналар.

Сөздің негізгі мағынасы белгілі бір шындыққа байланысты тарихи практиканың негізінде жасалады. Сөздің туынды қосымша мағыналары тілдік фактілердің негізінде ойлау қабілетіне сүйеніп қолданудан кейін шығады. Өмірде танылған әрбір ұғым жаңа атауға ие болуы тиіс. Алғашында бұл ұғым бір сөзбен аталған болса, кейіннен әлденеше ұғымды білдіру үшін жұмсалады.

2.1 Метафора - сыртқы не ішкі белгілеріндегі ұқсастыққа қарап, бір зат атауының екінші бір затқа атау болуына байланысты сөз мағынасының ауысуы болып табылады.

Қолдану сипатына байланысты метафора үшке бөлінеді: тілдік (дәстүрлі) метафора, поэтикалық метафора және окказионалды метафора.

Тілдік метафора сөзге жаңа мағына қосып, оның семантикалық аясын кеңейтіп, үздіксіз даму үстінде болады. Метафора негізінен мынадай ұқсастықтар бойынша жасалады:

1. Түр-тұлғасы ұқсастықтарына қарай: адамның беті - судың беті, таудың күңгей беті, адамның құлағы - қазанның құлағы, домбыраның құлағы;
2. Қимыл ұқсастығы: күн күлімдеді, жұлдыздар жымыңдады;
3. Сапа ұқсастығы: мөлдір бұлақ - мөлдір махаббат, ащы пияз - ащы өмір;
4. Мінез-құлық ұқсастығы: түлкі «айлакер, қу», аю «икемсіз» т.б.

Жұғу сөзінің лексикалық мағынасы «бір заттың екінші затқа жабысуы» (үстіме күйе жұқты) қимыл ұқсастығы негізінде аурудың біреуін біреуге тарауын, мінез-құлқы, өнері, қылығының өзге бір адам бойынан табылуына орай «жұққан екен» дейді. Егер балапан деп құстың баласын (зат есім) танысақ, осы сөздің метафоралық ауыс мағынасы сындық мағынада жұмсалады. Мысалы: балапан қарағайлар.

Ұқсату заңының негізінде бір сөз арқылы бірнеше ұғымды танып білуге болады. Қалың - сапалық ұғым, ерекше белгілері - қалың нәрсенің жуан болатындығы; әрі тығыз, жиі орналасуы сияқты ерекшеліктердің әрқайсысы сөйлеу үстінде жеке-жеке мағынаға ие болады: қалың шөп (бітік, тығыз); қалың жұрт (көп, мол), қалың ерінді кісі - жуан, толық. Метафораның негізінде туған ауыс мағына сөздік мағынаға еніп, сөздің туынды мағыналарының қатарында қалады.

Ақын-жазушылардың, танымал қаламгерлердің шығармаларында кездесетін әсерлі сөз өрнектерін

поэтикалық метафора деп атайды. Егер тілдік метафора жалпыхалықтық сипат алса, поэтикалық метафораны қоғамдық ақпарат қызметкерлері, көркем әдебиет қызметкерлері қалыптастырады. Мысалы: кара алтын – көмір, сары алтын – бидай, ақ алтын – мақта, түйе – шөл кемесі, комбайн – жер кемесі т.т.

Поэтикалық метафораның бір түрі **оказионалды метафора** болып табылады. Көркем сөз шеберлері метафоралық сөз қолданысының мынадай амал-тәсілдерін қолданады:

1. Жанды заттың қасиетін жансыз затқа, немесе керісінше жансыз заттың қасиетін жандыға балайды;
2. жанды заттардың біреуінің қасиетін екіншісіне ауыстырып айтады;
3. жансыз заттардың біреуіндегі ерекшелікті басқасына ауыстырып айтады (5,204).

Абайдың қолданысындағы *асау жүрек, талаптың мініп тұлпарын, көңіл құсы* сияқты қолданыстары метафораның осы түріне мысал болады.

2.2 Метонимия . Өзара іргелес, шектес бір зат атауының басқа бір затқа атау болуына байланысты туатын ауыспалы мағынасы метонимия болып табылады. Метонимиялар мынадай іргелестік, шектестік негізінде жасалады:

- 1) қимыл, әрекет пен оның нәтижесінің шектестігі: бояу, егеу, сайлау, жайлау, ою, жабу т.б.;
- 2) зат пен оның ішкі мазмұнының шектестігі: шәйнек қайнады, қазан асты;
- 3) материал мен одан жасалған заттың шектестігі, алмас – қатты, асыл металл, өткір қару ретінде *қылыш* мағынасын береді. Сол сияқты, хрусталь, форфор – материал атауы және сол материалдан өндірілетін бұйымдар атауы. Құндыз - өзен-көлде тіршілік ететін аң және аңның бағалы терісін айтамыз;

4) сапалық сын есімдер мен олардың заттанған мағыналарының байланыстылығы: қара - түс, қарайып тұрған нәрсе; арамдық, зұлымдық; қара жамылды; ірі қара мал т.б. Сол сияқты, ақ, қызыл, көк (түс, аспан, шөп) түстерін айтуға болады;

5) автор мен оның шығармасының, шығарма аты мен оның ішкі мазмұнының байланыстылығы: Құрманғазыны тартты, Абайды оқыды деген тіркестерден олардың шығармаларының тартылғаны және оқылғаны белгілі болады;

6) іргелес заттық ұғымдардың шектестігі: алтыбақан - ұлттық атау, ойын; үкі - құс, мамық, үлпілдек қауырсын;

7) жалқы есімдердің бір-бірімен шектестігі: Абылай хан мен Төле бидің қиылысқан жерінде «Балалар әлемі» орналасқан. Абай (аудан) қайдасың деп тартып кеттік;

8) жалқы есімдердің жалпы есімге айналып, дербес мағыналы сөз ретінде қолданысқа түсуі: Алдар көсе - «айлакер, қу», Мырқымбай - «кім көрінген жай адам» ұғымын, Асан қайғы - «уайымшыл», Шық бермес Шығайбай «сараң» деген ұғымдарды аңғартады;

9) кейбір заттар мен бұйымдар алғаш рет қай жерде өндірілсе, сол жердің атымен аталады: қаракөл (елтірі) Бұқардағы Қаркөл аяқбабының аты; шампан (ішімдік) - Париж қаласының маңындағы провинцияның атауы;

10) кейде жалқы есімдер, оның ішінде, кісі аттары метонимияға айналады. Мысалы, макинтош - осы киімнің түрін шығарған кісі есімі; маузер, наган (әскери қару); френч, галифе (әскери киім) осы аттас генералдардың есімімен аталып, терминге айналған (6, 81-83).

2.3 Синекдоха. Сөздерді ауыстырып, қолдану арқылы көп мағыналы сөздер тудырудың бір тәсілі - синекдоха. Зат пен құбылыстың іргелес, шектес келіп, бір атауға ортақтасып ауысып қолданылуы жағынан синекдоха метонимияға жақын тұрады. Мұндағы басты белгі - бүтіннің орнына бөлшекті, жалпының орнына жалқыны,

немесе керісінше алмасып айтылады. Мысалы: ақ жаулық, орамал тартқандар; бөрік кигендер.

Бүтіннің бөлшегі ретінде қолданылатын сөздер де бірнеше контексте жұмсала келіп, полисемияға айналатындары болады. Мәселен, тұяқ деген сөзден синекдоха тәсілімен ауысып қолдану арқылы мынадай мағыналар пайда болған:

1. Ұсақ мал, қой, ешкі деген мағына;

2. Малдың жалпы есебі;

3. Ұрпақ, тұқым, бала;

Көз – 1) туған, туысқан, ет жақын;

2) Тұқым, ұрпақ;

3) Не нәрсенің нақ өзі, өз басы;

4) Жалпы көпшілік адамдар.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Сағындықұлы Б. Қазіргі қазақ тілі. Лексикология. I – бөлім. – Алматы, 2003.
2. Қалиев Б. Жылқыбаева А. Сөз мағыналарының негіздері. – Алматы, 2002.
3. Сабыр М. Орта түркі тілі лексикасы мен қазақ тілі лексикасының сабақтастығы (XIV ғасыр жазба ескерткіштері негізінде). – Алматы, 2004.
4. Барлыбаев Р. Қазақ тілінде сөз мағынасының кеңеюі мен тарылуы. – Алматы, 1968.
5. Болғанбаев Ә. Қазақ тіліндегі синонимдер. – Алматы, 1970.
6. Реформатский А.А. Введение в языковедение. – М., 1967.

Тақырып бойынша орындалатын тапсырмалар:

1. Сөз және мағына. Сөз мағынасының түрлері. Қазақ тіл білімінде сөз мағынасының зерттелу жайы.
2. Барлыбаев Р. Қазақ тілінде сөз мағынасының кеңеюі мен тарылуы (конспект).
3. БАҚ-ы тілінен, әдеби тілден сөздің мағыналық аясының кеңеюі мен тарылуына байланысты мысалдар теріп

жазып келу. Сөз мағынасы дамуындағы өзгерістерді түсіндіру.

4. Сөз мағынасының ауысуы: метафоралық, метонимиялық және синекдохалық тәсіл; қызмет бірлігі бойынша ауысу тәсілі.

5. Сөздің көпмағыналылығы, олардың жасалу жолдары.

Лабораториялық жұмыстар

1. Сөз мағынасының кеңеюі.

Бет, шымылдық, парыз, желі, дәулет, құрылыс, күрес, жарыс сөздерінің мағынасының кеңеюін дәлелдеп, мысал жазыңыздар.

Үлгі: Шымылдық –

1. Төсек тұсын жауып қоятын матадан тігілген қалқан.

Мысалы: Шағи шымылдық суылдап әлде кім төсектен түскендей болды да, қыңқылдап жатқан балаларға беттегені көлеңдеді.

2. Театр сахнасын жауып қоятын матадан тігілген қалқан. Мысалы:

3. Шымылдыңғың желбіреп тұр ма? (диал.) – «қайда асығасың?» Мысалы:

4. Шымылдық байлар (этнографиялық атау) – құда-құдағилардан алынатын кәде. Мысалы:

Мұндағы түпкі (1) мағынаның негізінде жасалған туынды мағына – 2-мағына, 3,4 – мағыналар келтірінді мағына болып табылады.

Айдар – 1. (этнограф). Баланың төбесіне қойылатын бір шоқ ұзын шаш. Мысалы:

2. Құстың төбесіне өсетін жұмсақ қызыл ет. Мысалы: Тауқұдіреттің маңдайында айдары бар (С. Рахимов).

3. Газет-журналдарда бір тақырып төңірегінде ұдайы беріліп тұратын бағдарламалардың аты. Мысалы:

4. Айдар тақты – а) жіп тағып иеленді;

ә) біреуді біреу дәріптеді.

5. Айдарынан жел есті - а) уайым-қайғысыз шалқып өмір сүрді;

ә) көкірегіне нан пісті, асқақтау.

Мұндағы негізгі мағынаның (1,2) әсерімен туынды мағына (3) және ауыс мағыналар (4,5) жасалған.

2. Сөз мағынасының тарылуы.

Төменде берілген сөздердің мағыналарының дерексіздіктен деректіге, жалпылықтан нақтылыққа өту процесін сипаттап жазыңыз (**қараңыз - Лекция № 3**): тон, киік, тары, жылқы, алды, арты, асты, өйткені, сөйткені, таман, туралы, соң.

3. Мына сөздерден қандай көп мағыналы сөздер туындайды?

жыл басы –

оң қанат -

қою айран -

жуан қарағай -

үш түп ағаш -

ажыратып оқу -

арқан есу -

малды қайыр - ...

таяз көл -

өткір қайшы -

ондық шам -

ыстық нан

ащы тұз -

зауыттың қуаты -

аулына жетті -

ашық аспан -

4. Мына сөздердің тура мағынасын жазыңыз:

1. өткір ой, өткір мінез, өткір....

2. қалың қол, қалың ел, қалың....

3. қызыл тіл, қызыл кітап, қызыл ...

4. қоңыр дауыс, қоңыр жел, қоңыр

5. жұмсақ сөз, жұмсақ мінез, жұмсақ

6. асау жүрек, асау мінез, асау

5. Сөздерді ауыспалы мағынада қолданып тіркес жасандар: ауыр, қиын, ыстық, дастарқан, жүрек, қисық, теріс, құлақ, терең, таяз, жуан, сұйық, мұз.

6. Берілген мәтіннен ауыс мағынада тұрған сөздерді тауып, ауыспалы мағынаның жасалу жолдарына қарай ажыратыңыз:

Үлгі: а) Жыласуға көз жақсы, сыйласуға жат жақсы. Көз – синекдохалы қолданыс. Бүтіннің бөлшегі ретінде «туған-туыс, жақын» деген мағынаны білдіреді.

ә) Дәл осы жерде екі әйелдің жүрегі де домбыраның екі ішегіндей екі түрлі бұралса да бір күйге келіп, бір күйге қосылып тұр еді. Ішек – метонимиялы қолданыс. Метонимия заңы бойынша, қойдың ішегінен жасалған домбыраның ішегін «ішек» деп атайды. Метонимия негізінде туған мағына сөздің сөздіктегі мағыналық мазмұнына еніп, орнығып кеткен.

б) **Тынымсыз жүрек таңғы тәтті ұйқыны** Рысқұловтан тартып алды. **Мәселенің төркіні** әріде жатыр. Тынымсыз жүрек, тәтті ұйқы, мәселенің төркіні – метафоралы қолданыстар.

Тынымсыз жүрек – қимыл ұқсастығына негізделген окказионалды (жеке авторлық қолданыстағы) метафора.

Тәтті ұйқы – сапа ұқсастығына негізделген поэтикалық метафора.

Мәселенің төркіні - тілдік метафора (туынды мағына)

Тынымсыз жүрек таңғы тәтті ұйқыны Рысқұловтан тартып алды. Мәселенің төркіні әріде жатыр. Т.Рысқұлов ақылдылығымен қоса, аса ірі де бай мінездің адамы. Әлденеден сұм жүрек сескенеді, Аракідік әлде не ес

береді; Әппақ нұрмен шомылтып айналаны, Ақ сәулемен айдынның ойнағы (М.Мақатаев). Улы жүрек, долы тіл сөйлеп отыр, Ыза қысып, тісімді байлаулымын; Қайсыбірі қайғы айтып, Үміттің үйін құлатты (Шәкәрім). Дәл осы жерде екі әйелдің жүрегі де домбыраның екі ішегіндей екі түрлі бұралса да бір күйге келіп, бір күйге қосылып тұр еді; Шашын жайып жіберген ақ қайындар жазықсыз қираған қарағай бауырын жоқтап, ақырын ғана сыңсып, жылап тұрғандай. Қаланың оң бүйірінде күміс теңгедей болып жарқырап жататын сұлу көлге төніп тұратын бақшаның да дал-далы шығыпты. Ерсілі-қарсылы көсіле құлаған ақ теректердің күміс жапырақтары әлі дір қағып тұр. Жайған алақандай жалпақ жапырақтарымен уыс-уыс қар уыстаған бір шоқ емен ағаштар кәрі қабағын кешпес кек, қайтпас ызғармен түйіп алыпты (Ғ.Мүсірепов). Апам Алтайдың арғы бетіндегі Керей елінің қызы. Әкесі аса бай болған, текті тұқымның тұяғы. Оянғанымда апамдар шай ішіп отыр екен. Жалғыз үйлі шалдың өмір тарихы жеке бір кітаптың жүгі. Неге екенін білмеймін үйге келген соң да баяғыдай аяғымның басын қайқайтып жатып алмай, тағат таппай Апамның үйіне қарай құстай ұштым. Кірме деген үлкендер сөзін тыңдамай жанына тізерлей отыра кеттім де құдіретті саусақтарын ұстадым. Сонау етекте асықтай шашылып жатқан ауылда Құмекеннің де көкке мойнын созған жылбысқы түтіні бар. Аппақ қар жанарын жеп, жасаурата берген соң былш еткізіп бір түкіреді де, атына қайта мінеді (О.Бөкей). Дүниедегі ең жаман нәрсе – жүрегінді жастай жаралау. Бір бітеу жара жарылмай сыздап, еңсенді еңсеріп басады да жүреді. Таңатар кімдердің қолынан қаза тапқанын білмейміз, біздің білетініміз – арманы асау азаматтың қыршын өмірін қиған қандай ғана қара жүрек екен, қандай ғана қатыгез ит екен; кейін білдік, жол торыған қашқын қазақтар Таңатарды өлтіріп атын алыпты, сол түні әкем арманда кеткен арыстың сүйегін арулап қойып, өзі кері елге қайтты; сол

күннен бастап мынау жер Таңатар тасы атанды (О.Бөкей). Қапелімде не болғанын білмей сілейген Кербұғы басын оқыс көтергенде мейіздей қатқан қара қасқа атты үсті-үстіне сабалап, құстай ұшып келе жатқан қауға сақалдыны көрді. Әлгінде ғана мейірім тілеп жаудыраған екі көз әпсәтте қанталап, ақиып шығып кетті. Еркіндіктің еркін желімен жарысып, ой мен қырдың ара-жігін ажыратпай, бұла боп өскен бұғы дәл қазір өмірдегі жамандық пен жақсылықтың уланған бастауынан дәм татты. Сонсоң ішін өртеген бар қайғысын, бар өкініш-арманын, жалпы адам атаулыға, тек солар ғана керегіне жаратар от пен оққа деген ашу-ызасын, ағыл-тегіл ақтарар. Өмір отын өшірмей үрлеп, көрігін басып тұрған құдіретті күшті адамдар әне, гүр-гүр вертолетке мініп ұшып барады. Емін еркін баз кешкен бұғы-маралдар құрықты қолды білмей, табиғат сыйға тартқан жас құрақ, жасыл жайлау төсінде шөптің сонысын, судың тазасын таңдап бір қиырдан бір қиырға, көңіл шіркін қалаған жаққа жосып, мамырдың барқыт түніне оранып, қаперсіз жусайтын. Кейде толған айдың жақұт нұрына еркелей жусап жатқан мың миллион тұз тағысы жер қайысқан қалың қолды елестетер, сонсоң таң сарғая тау жазирасын қақ жарып, жұбын жазбастан өрер: өре түрегеліп, өре жөнелген Алтай еркелері ағаш-ағаштын, шоқы-шоқының басында байланып тұрған ақша бұлттарға сіңіп, мәңгілік көзден ғайып болардай еді (О.Бөкей. Кербұғы). Ақ дала сұлқ түсіп, монтиып жатыр. Тыптыныш мүлгіп жатқан алуан өмірде, алып дүниеде қаптаған тіршілік бар. Ендеше даланың тыныш жатқаны бекер болды ғой (Б.Тілегенов). Бар дүние күн көзіне елітіп, көк майсаға бөленіп, жайнап тұр. Қастердің көңіліндегі күншуақ бұдан да керемет. Жеркепенің сықсифан терезесінен түскен сәуленің өзі үй ішінің қоңырқай тірлігін әйгілейді (Б.Әдетов).

Лекция № 4

Сөздің лексикалық мағынасының негізгі түрлері

1. Сөздің атауыш мағынасы: тура мағына, ауыспалы мағына, меңзеу мағына
2. Сөздің шығу тегіне байланысты туған лексикалық мағыналары: түпкі мағына, туынды мағына, синонимдік, омонимдік және антонимдік мағыналар.
3. Сөздің тіркесу сипатына байланысты туған лексикалық мағыналары: еркін мағына, фразеологиялық байлаулы мағына, синтаксистік шартты мағына.
4. Сөздің стилистикалық қызметіне байланысты туған лексикалық мағыналары: бейтарап мағына, бейнелі мағына, терминдік мағына және кәсіби мағына.

1. Кеңес тіл білімінде 1950 жылдардан бастап сөз мағынасын топтастыруда В.В.Виноградов ұсынған классификация негізге алынды. В.В.Виноградов сөздің лексикалық мағыналарын үш типке бөліп көрсетеді: 1) тура немесе номинативті мағына; 2) фразеологиялық байлаулы мағына; 3) синтаксистік шартты мағына. В. В. Виноградовтың сөз мағыналары және оларды топтастыру туралы пікірі қазақ тіл білімінде қолдау тауып отырды. Сөздің лексикалық мағынасының типтерін анықтауда сөз мағыналарының шындық болмыстағы заттар мен құбылыстарға қатыстылығы дегеннен басқа да белгілері бар екені зерттеу тәжірибесінде көрініп жүр. Мәселен, Н. М. Шанский сөздің лексикалық мағынасының қалыптасуын оның ұғымды білдіру сипаты мен белгілі бір лексика-грамматикалық топтарға қатыстылығымен байланыстырып қарайды. М. И. Фомина лексикалық

мағыналардың типологиясын ұғымдық-заттық қатынастан басқа сөздердің бір-бірімен байланыстылығы, мағыналардың уәжділігі, қалыптасуының тарихи себептері және сөз мағыналарының атқаратын қызметі (номинативті, экспрессивті-семантикалық) тұрғысынан қарастырады. Дегенмен сөз мағыналарын топтастыруда ұстанатын ең негізгі белгілердің бірі – сөз мағыналарының шындық болмыстағы объектілерге қатыстылығы. Лексикалық мағынаға заттар мен құбылыстарды білдіретін толық мағыналы атаулар ие болады. Бұлардың ең маңызды қасиеті – заттар мен құбылыстарды, іс-әрекетті олардың белгілерін атап білдіретіндігінде. Сол себепті, бұлар лексикологияның зерттеу объектісіне жатады. Ал шылау, одағай, көмекші сөздер, модаль сөздер шындық болмыстағы зат, құбылыстарға тікелей қатысты болмағандықтан, грамматикада зерттеледі.

Осындай әр түрлі лексика-грамматикалық сипатта көрінетін қазақ сөздерінің лексикалық мағыналары да әр қилы болып келеді. Олардың шындық өмірдегі заттар мен құбылыстарды білдіруі жағынан, бір-бірімен байланысы жағынан бірыңғай емес.

Сөздің лексикалық мағыналарын топтастыру үш түрлі қатынасқа негізделеді: 1) логикалық-заттық байланыс; 2) сөздердің бір-біріне қатынасы; 3) мағыналардың уәжделу дәрежесі (2,42 б). Ғалым М.И.Фомина лексикалық мағыналардың мынадай топтамасын жасайды:

1. Сөздердің шындық болмысқа қатыстылығына қарай пайда болған мағыналары.

Сөздің атауыш мағынасы (тура мағына) - заттар мен құбылыстарға, олардың белгілеріне қатыстылығымен пайда болған. Сөздің затты не құбылысты атап білдіретін мағынасы **атауыш мағына** деп аталады. Атауыш мағына әр заттың дербес мағынасы болып келеді, сол арқылы біз заттарды бір-бірінен айыра білеміз. Мысалы: қалам, алма,

ағаш, тау және т.б. Мұндағы заттық ұғымдар жеке-жеке аталып, бірден атауыштық мағынаға ие болып тұр.

Бұл мағына зат пен құбылысқа тікелей бағытталғандықтан, тура мағына деп аталады. Тура мағына зат пен құбылыстың қазіргі кездегі тұрақты, негізгі мағынасы болып саналады.

Есімдік сөздердің мағынасы меңзеу мағына деп танылады. өйткені ол тек мағыналы сөздердің орнына жұмсалып, оларды алмастырып меңзеп тұрады.

Сөз мағынасына талдау жасағанда әрдайым оның тура мағынасынан бастаймыз. Мысалы, түсіндірме сөздікте *мін* сөзінің 1. кем-кетік, кінәрат, ақау; 2. көлікке отыру негізгі мағыналарынан бастап, тұрақты тіркес құрамындағы мағынасы – «мін жоқ, мін тақты, мінін бетіне басты» беріледі.

Сөз мағынасы дамып, жетіліп отыратын құбылыс. Сөз әрқашан тура мағынада бола бермейді, сөздің атауыштық мағынасының негізінде туып өрбіген, бір тілде сөйлейтін адамдарға түсінікті ауыс мағыналары болады.

Тіліміздегі сөздердің бәрі бірдей бір атауыш лексикалық мағынаны білдіріп қоймайды. Олардың ішінде бірнеше атауыштық мағынаға ие болатын сөздер де бар: көз, құлақ, аяқ, бет және т.б. Сол сияқты бу сөзін алсақ, «сұйық заттың жылып, қызуынан пайда болатын тұман тәрізденген зат», «бір нәрсені қатты қысып байлау» деген мағынаны білдіреді, ауыспалы атауыш мағынасы - «бір нәрсенің желігі, әсері; маза бермеу, тыныш таптырмау», ал «буға семірді, ыза буды» дегендегі бу сөзі поэтикалық мағынада қоладынылып тұр. Ал поэтикалық мағына - халықтық тілде бір-бірімен қиыспайтын сөздерден жаңа тіркестер жасау, сөздің үйреншікті мағынасын бейнелеп, поэтикалық көтеріңкі сипатта қолдану. Сөздің ауыс мағынасы бір заттың негізгі атауыш мағынасын басқа бір затқа атау етіп ауыстырып қолданудан туады. Бұған бір затты не оның белгілерін басқа бір затпен салыстыру,

ұқсату себеп болады. Сөздің ауыс мағынасында оның тура мағынасы әрдайым сезіліп тұрады. Ал сөздің ауыс мағынасы өз кезігінде көпмағыналы сөздердің тууына әсер етеді.

Көзбен көріп, қолмен ұстауға болатын нақты заттар мен құбылыстардың мағынасы деректі, ал түйсік сезімі арқылы ғана қабылданатын сөздердің мағынасы дерексіз мағына болып танылады (адамгершілік, ақыл, ой, уайым және т.б.).

2. Сөздің шығу тегіне байланысты туған лексикалық мағыналары.

Мұндай мағыналар қатарына сөздің түпкі мағынасы, туынды мағынасы және синонимдік, омонимдік, антонимдік мағыналар жатады.

Түпкі мағына деп тілдің қазіргі қалпы тұрғысынан қарағанда ары қарай бөлшектеуге келмейтін түбір ретінде танылатын дербес сөздердің мағынасын айтамыз. Түпкі мағыналардың пайда болу себебі көп жағдайда белгісіз болып келеді (күн, таң, жаңбыр, өзен, бар, кел). Қырғыз тіл білімінің маманы Б.М.Юнусалиев ұйқы сөзі осы мағынаны білдіретін етістік түбіріне –қы өлі жұрнағының қосылу арқылы пайда болған, ал атқару сөзі «атқа мінгізу» салтын білдіретін «ат-қар» сөзінен шыққан дейді.

Туынды мағына – басқа бір мағынаның қатысымен туған, пайда болу уәжін түсіндіруге болатын сөздің кейінгі мағынасы болып табылады. Сол себепті туынды мағына сөзжасам процесімен тікелей байланысты. Туынды мағына өзін тудырған сөздің алғашқы мағынасымен семантикалық байланысын үзбейді. Мысалы, бу деген түбірден була, булағыш, буландырғыш, булы, булық деген сөздер туындаған.

Тілдің қазіргі қалпы тұрғысынан алғанда, түбір негіз деп жүрген сөздеріміздің ішінде тарихи туынды болып табылатын сөздер аз емес. Мұны көне түркі жазбалар тілі дәлелдейді. Мысалы, Б.М.Юнусалиев етістік үйір мен зат

есім үйірдің тегі көне түркілік үй - өг тұлғасы деп қарайды, көне ұйғыр тілінде өк —«жию» мәнінде, өгүр — «үйір, табын» мағынасында болған. Сол сияқты қабырға сөзі қабыр етістігінен, қабыр — ұстау, жармасу мәніндегі «қап» сөзінен шыққан деп түсіндіреді. Туынды мағыналардың уәжі уақыт өте келе көмескіленіп, жойылады, сөйтіп негізгі мағыналармен теңеледі. Мұндай сөздердің туынды екенін тек этимологиялық талдау жасау арқылы ғана айқындауға болады.

Лексикалық құрамның толығып, сөздің ішкі мағынасының дамып отыруына байланысты туған синонимдік, омонимдік, антонимдік мағыналар да лексикалық мағыналардың түрлеріне жатады. **Синонимдік мағына** - екі не одан да көп әр түрлі сөз мағыналарының бір-біріне жақындығынан туған (ес-ақыл, жынды — нақұрыс, делқұлы - есалаң); **омонимдік мағына** - іштей мағыналық байланысы жоқ бірнеше сөздің бір тұлғада көріуіне бақыр (шелек) - бақыр (ұас ақша), от (жалын) — от (жердің шөбі); **антонимдік мағына** - бір деңгейдегі әр түрлі сөз мағыналарының бір-біріне кереғарлығынан туған мағына (келу — кету, қатты - жұмсақ).

3. Сөздің тіркесу сипатына байланысты туған лексикалық мағыналары.

Сөздің еркін мағынасы оның атауыш мағынасының негізінде пайда болады. Сөз өзінің тек атауыштық мағынасында қолданыла бермейді. Атауыш мағынадағы сөздер шындық өмірдегі заттар мен құбылыстарды білдіретін басқа сөздермен еркін қарым-қатынасқа түсіп, олармен тіркесіп отырады. Атауыш мағынадағы сөздердің мұндай қарым-қатынасы белгілі бір сөздермен ғана шектелмейді, әр түрлі топтағы сөздерді де қамтып, олармен тіркесімділігін қамтып отырады. Атауыш мағынадағы сөздердің басқа сөздермен тіркесімділігі кең болған жағдайда туатын мағынасы **еркін мағына** деп аталады. Мысалы: жас адам, жас ағаш, жас бала, жас ет;

Сөздің тура мағынада басқа сөздермен қарым-қатынасқа түсу мүмкіндігі мол болғанымен, сөз кез келген сөзбен байланысқа түсе бермейді. Демек, сөздің басқа сөздермен тіркесімділігі тек заттық-логикалық қана емес, лексика-семантикалық ішкі заңдылықтармен де байланысты.

Фразеологиялық байлаулы мағына деп – сөздің белгілі ғана сөздермен тіркесу арқылы, яғни фразеологиялық тіркестерде берілетін лексикалық мағынасы. Байлаулы мағынадағы сөздер шындық болмыстағы заттармен тікелей емес, жанама түрде байланысады. Мысалы: қасқа сөзі малдың маңдайында болатын, ұзынша келген ақ түсті жолақ деген мағынада айтылса, тұрақты тіркестің құрамында қасқа бас - маңдай шашы жоқ адам; қасқа тіс – малдың алдыңғы төрт тісі деген мағынаны білдіреді. Сол сияқты қасқа жол, қасқа бұлақ деген тұрақты тіркес құрамында ауыспалы мағынанға ие болады.

Синтаксистік шартты мағына - сөздер сөйлеу үстінде, сөйлем ішінде, контексте қолданылу жүйесіне қарай өзіне дағдылы емес үстеме мағына жамауы. Мысалы: жемқор – өңеш, құлқын; аю – арбиған, ебедейсіз; құдық - мешкей, жалмауыз деген ұғымды білдіреді. Сөздік құрамындағы кез келген сөздің фразеологиялық байлаулы мағынасы немесе синтаксистік шартты мағынасы бола бермейді. Номинативті мағынаға ие болатын атауыш сөздердің көбіне-көп жұмсалу қабілеті күшті болады. Әсіресе зат есім, сын есім, етістік сөздер тура мағынада да, бұрма мағынада да тілде белсенді қызмет атқарады. Мұндай сөздердің көпшілігі өзінің тура мағынасының үстіне қосымша мағыналар үстеп алған. Мысалы: түнеру (ренжу, кею), шатынау (көзі шарасынан шығып ашулану), соқыр (надан, топас), сору (аяусыз қанау) және т.б.

4.Сөздің стилистикалық қызметіне байланысты туған лексикалық мағыналары: сөздің бейтарап мағынасы, бейнелі мағыналары, кәсіби-терминдік мағыналары жатады. Бейтарап мағына – зат, құбылыстар мен сапалық

белгілерді, әрекет-қимылды атап білдіретін жалпылама лексикаға тән. Мысалы: құстың қанаты, ұқсату заңы негізінде пайда болған ұшақтың қанаты десек те атауыштық мағынаға ие болып тұр, ал ұшарға қанатым жоқ, қанатты сөздер дегенде қанат сөзінде бейнелі мағына бар.

Бейнелі мағына - адамның сезімі мен көңіл күйіне байланысты айтылатын эмоционалды сөздердің мағыналары жатады. Олар стилистикалық бояма мағына деп те аталады. Мысалы: тамаша, шіркін, қалш-қалш, шілтию, тылтию, жалпию және т.б.

Терминдік мағына - ғылым, техника, өнер саласында қолданылатын арнаулы сөздердің лексикалық мағынасы. Терминдік мағына ғылым, техника, өнер саласындағы «таза» ұғымдармен сәйкес келіп, соларды білдірумен шектеледі. Әр терминге тән дара және тұрақты мағына болып табылады. Мысалы: күмбез (терминдік мағына) – «биіктігі жүздеген метрден мыңдаған метрге дейін жететін, көміліп қалған не қазіргі вулкан конусы». Ал лексикалық мағынасы «үлкен құрылыстың әшекейленген шаңырақ тәрізді төбесі, мұнара» Екі мағынаның арасындағы семалық белгілердің ұқсастықтары (сыртқы форма ұқсастығы) негізінде бір лексема екі түрлі ұғымды иемденіп тұр.

Сөздердің стилистикалық қызметінен туатын мағыналарына көркем әдебиеттегі поэтикалық мағына ұштасып жатады. Халықтық тілде бір-бірімен қиыспайтын сөздерден жаңа тіркетер, сөздің үйреншікті мағынасын бейнелеп, поэтикалық көтеріңкі сипатта қолдану көркем әдебиетте жиі кездеседі. Содан барып поэтикалық мағына қалыптасады. Поэтикалық мағына – троп, фигуралардың түрлері сияқты поэтикалық тәсілдерді олданду арқылы сөздің айрықша көтеріңкі айтылуынан туатын мағынасы. Мысалы: ине шаншар жер болмау, аспанды алақандай,

жерді тебіңгідей ету, қабағынан қар жауып, кірпігіне мұз қатып және т.б.

Қазақ тіліндегі сөздердің лексикалық мағыналарының типтік топтары төрт негізгі белгілеріне қарай топтастырамыз:

- 1) сөздердің шындық болмысқа қатыстылығы;
- 2) сөздердің шығу тарихы;
- 3) сөздердің тіркесімділігі;
- 4) сөздердің стилистикалық қызметі.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қалиев Ғ. Болғанбаев Ә. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. –Алматы, 2003.
2. Сағындықұлы Б. Қазіргі қазақ тілі. Лексикология. I – бөлім. –Алматы, 2003.
3. Қалиев Б. Жылқыбаева А. Сөз мағыналарының негіздері. –Алматы, 2002.

Тақырып бойынша орындалатын тапсырмалар:

1. Қазақ тіліндегі сөздердің лексикалық мағыналарының түрлері сөздің қандай белгілеріне сай топтастырылады?
2. Сөздің негізгі және туынды мағыналары. Лексикалық талдау.
3. Сөздің тура және ауыспалы мағыналары. Лексика-семантикалық талдау.
4. Сөздің еркін және фразеологиялық байлаулы мағыналары. Лексика-семантикалық талдау.
5. Синтаксистік шартты мағына, узуалды және окказионалды мағына. Көркем шығарма тілінен алынған мысалдар негізінде лексикалық талдау жасау.

Лабораториялық жұмыстар

1) Берілген сөздердің атауыштық мағынасын жазып, еркін және тұрақты мағынада қолданыңыз: тіл, қабақ, қызыл, қара, сары, бояу, қанат, шыбын, жұмбақ, қол.

Үлгі: Ақ – сүттің, қардың түсіндей аппақ түс. Мысалы: ақ шаш, ақ мата, ақ бояу, ақ қағаз, ақ отау, ақ тамақ «сұлулық пен әдемілік бейнесі» (түс мағынасында емес, фразеологиялық байлаулы мағына).

2) Берілген сөздерден фразеологиялық байлаулы мағына жасаңыз: су, қасқа, ата, қас, қысыр, тас, шырт, оймақ.

Үлгі: а) су құю, су тасу, су төгу – еркін мағына;

ә) су жорға, су жаңа – «өте, тіпті» мағынасын беретін фразеологиялық байлаулы мағына

3) Берілген мәтіннен белгілі бір синтаксистік құрылым негізінде туған синтаксистік шартты мағынаны табыңыз:

Атасы Нұрбектің тәтті ұйқысын бұзып, боз ала таңнан оятты. Жеркепенің сықсиган терезесінен түскен сәуленің өзі үй ішінің қоңырқай тірлігін әйгілейді (Б.Әдетов). Құлағын бұрап, жол соқты шылдырлап қалған домбырасының күйін келтірді (Ә.Кекілбаев). Бұл әлі ешкім айтпаған сауал, үлкен жұмбақтың шешуші кілті еді. Сұр жыландай суық сұрақ! (Ш.Мұртаза). Хан емессің қасқырсың, Қас албасты басқырсың (М.Өтемісұлы). Қолдан ұшқан ақ сұңқар, Қайтып келіп қонбайды. Кешегі өткен ер Әбіш, Артына қарай аһ ұрып, Замана неткен тар едің, Сол қалқамды қоймағын (Абай). Сақалын сатқан қариядан, еңбегін сатқан бала артық. Көп ауыз біріксе, бір ауыз жоқ болады (мақал). Мен өмірімде талай шыжықты

көрген адаммын. Біз жасарымызды жасап, енді таудан түсіп келе жатқын адамбыз. Артында қоңырауы бар (ауызекі сөйлеу). Сен - қабылан да, біз- арыстан, Алысқалы келгенбіз. Сен-темір де, біз -көмір, Еріткелі келгенбіз (Қазыбек би). Алтын ұяң – Отан қымбат, Құт-берекең – атаң қымбат. Асқар тауың - әкең қымбат, Туып-өскен елің қымбат (Қазыбек би). Ауыл әлі уыз ұйқысынан ояна қойған жоқ, иттердің басын басып кетсе де мыңқ етпейтін өлі тыныштық ұйыған (О.Бөкей).

3.1 Тапсырма: Көркем шығармалар тілінен контексте қолданылу жүйесіне сәйкес туындаған окказионалды мағынаға мысалдар жазу.

Лекция № 5

Лексикалық омонимдер, олардың түрлері. Лексикалық антонимдер, олардың түрлері, стилистикалық мәні.

1. Омонимдер туралы түсінік. Көп мағыналы сөздер мен омонимдердің жасалуындағы ерекшеліктер.
2. Лексикалық омонимнің жасалуы, түрлері. Лексикалық омонимдерге ұқсас тілдік құбылыстар.
3. Антоним сөздер, жасалу жолдары, түрлері және олардың стильдік қызметі.

1.Омонимдер. Көп мағыналы сөздер мен омонимдердің сыртқы формасы жағынан бір-біріне ұқсастығы бар. Бұл екеуінің ұқсастығы олардың тұлғасында емес, мағынасында жатыр. Көп мағыналы сөздердің екі я одан да көп мағынасы болады да әрі бір сөз табына қатысты болады. Көп мағыналы сөздердің бір негізден шыққандығын мағыналардың өзара жақындығынан, ұқсастығынан танып білуге болады. Мәселен, майда тас, майда шөп дегендерден ұсак, уак дегенді аңғарсақ, майда ұн, майда сөз, мінезі майда (жұмсақ, биязы) деген мағына аламыз. Яғни «майда» сөзінің кейінгі көрсетілген мағыналары метафоралық тәсіл арқылы жасалып, бір негізден жасалғаны айқын көрініп тұр.

Омонимдер деп біркелкі дыбысталып айтылатын, бірақ ұғымы басқа-басқа сөздер тобын айтамыз. Мұндай сөздер тобында мағына жағынан әр ұғымның өзара ұқсастығы, жақындығы сезілмейді. Керісінше бір-біріне кереғар екендігін байқауға болады. Мысалы: ен (бір нәрсенің кендігі, жалпақтығы; малдың құлағына тілініп, ойылып

салатын белгі; мол-байлық, ен дала, ен жайлау; ішіне кіру, өту), жал (кейбір хайуандардың желкесіне өскен қалың қыл; созылып жатқан биік қыраттың ең үстіңгі жақ қырпуы; жалданып істейтін жұмыс; төлем үшін пайдалануға берілетін орын).

2. Көп мағыналы сөздер омонимнің бір ғана түрімен байланысты. Сөз семантикалық жақтан үздіксіз дами келе, мағыналық шеңберін кеңейтіп, әр мағына бір-бірінен алшақтай береді. Келе-келе ол мағыналардың бір негізден шыққандығы мүлде ұмытылып, тұлғасы бірдей, бірақ мағыналары үйлеспейтін омоним сөздер сияқты дербес өмір сүреді. Міне, осындай шығу тегі, жасалу жолдары жағынан байланысы бар омонимдер ғана көп мағыналы сөздермен ұштасып, бір-бірінен ажыратарда қиындық туғызады. Мәселен, малдың көктемде қырқылатын жүнін жабағы; алты айдан асып, қысқа іліккен құлынды да жабағы дейді. Шығу тегін іздесек, бір байланысты табуға болады. Қазіргі таңда мұндай байланыс үзілген. Полисемантизмді омонимдерден ажыратудың бірден-бір жолы семантикалық байланыстың сақталуы мен сақталмауын негізгі тірек ету болып саналады. Егер мағыналар арасында қандай да бір семантикалық байланыс үзілмей, қалайда сақталып тұрса, онда мұндай мағыналар бір сөздің әр түрлі мағынасы ретінде қаралып, көп мағыналы сөз деп танылады. Егер мағыналарында ешқандай байланыс сезілмесе, онда омонимдер қатарынан орын алады. Осы уақытқа дейін *ай* сөзінің бірде көп мағыналы, бірде омоним ретінде танылуына бір сөз табына тән бірліктің «жердің табиғи серігі, аспан денесі; отыз күндік мерзім) мағыналарының әлі де болса тиянақталмағанын көрсетеді.

4. Қазақ тіліндегі омонимдердің жасалуының әлденеше амал-тәсілдері бар, солардың ішіндегі негізгі жолдары мыналар:

1. Тілдегі көп мағыналы сөздердің есебінен сөздің семантикалық жақтан дамуы арқылы келіп шыққан омонимдер. Бұл – тіліміздегі ең өнімді тәсіл. Омонимнің мұндай түрін лексикалық тәсіл арқылы жасалған омонимдер дейміз. Мысалы:

- Көк - 1. Заттың көгілдір түсі.
2. Түпсіз тұңғыық аспан әлемі.
3. Көгеріп шыққан өсімдік.

Қақ – 1. Шөл жерлердегі шұқанақтарға іркіліп қалған жауын-шашын суы.

2. Су қайнатқан ыдыстардың түбіне тұрып қалатын зат, шөгінді.

Құндақ: 1. Жаңа туған жас балаға арналған төсек-жабдық.

2. Мылтықтың ұңғысын орнататын іші қуысталған арнаулы ағаш.

2. Сөздердің фонетикалық өзгерістерге ұшырап, дыбыстық құрамы жағынан бірдейлесуі арқылы жасалған омонимдер. Қазақ тіліндегі атқа салатын ер сөзінің бастапқы дыбысталуы егер болса, «етік тігетін құрал» мағынасындағы сөз бігіз түрінде дыбысталған. Тілдің даму барысында сөз ортасындағы г дыбысының сусып түсіп қалуына байланысты *егер* сөзі ер, бігіз *біз* сөзіне ауысқан. Осылайша тілде бұрыннан бар ер (жау жүрек, батыр) және біз (есімдік) сөзімен тұлғалас сөздердің қатарын құраған. Қазақ тіліндегі *ас, қыс, бас, құс* деген сөздер туыстас түркі тілдерінің көпшілігінде «аш, қыш, баш, құш» болып айтылады. Тіл алды ш дыбысына аяқталған сөздердің варианты конвергенция құбылысының нәтижесінде пайда болған. Қазақ тілінде ш дыбысының с дыбысына айналуы жаңа омонимдік қатардың тууына негіз болған. Бұл сөздер заттық мәнде етістік сөздермен омонимдес болады. Бұдан фонетикалық өзгерістің негізінде жасалған омонимдердің тілімізде аз еместігін көреміз.

3. Аффикстер жалғану арқылы жасалған туынды омонимдер. Түбір сөзге әр түрлі қосымшалар қосылу нәтижесінде пайда болған омонимдер туынды омонимдер делінеді. Олар:

-ма, -ме, -па, -пе, -ба, -бе жұрнақтары арқылы жасалған омонимдер:

Айналма – 1. көшенің бұрылатын жері;
2. мал ауруы).

Баспа – 1. газет-журнал басып шығаратын орын;
2. тамақ ауруы.

-ыс, -іс, -с жұрнақтары арқылы жасалған омонимдер:

Атыс – 1. ұрыс, соғыс;
2. төбелесу, қырқысу.

Кіріс – 1. белгілі бір кәсіптен түсетін ақшалай я заттай табыс, түсім;
2. белгілі бір істі орындауға араласу.

-ық, -ік, -к, -к жұрнақтары арқылы жасалған омонимдер:

Ашық – 1. аузы жабылмаған, төбесі жоқ;
2. қарны ашу, ашығу.

Желік – 1. көңіл көтерушілік;
2. денеге бөртіп шыққан ұсақ-ұсақ бөрткен.

4. Өзге тілден ауысқан сөздердің қазақтың төл сөздерімен дыбысталуы бірдей болуының нәтижесінде пайда болған омонимдер.

а) Араб және қазақ сөздерінен жасалған омонимдер:

Қайрат (араб) – күш, жігер; пышақты қайрат.

Қыдыр (араб) – қыдыру.

ә) Парсы және қазақ сөздерінен жасалған омонимдер:

Көр – гөр, көру етістігімен байланысты.

Саз (лай, батпақ) – саз (музыкалық термин).

Жай (орын, мекен) – жай етістігімен тұлғалас.

б) Орыс және қазақ сөздерінен жасалған омонимдер:

Жарма – ярмо. Бұл сөз қазақтың жармалаған бидай, арпа дегендегі жарма сөзімен дыбысталуы жағынан бірдей келіп, омонимдік қатар құраған.

Көшір – кучер (атшы); көшіру етістігімен тұлғалас.

Болыс – волость (би, басшы); болысу етістігімен тұлғалас.

Дана (данышпан) – экземпляр (дана).

Қазақ тіліндегі омонимдер мағыналары мен формаларына қарай: **лексикалық, лексика-грамматикалық және аралас омонимдер** болып үшке жіктеледі. Лексикалық омонимдер тобындағы сөздер бір ғана сөз табына қатысты болады да, барлық жағдайда бірыңғай тұлғада айтылады. Мысалы: жалақ – 1. жемір мал; 2. жел қақты болып жалана бергеннен пайда болған еріндегі жара; 3. ащылы сортаң жер; 4. мед. қарын түгінің түсуінен пайда болатын кесел, язва.

Лексика-грамматикалық омонимдер тобындағы сөздер әр сөз табына қатысты болғандықтан, түбір тұлғасында омоним болады да, қалған уақытта әр сөз өзіне тән тұлғаларда түрленіп, өзгере береді. Мысалы:

Жүз – адамның бет-әлпеті;

Жүз – пышақ, ұстара т.б. заттардың өткір жағы;

Жүз – саяси-экономикалық термин (ұлы жүз, орта жүз, кіші жүз);

Жүз – тоқсан тоғыздан кейінгі сан;

Жүз – суда қозғалу, жылжу.

Аралас омонимдер - жоғарыда айтылған екі топтың қасиетін қамтиды.

Жақ – адамның, жан-жануардың қызыл иек пен тіс орналасқан бет сүйегінің төменгі бөлігі.

Жақ – белгілі бір тұс, тарап.

Жақ (көне) – кермесіне жебе салып тартатын садақ, жай.

Жақ – от жағу, тұтату.

Жақ – жұғып сіңетіндей етіп үйкелу.

Жақ – жақсы көріну, жағыну.

Жақ – біреуді қолдау, жақтау.

Жақ – заттың, нәрсенің жиегі, қыры.

Жақ – бір нәрсенің жай-жапсары, жөні.

Ақ – сүттің, қардың түсіндей аппақ тұс.

Ақ – шын, тура, ақиқат.

Ақ – судың өз арнасымен бірқалыпты жылжуы.

Ақ – күшейтпелі жалғау мағынасындағы демеулік.

Лексикалық омонимдерге ұқсас басқа тілдік құбылыстардың бірі – **омофондар**. Омофондар – айтылуы бірдей, бірақ жазылуы әр түрлі сөздер. Мысалы: көнбе – көмбе, тұзшы – тұщы, ашы – ащы болып айтылады. Болады сөзі – болат болып естіліп, болат деген қатты, асыл металл болып айтылады.

Омонимге ұқсас құбылыстардың енді бір түрі – **омографтар**. Омограф дегеніміз жазылуы бірдей болғанымен, айтылуы бірдей емес сөздер. Мысалы: алма және алма (болымсыз етістік), салма, көрме, көрші сөздерінің арақатынасы да осындай. Омофондар мен омографтар белгілі бір контексте, өлең сөздерде ой ойнақылығын туғызады. Мысалы:

Менің атым қой,

Қойшыңды таңдап қой,

Қойшыңды таңдап қоймасан,

Қой жинауыңды қой .

5. Қазіргі қазақ тілі сөздік құрамындағы сөздер омонимдік, синонимдік қатынаста болумен бірге антонимдік қатынаста да кездеседі. Антонимдік қатынастағы сөздер өзара қарама-қарсы мағынада қолданылады да, жеке топ құрайды. Мысалы, жақсы-жаман, үлкен-кіші, жоғары-төмен, кел-кет, үш-түс т. б. Антонимдер әртүрлі түбірден де, түбірлес сөздерден де жасалуы мүмкін. Түбірлес сөздерден жасалған антонимдердің сөздегі мағынасы еш уақытта қарсы мағынаны аңғартпайтыны белгілі. Сондықтан түбірлес сөздердің антонимдес сөзге айналуы жұрнақтың қызметімен тікелей байланысты. Мысалы, әлді-әлсіз, көрікті-көріксіз, ұтыс-ұтылыс, жеңіс-жеңіліс.

Бірақ бұл топқа етістіктің болымды және болымсыз формаларын жатқызуға болмайды. Мысалы, келді-келмеді, барды-бармады, сенді-сенбеді т. б.

Себебі бұл болымды және болымсыз етістіктер ұғымның біріне-бірі қарсы мәнін білдірмейді, бірін-бірі жоққа шығарады. Анықтап айтсақ келді, барды, сенді деген сөздердің мағынасындағы қимыл-әрекетке келмейді, бармады, сенбеді деген етістіктерде қарсы қимыл жоқ. Сондықтан бұларды антоним сөздерге жатқызбаймыз. Сондай-ақ емес сөзімен келген сөздер де болымды түрмен антоним бола алмайды. Мысалы, берген-берген емес, күлген-күлген емес.

Алайда емес сөзі сын-сапаны білдіретін сөздермен келіп, антонимдес мағынаны аңғартатын сияқтанып тұруы мүмкін. Мысалы, ұзын-ұзын емес, жақсы-жақсы емес. Бірақ бұларды да антонимдес сөздерге жатқызуға болмайды. Себебі ұзын емес, жақсы емес сөздері ұзын, жақсы ұғымының кереғар қарсы тұрған мағынасы емес. Ұзын сөзінің антонимі қысқа, жақсы сөзінің антонимі жаман болады, ал ұзын емес, жақсы емес сөздері сол екі аралықтағы сапаны көрсетуші үшінші ұғым. Мысалы, ұзын емес дегенде ұзын да, қысқа да емес, жақсы емес дегенде жақсы да, жаман да емес орташа деген түсінік туады.

Ал әр түрлі түбірден болған антонимдердің пайда болуы түбір сөздердің лексикалық мағыналарының қарама-қарсылығына байланысты. Мысалы, ерте-кеш, жақын-алыс, ұзын-қысқа, күн-түн, ауыр-жеңіл, көңілді-қайғылы, аз-көп, тірі-өлі т. б. Кейбір сөздер көп мағыналы болғандықтан, олардың антонимдес сөздері бірнешеу болуы да мүмкін. Мысалы, ауыр сөзінің тура мағынасы жеңіл деген сөзбен антоним болады. Ал ауыр есеп дегендегі ауыр сөзінің мағынасы оңай деген сөзбен, ауыр хабар дегендегі ауыр сөзі қуанышты сөзімен, ауыр қозғалды дегендегі ауыр сөзі тез деген сөзбен антонимдес болып келеді.

Антонимдес сөздердің сыңарлары өзара синонимдес те болып келеді. Мысалы, жат, бөгде, бөтен сөздері өзара

синонимдес. Ал жақын, жекжат, ағайын сөздері әр синонимдес, әрі жат, бөгде, бөтен сөздеріне антоним.

Антонимдер әр түрлі сөз табына қатысты болып келеді, бірақ антонимдес сөздер қосарымен барлық уақытта бір сөз табына ғана тән болады. Мысалы, ыстық-суық, үлкен-кіші /сын есім/, ұшу-қону, келу-кету, күлу жылау /егістік/, өмір-өлім, пайда-зиян, бай-кедей /за есім/, әрі-бері, ілгері-кейін, жылдам-жай /үстеу/ т. б.

Антонимдерді дұрыс та орынды пайдаланса, оның сөйлемде стильдік айшық үшін мәні зор. Сондықтан да тіл байлығының маржаны болып есептелетін мақал мәтелдердің көпшілігі антонимдес сөздерден құралған.

Мысалы:

Жақсы болар жігіттің
Жұмыссыз жүрген күні жоқ.
Жаман болар жігіттің
Еш жұмысқа қыры жоқ.

Көз қорқақ, қол батыр; істеу қиын, сыңау оңай
Досыңның пышағымен мүйіз кес, дұшпаныңның
пышағымен киіз кес, қой семірсе құт, ешкі семірсе жұт т.
б.

Ойды әсерлі де сенімді жеткізу үшін көркем
әдебиетте де антонимдерді жиі қолданады. Әсіресе белгі
сапаны қарсы қойып салыстыруды мақсат ететін антитезис
әдісі жиі ұшырайды.

Мысалы:

Мын құбылған қуаныштан, дерттерден,
Қиын не бар адам жанын зерттеуден?
Мен келемін өз жанымды зерттеумен
Бірде аяз, бірде жалын, өрт кеудем.
Арзан не бар ойнау менен күлуден,
Қымбат не бар адам сырын білуден.

/М. Мақатаев/.

Кейде сөз шеберлері қарама-қарсы ұғымдарды қатар
синтаксистік тіркеске түсіріп, оксюморон жасау үшін де

антонимдерді қолданады. Бұл әдіс көркем әдебиетте айтайын деген ойды көрнекілікпен салыстырып, нақтылап аша түсуге көмек береді.

Мысалы:

Алматының үстінде ұшып жүрген аққулар,
Қанаттарында сендердің сағыныш бар, тәтті у бар.
/Т. Молдағалиев/.

Ел ұмытпас ерініп дұрыс ісің,
Бір буынның бірегей ірісісің.
Бақытсызбын – тірідей өлгендер көп,
Бақыттысың - өлгеннің тірісісің.
/Қ. Мырзалиев/.

Контекстік антонимдер. Кейде бір зат пен екінші затты қарсы қойып салыстыру үшін мағыналарында қайшы мән жоқ сөздер де қолданылады. Ондай сөздер сол контексте ғана қарсы мағынада қолданылатындықтан контекстік антонимдер деп аталады.

Мысалы:

Бұлар мал емес, адам ғой.
/Ғ. Мүсірепов/.

Мен-ашу да, сен ақылсың нәрі аққан
Сен-адамсың, мен аждаһа зэр атқан.
/М. Мақатаев/.

Осы екі мысалдағы мал мен адам, ашу мен ақыл, адам мен аждаһаны контекстен тыс оқысақ, антонимдес сөздерге жатқыза алмаймыз. Ал авторлар өз сөйлемінде оларды қайшы мәнде қолданған (2, 137-138 бб). Бұл әдіс сөйлеуде де, жазуда да жиі қолданылады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. – Алматы, 2003.
2. Айғабылұлы А. Қазақ тілі морфонологиясы мен лексикологиясы. – Алматы, 2006.
3. Сағындықұлы Б. Қазіргі қазақ тілі. Лексикология. I-бөлім. – Алматы, 2003.

4. Аханов К. Қазақ тіліндегі омонимдер. –Алматы, 1958.
5. Мусин Ж. Қазақ тілінің антонимдер сөздігі. –Алматы, 1984.
6. Кеңесбаев І., Мұсабаев Ғ. Қазіргі қазақ тілі. Лексика фонетика. –Алматы, 1975.

Тақырып бойынша орындалатын тапсырмалар:

1. Омонимдер, олардың жасалуындағы лексика-семантикалық және синтетикалық тәсіл, түрлері.
2. Лексикалық омонимдер мен көпмағыналы сөздерді айырмашылығы. Семантикалық байланыс. Омофондар омоформалар, омографтар.
3. Омонимдердің стилистикалық мәні, зерттелу жайы Аханов К. Қазақ тіліндегі омонимдер. Конспект.
4. Лексикалық антонимдер, олардың жасалу жолдары мен түрлері.
5. Лексикалық антонимдердің стилистикалық мәнін поэзия тілінен алынған мысалдар негізінде дәлелдеу.

Лабораториялық жұмыстар

1. Мәтіннен омонимдер мен көп мағыналы сөздерді бір бөлек теріп жазып, омоним сөздерді жасалу жолдарына қарай саралап шығыңыз.

Қызара бөртіп, шығар күнді маңдайға ала қос жолаушы атқа қонды. Ашу – дұшпан, ақыл – дос, ақылыңа ақыл қос. Жауға сілтер қаруыңды жақынына сілтеме! – депті (Қазыбек бір). Әкемнің иығындағы осынау бас маған ес білгеннен бермен таныс, көз алдымнан күн-күн сайын кетпейтін жұмыр жердің өзі сықылды. Ендеше әкемнің басы, анау қысықтау келген өткір көз ... осы көз баяғыда бір... тым ертеректе, менің бала кезімде болар, жұмыла жаздап, мәңгіге жарық дүниемен қоштаса жаздап, шиеетей бала-шағасының көз жасы сақтап қалған еді ғой; осы көз ол шақта әлдеқайда отты, әлдеқайда ойлы, ұшқын атқан жастықтың, өмірге деген іңкәрліктің жалынына толы болатын. Жас шақта шапқылап-шапқылап алудың сөкеттігі жоқ, ол – балаға тән ерке қылық екенін түсінбейді дейсіз

бе? Екі қолы екі жақта, екі аяғы екі жақта, аузынан жалын шығып жатыр екен (Шешендік сөз). Тілі мен жағына сүйенген біреу (ауызекі). Тау іші болған соң жұқалтаң шық түсіпті, күннің алғашқы сәулесінен-ақ көзі жаудырап, буы босанып жатады. Елшілер бірнеше қиыншылықты бастан өткізеді, аязды күні аттарына қар тепкізеді, қиын асу белдерден де асады, суы ащы көлдерден де асады (Шешендік сөз). Мәз болады болысың, Арқаға ұлық қаққанда. Шелтірейтіп орысың, Шенді шекпен жапқанға (Абай). Бұл сөз Ерден апасына болысып, үйдің керегесін жайысты (С.Бегалин). Арық атқа қамшы жау (мақал). Күй бітті. Бұл жолы ешкім үндемеді. Атын да сұрамады (Ә.Кекілбаев). Арық бойларын мөлдір су қуалап, күн көзімен жалтылдап ойнай бастайды (Б.Момышұлы). Қорыққа жайылған мал боранды аса елей қойған жоқ (С.Бегалин). Су ішкелі бір өгіз барып еді бұлаққа, Бақалар қорқып тарбақтап, Қашып шықты әр жаққа (Абай). Өгізді өрге салма, қанатың талар, наданға көзінді салма, сағың сынар. Жақыным деп жаманның малы үшін жақсының жағасынан алма, өрісің тарылар. Тұмау түбі – құрт болар, тұман түбі – жұт болар. Ақылдың түбі – құт болар (Төле би). Астындағы жалғыз ат қанат емей немене? Жолмен бірге оралып келіп, Бақтығұл жатқан ернеу жолға таман алдыңғылары өрлеп көтерілуге айналды (М.Әуезов). Сол бір білінер-білінбес жіп-жіңішке пышақ дағы түскен нарт қызыл алма кеше бұның алдынан қайтқан-ды, жаңа тамақ үстінде қызметші әйел алтын табаққа салып тағы әкеліпті. Сонда өзегінен құрт шыққан алма (Ә.Кекілбаев). Өреге жайылған құртқа тимендер (ауызекі).

1.2 Берілген сөздердің омонимдік мағынасын жазып, оларды лексикалық, лексика-грамматикалық, аралас омонимдер түрлеріне қарай жіктеп шығыңыз: бауыр, бөле, құр, кеден, ана, айт, жал, ық, құндақ, оқ, ат, көк, көр, қорық, мақта, шот, сандал.

2. Мәтіндегі антоним сөздерді объективті және субъективті-прагматикалық қарама-қарсылықты білдіретін антонимдер түрлеріне қарай ажыратыңыз және олардың қолданысындағы стильдік қызметін айқындаңыз.

Сонда осы елдің кәрі-жасы демей гүл дариясын кешіп үкілі ботадай ойнақтап, көкжиекке сіңіп кетер еді Қорқынышты көрінетіні - түн қатып, түсі қашып үнемі а үстінде жүретін, айғайласып әркіммен бір ұрысатын, біздің өлі-тірі екенімізді елеп-ескермейтін (О.Бөкей). Ақылды мақтанса, істі тындырар, ақымақ мақтанса, аяғын сындырар (мақал). Сағыныш деген – молшылық қазына, бола да берер артық-кем, Ал нағыз асқақ сағыныштарда араның балы бар тіптен... (Т.Айбергенов). Мың құбылған қуаныштан, дерттерден, Қиын не бар адам жанын зерттеуден? Мен келемін өз жанымды зерттеумен, Бірде аяз, бірде жалын, өрт кеудем. Арзан не бар ойнау мен күлуден, Қымбат не бар адам сырын білуден (М.Мақатаев). Ел ұмытпас ерініп дұрыс ісін, Бір буынның бірегей ірісің. Бақытсызбын – тірідей өлгендер көп, Бақыттысың - өлгеннің тірісің (Қ.Мырзалиев). Алақан тар, алаңқайдан кең емес. Арқанның ұзыны жақсы, Әңгіменің қысқасы жақсы. Көп жүрген жер – көл, Құм жүрген жер – шөл (мақал). Ал Жарасбай үшін өзі және келер-кетер жаманшылық-жақсылықты ұдайы білдіруші, Жарасбайға парамен сатылып келген тілеулестік ішіндегі мархабат періштесіндей жаршының өзі болатын (М.Әуезов). Жаңбыр жауған соң, жаңа, ескі деп қарамай, үй біткеннің бәрінің шатырынан су саулайды. Мәдениет үйіне бізді шығарып салуға ауылдың кәрі-жасы лық толды. Кейін жібергенін қайтем, қазір жіберсін (Ә.Қалдыбаев). Көз қорқақ, қол батыр. Досыңның пышағымен мүйіз кес, дұшпаныңның пышағымен киіз кес. Қой семірсе құт, ешкі семірсе жұт (мақал)

Лекция № 6

Қазіргі қазақ тіліндегі синонимдер жүйесі

1. Синоним сөздер және өзіне тән ерекшеліктері.
2. Синоним сөздердің лексика-семантикалық ерекшеліктері.
3. Синоним сөздердің стильдік мәні мен қызметі.
4. Синоним сөздердің жасалу жолдары.

1. Синоним сөздер және өзіне тән ерекшеліктері.

Сөзді дыбысталу мен мағынасы жағынан салыстырып қарағанда, синонимдер омонимдерге қарсы тұрған лексика-семантикалық тілдік құбылыстар. Синонимдер бір ұғымды білдіретіндіктен, олар тек бір ғана сөз табына қатысты болады.

Синонимдер мынадай белгілеріне қарай топтастырылады: 1. Сөздің дыбысталуында аз да болса, тұлғалық өзгешелігі болуы қажет. 2. Сөздер бір ғана ұғымды білдіруі қажет. 3. Сөздер бір ғана сөз табына қатысты болуы тиіс. Бұл үш белгі - сөздерді синоним деп танудағы басты шарт. Сонымен, дыбысталуы әр басқа болғанымен, мағынасы жақын сөздер синонимдер делінеді. Синонимдер сөздердің жалпы мағыналық бірлестігіне қарай топтастырылады. Мәселен, той-мейрам-мереке-думан-тамаша сөздерін алсақ, бұларды іштей «жалпыхалықтық қуанышты күндер» (мейрам-мереке) және «өкеге отбасының немесе бір ауылдың қуанышты күндері» (думан-тамаша) деп екі топқа бөлуге болады. Ал той сөзі қуанышты күндердің екі тобына да жалпылама айтылады (1,105 б.). Сол сияқты, семіру – шелдену – майлану – тойыну – жуандау – толу – қондану дегендер жан-жануарлардың арық күйден семіз күйге айналғанын білдіретіндіктен, синоним деп танимыз. Соның ішінде

адамға қатысты синонимдер деп жуандау - толуды айтса шелдену – майлану – тойыну - қондану деп жан-жануар байланысты қолданамыз. Ал семіру сөзі екі топқа айтылады.

Синоним болып жұмсалатын мәндес сөздердің тобы синонимдік қатар не синонимдік ұя деп атайды. Синонимдік қатарға енген сөздердің ішінен бір сөз басқаларын мағына жағынан ұйытқы болатын тірек сөз де таңдалынып алынады. Доминант сөз мәндес сөздер мағыналық жағынан ғана топтастырмайды, синонимдік қатарды әліпби жүйесіне келтіру үшін де мәнді қызмат атқарады. Доминант сөзге синонимдік қатардағы сөздердің ішіндегі мағына жағынан ең айқын, стильдік мәні жағына бейтарап, жалпы халыққа танымал дегендері ғана таңдалып алынады.

2. Синоним сөздердің лексика-семантикалық ерекшеліктері.

Синонимдердің мағыналарын ажыратқанда мынада мәселелерге назар аударылады: 1. Синонимдік қатарға енген сөздер мағына жағынан бір-бірінен сәл жоғары және сәл төмен дәрежеде болуы мүмкін. Мәселен, аяз, ызғыры сөздеріне қарағанда *үскірік* сөзінің мағыналық салмағы күшті. Сол сияқты, атақ - даңқ, белсену – құлшыну, ақылгөй, ақылшы – даңагөй дегендердің соңғылары мағына жағынан басым түсетінін байқау қиын емес.

2. Синонимдердің біреуінің мағынасы екіншісінен кеңірек болады. Мәселен, *соғыс* деген сөздің мағынасы ұрыс деген сөзден кең, *ұстаз* сөзі мұғалімнен, *демеуші* сөз жебеушіден, *дауір* сөзі заманнан, *жабу* деген кілттеу сөзінің мағынасына қарағанда кең.

3. Синонимдер бір-бірінен мағыналарының аз-көбіне қарай ажыратылуы мүмкін. Мәселен, ат - көп мағыналы, ныспы - бір мағыналы.

4. Синонимдер мағыналарының деректі және дерексіз болып келуіне қарай ажыратылады: маңдай – пешене, іш – құрсақ, бала – перзент, тығу – бұқпантайлау т.б.

5. Синонимдер бір-бірінен ауыспалы мағынада қолдану-қолданылмау қарай ерекшеленеді. Мысалы: көмей мен көмекей. Пештің көмейі, тоғанның көмейі деп қолданылғанмен, адамға келгенде көмей сөзімен қатар, көмекей сөзі де қолданылады. Мысалы: көмейі (көмекейі) бүлкілдейді, көмекей безі, көмекейі белгілі.

6. Синонимдер сөз туғызуға қабілетті және қабілетсіз болып келуіне қарай өзгешеленеді. Сапар мен жол сөздерін алсақ, сапар сөзінен ұзақ сапар, сапар шегу, іссапар (командировка) деген сөз тіркестерін туғызуға болады. Ал жол сөзінен жолай, жолшыбай, жол-жөнекей, жолдама, жолдас, теміржол, жол азық, жолашар, жолаяк, жол жүру сияқты тіл бірліктерін алуға болады. Ақша, пұл синонимдік қатарларынан ақша сөзінен ақшалы, ақшақұмар, ақшашыл деген сөздер туындаса, пұл сөзінен пұлды деген сөз алынады.

3. Синонимдердің стильдік мәні неше алуан функционалдық сипатта қолданылуымен тығыз байланысты. Тіліміздегі синонимдердің мынадай стильдік реңктері байқалады:

1. Қадір тұтып сыйлағандықты білдіретін реңктер. Мысалы: есім сөзі ат сөзінен, отағасы – үй иесі сөзінен, дәм – ас сөзінен, перзент – бала сөзінен, қара - өлім сөзінен жоғарылау.

2. Салтанат құру мәніндегі көтеріңкі реңктер. Мысалы: жұлде – бәйге

сөзінен асқак, мерекелеу – тойлау сөзінен көтеріңкі, азамат - жігіт сөзінен жоғары айтылады.

3. Поэтикалық реңктер. Мысалы: асқар – биік сөзіне, қол - әскер сөзіне, мәртебе – атақ сөзіне, қаһарман – кейіпкер сөзіне, шапақ – арай сөзіне қарағанда поэзияда жиі кездеседі.

4. Дөрекілік мәніндегі реңктер. Бұл қатардағы синонимдердің біреуі бейтарап, екіншісі сыпайы, үшіншісі тұрпайы мәнді білдіріп, ала-құла реңк тудырып отырады. Мысалы: сықпыт сөзі бет сөзіне қарағанда, шолжың - ерке, шойнақ - ақсақ, азынау - жылау сөзіне қарағанда белгілі контексте дөрекілеу болып жұмсалады.

5. Кекесін, мысқыл мәндегі реңктер. Қожандау орынсыз кісілік көрсеткенде, тұштаңдау орынсыз жеңілтектенгенде кекесін мәнді білдіреді.

6. Менсінбеушілік, кеміту мәндегі реңктер. Мысалы: бұт артар - көлік орнына, еркек кіндік - ер азамат, шүйке бас-эйел, шикі өкпе - бала орнына қолданылып кеміту мәнінде айтылады.

Синонимдерге тән мағыналық, стильдік қолданудағы үш түрлі белгі бір-бірінен алшақ жатқан дүние емес, өзара тығыз бірлікте болатын ерекше белгілер ретінде танылады (1, 107).

4. Тілдегі синонимдер әр түрлі жолдармен пайда болады. Қазақ тіліндегі синонимдердің келіп шығуының мынадай жолдары бар:

1. Синонимдер көпмағыналы сөздердің есебінен жасалады. Мысалы: тура - түзу - тік - тіке; тура - дұрыс - жөн; тура - дәл - шақ;

2. Синонимдер сөзжасам тәсілдері арқылы пайда болған:

а) аффикстер арқылы: әуесқой - әуесшіл - еліккіш - еліктегіш - қызыққыш;

ә) біріктіру арқылы: мансапқұмарлық - шенқұмарлық - атаққұмарлық;

б) қосарлау арқылы: жиған-терген, тапқан-таянған; күш-қуат, күш-жігер, қажыр-қайрат, қажыр-қуат;

в) тіркесу арқылы: өмір бақи - мәңгі бақи - ғұмыр бақи;

г) омонимдер арқылы: табандау - сіресу - қасарысу - қырсығу - қыңыраю.

3. Кірме сөздер арқылы пайда болған синонимдер: а) араб сөздері арқылы: ақиқат (хәқиқат) - шындық - растық;

- ә) парсы сөздері арқылы: зор (зур) – үлкен – дәу;
б) моңғол сөздері арқылы: аймақ (аймаг) - өңір – атырап – төңірек – маңай;
в) орыс сөздері арқылы: бөтелке (бутылка) – шыны – шөлмек;

4. Синонимдер диалектизмдердің есебінен жасалған:

а) Дыбысталуы жағынан әдеби тілде кездеспейтін, бірақ әдеби сөзбен мағынасы үйлес келетін сөздер: дәйіс – ұятсыз – арсыз;

ә) Дыбысталуы жағынан әдеби тілде кездесетін, бірақ білдіретін ұғымы басқа сөздер: сым – шалбар, жар – қабырға.

5. Синонимдер фразалық тіркестердің есебінен жасалады: ұзын құлақ – сыбыс, өсек; еті тірі – пысық, ширақ;

6. Синонимдер табу мен эвфемизмдердің есебінен жасалған: күн байыды – күн батты, кешкірді; дүние салды – қайтыс болды, өлді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қалиев Ғ, Болғанбаев Ә. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. – Алматы, 2003.
2. Болғанбаев Ә. Қазақ тіліндегі синонимдер. – Алматы: Ғылым, 1970.
3. Сағындықұлы Б. Қазіргі қазақ тілі. Лексикология. I-бөлім. – Алматы, 2003.
4. Айғабылұлы А. Қазақ тілі морфонологиясы мен лексикологиясы.

Тақырып бойынша орындалатын тапсырмалар:

1. Синонимдер, олардың жасалу жолдары.
2. Синоним сөздердің лексика-семантикалық табиғаты.
3. Синонимдер қолданысының стильдік мәні.
4. Синонимдер қолданысындағы парафразалық және плеонастикалық тәсілдер.

Лабораториялық жұмыстар

1. Сөздердің синонимдік қатарларын толықтырып мағыналық реңктері бойынша бөліп жазыңыз:

Үлгі: айқайла, бақыр, шыңғыр.

Айқайлау - әдеттегіден қатты дауыс.

Бақыру – қатты дауыс шығару, улап-шулау.

Шыңғыру – жан даусын шығарып айқайлау.

Ортақ сема – қатты шыққан дауыс.

Дауыстың жай, орташа, жоғары болып шығуы жағынан бір-бірінен ерекшеленеді.

айқайла, ...

аяқта, ...

ауыр,

эрен,

басқар,

тынығу,.....

әлпештеу, ...

көл-көсір,

ақылгөй,

кербез,

қозғалу,...

отағасы, ...

1.2 Мәтіннен синоним сөздерді тауып, стильдік реңтері тұрғысынан саралаңыздар:

Күздің желі бір мұңды жыр толғайды,

Махаббаты ерте сөнген ер жайлы.

Бере алмасаң бақыт, шаттық сен маған,

Бер өкініш, бер уайым, бер қайғы. (Т.Молдағалиев)

Екеуінің жолың да, жөнің де бөлек еді, қимаймын
(М.Әуезов).

Сағыныш па?

Қалай оны тауыса аламын.

Сағынғамын, шөлдеген, аңсағамын

Ақыры шаршағанмын, шаршағамын (М.Мақатаев).

Сарылып, сарғаяды жарық Айым,

Сағынып, сілкінеді сары қайың (Н.Оразалин)

Хан баласы ақсүйек,

Ежелден табан аңдысқан,

Ата дұшпан сен едің, ата жауың мен едім (Махамбет).
Өскеменнен шыққан ұшақ Шығысқа қарай бет алды. Алтай төсіне өрлеп, биіктеп барады (Қ. Қамбаров). Жолыққан жанның бәрі оған ат үсті, асығыс жауап берді (Ж. Жұмақанов). Жақып езіліп, еріп, балқып кеткен сияқты болды (Б. Майлин). Бет көрсе, жүз ұялады (мақал). Көл тартылар, дария сарқылар, бірақ Күнікейдің күші сарқылмас (Ғ. Мүсірепов). Кербұғының бүкіл басы қан, ал көзінен, жаудыраған тұнық қара көзінен - Аналықтың көзі іспетті өте әдемі жанарынан жас ағып тұр; және мен осынау жасқа толған аяулы да ардақты көздің аясынан өзімді, әкемді, Қаршығаны көрдім. Иә, Алтайды асып, Шыңғысханның мың сан әскері өткен, әр төбенің басында қорымға айналып жатқан оба сол маңғол қолынан қаза болған адамдардың мүрдесі десек, құдай-ау қып-қызыл қан жауған замандардың адыра қалғаны, ал алып Алтайдың ғасырдың өлі куәсіндей мелшигені бүгінгіге неге ой салмайды. Сыпыра ылдилап келеміз. Мен мінген биенің құйысқаны берік, айылы мықты екен (О.Бөкеев). Кеңес әскері 1945 жылы неміс басқыншыларын талқандап, күлін көкке ұшырды. Жолыққан жанның бәрі де оған ат үсті, асығыс жауап берді (Ж.Жұмаханов). Елімізден құт-береке қашпасын деп, жеріміздің шетін жау баспасын деп, найзаға үкі таққан елміз, дәм-тұзын ақтай білген елміз, асқақтаған хан болса, хан ордасын таптай білген елміз (Шешендік сөздер. Қазыбек би).

1.3 Мәтіннен синоним сөздерді қолданудағы парафразалық тәсілдерді теріп жазыңыз:

Аппақ көзі тым жіті, алыстан көретін қырағы болатын (Ғ.Сыланов). Күздің қоңыр бір күні, май тоңғысыз жып-жылы (І.Жансүгіров). Ермекбай әбден зарықтырып, көзге түртсе көргісіз қараңғы, жаңбырлы түнде суға, балшыққа малшына қайтты Ғ.Мұстафин). Осылайша айналасы айықпаған сұр тұман, суық заман ішінде ұлы жан дүниеден

көшті. Мағаштың қырқын беріп болған күннің ертеңін Абай қаза тапты. Ұлы кеуденің ыстық демі тоқталды. Ше даланы жарып шыққан дариядай, игілік өмір үзілді. Соңа бір шақпа тасты тақыр, жалтыр биік басына жалғы шыққан, зәулім өскен алып шынар құлады. Өмірден Абай кетті. « ... Бірақ мен адасыппын, оның жүрегін арсы махаббатын саудаға салатын әйелдер уландырған екем (Мысыр әңгімелері). Күн бұл қалпында күнбағары ұқсаған, шет-шетіндегі тарам-тарам шашағын шашыратып әкем екеуіміздің көз жанарымызды жібек нұрмен жалғады (О.Бөкей). Шөкімдей бұлты жоқ айнадай көк аспанда бағанадан бері дәл төбесінде айнала ұшқан Қыран жерде тұрған Бату ханға осы тұстан түлкі, әлде қоян не бір бөтен аңды көз шалып, соны аңдып жүргендей көрінді (І.Есенберлин).

1.4 Берілген синоним сөздерді қолданыстық реңктері (тіркесімділік қабілеті) бойынша жазыңыз:

Ат – есім – ныспы; әзіл – қалжың – қылжақ – ыржақ;
өкініш – уайым – қайғы;
қимылдау – қозғалу – қыбырлау – жыбырлау; еселеу –
үстемелеу – қосу; ауру – сырқат – науқас – кесел – індет –
дерт – дімкәс; дүрдию – томпаю – дүмпию – көнтію; дүрс –
дүрс – гүрс-гүрс – тарс-тарс;

Лекция № 7

Сөз варианттары, сөздің қосалқы аталымдары.

1. Сөз варианттары, олардың түрлері, лексикалық дублеттер мен синонимдер мәселесі.
2. Табу және эвфемизмдер, олардың жасалу жолдары, дисфемизмдер.
3. Табудың түрлері, пайда болу жолдары мен олардың тілдегі қолданысы.

1. Вариант сөздер және олардың түрлері. Қай тілде болса да белгілі бір нәрсенің не заттың бірнеше атауға ие болуы себепсіз бола қойған құбылыс емес. Бір ғана құбылыс, нәрсе, зат атауының тепе-тең мағынаға ие болып, түбірі мен тұлғасы әр басқа сөздермен берілуі тілде сөз варианттарының түзілуіне әкеледі. Сөз мағыналарының тепе-теңдігі варианттылықтың белгісі болса, сөз мағыналарының жуықтығы синонимдерге тән қасиет. Осы ерекшелік сөз варианттары мен синонимдерді бір-бірінен ажыратуға негіз болады. Вариантты сөздердің мағыналарында ешқандай стильдік реңк, бояу байқалмайды. Мысалы, суғару-суару, сандалу-сенделу, түгелде-түгенде, құса-ұқса, есіт-есті, сорық-сорғы т.б. сөздердің қолданылуында ешқандай айырмашылық жоқ. Ал сұлу мен әдемі сөзі синонимдер, өйткені олардың қолданылуында ондай біркелкілік жоқ. Мысалы, сұлу қыз, сұлу келіншек, сұлу жігіт деп айтуға болғанмен сұлу қағаз, сұлу жіп, сұлу ағаш деп айта алмаймыз. Керісінше әдемі сөзі қыз, келіншек, жігіт дегенде сұлу сөзінің орнына қолданылумен бірге әдемі қағаз, әдемі ағаш, әдемі жіп деп айтуға толық болады. Сөз варианттары тілдің барлық

деңгейлерінен көрініс табады. Соған орай, тіл-тіл варианттылықтың фонетикалық, лексикал морфологиялық, синтаксистік параллелизмді орфографиялық және орфоэпиялық түрлері көрсетіледі. Сөз варианттары мынадай үш түрлі белгі арқы ажыратылады: а) сөздің түбірінде морфемдік ұқсастықты болуы; ә) лексика-семантикалық ұқсастықтың болуы; дыбыстық өзгешелік лексика-семантикалық өзгешелік тудырмауы тиіс. Осы айтылған анықтаманың бірінші белгісіне варианттылықтың лексикалық түрі келмейтіндіктен, лингвистикалық әдебиеттер лексикалық дублеттер деп танылады. Лексикал дублеттер деп мағыналық толық сәйкестікке құрылған, стильдік реңкі, не қолданылу өрісі жағынан ерекшеленген морфемдік құрамы әр басқа лексикалық бірліктер айтамыз. Мысалы: этеш // қораз; қолтырауын // темсе тудіңгек // тутұғыр; жайма нан // қамыр // іңкәл // шелпеі жұқа нан және т.б.

Варианттылықтың фонетикалық, грамматикалық орфографиялық және орфоэпиялық түрлерінің, лексикал дублеттердің пайда болуы және қалыптасу жолдар олардың қолданыстық ерекшеліктері мен әдеби тілге әсіресе жайлы И.Қ.Ұйықбаев пен С.Бизақов өздерінің монографиялық еңбектерін арнаған.

Вариантты сөздер қолданыла келе жеке-жеке мағыналық реңке ие болуына байланысты синонимге айналуы мүмкін. Мысалы: а-ы дыбыстарының алмасуы арқы пайда болған айла-ыйла сөздері вариантты сөздер тобының синонимдер қатарына ауысып кетті. Осындағы айла сөзі кулық сөзімен синонимдес болса, ила сөзі ілдәлда «оқол бар етіп ылаждау» сөзімен синонимдес болады. Мысалы Жапарқұлдан қалған қара шанырақтың енді қайтіп ила жарамастай боп, қаусаған жері осы ма екен? (Бақбергенов). Бізде жәні бүтін үй жоқ, малымыз тұратын қора жоқ, бәрі әншейін ілдәлда баспана (Т. Нұртазин).

Егер вариантты сөздердің әрқайсысы жеке мағынаға ие болып, басқа-басқа ұғымды білдіріп жатса, тіліміздің сөз байлығын арттырғаны. Мәселен, өкімет пен үкімет сөздерінің алғашқысы власть, соңғысы правительство мағынасын беретін болғаны осының айғағы. Көйлек, жейде сөздері о баста лексикалық дублеттер қатарынан саналса, қазіргі тілімізде бұл сөздердің мағынасы сараланған. Яғни, жейде - ерлер көйлегі болса, көйлек - әйелдердің киетін киім атауы ретінде қалыптасқан.

2. Қазақ тілінде әдет-ғұрыпқа байланысты адамның атын не айналадағы заттар мен құбылысты тура атамай, оларға өздерінше ат қою дәстүрі болған. Мысалы, қазақ әйелінің күйеуін атамай көкесі, әкесі; күйеуінің кіші туыстарын мырза жігіт, төрем, кекілдім; күйеуінен үлкендерді қайын аға, қайын ата т.б. атау.

Табу - о баста соқыр сенім мен тыйым салу арқылы қалыптасса да, ол әйелдердің өзгеге көрсететін ілтипатын, сыпайылығын білдіретін әдет-ғұрыпқа айналып кеткен. Қазір табу жолымен атау тарихи шығармаларда, бірлі-жарым қарт ердің сөзінде ғана кездеседі. Сондай-ақ қазақтың туған баласын ұл деп атаудан қорқып оны *жаман*, *ат байлар* деп атауы да табудан туған. Қазақ тілінде табу тек адам атына ғана байланысты кездеспейді. Айналадағы өзі қорыққан, сенімсіз күшке қарай түрлі атаулар пайда болған. Мысалы, қасқырды итқұс, ұлыма, жыланды қамшы, ұзын құрт, шиебөріні шуылдақ, рақты жаман ауру, туберкулезді жіңішке кесел деу олардың атын атаудан қорқудан туған.

Ал эвфемизм де – табу секілді зат не құбылысты, оның сапасы мен қимыл-қозғалысын тура атамай өзгертіп айтуға байланысты сөздер. Бірақ табу мен эвфемизм бір емес, екеуі екі басқа ұғым. Эвфемизм табу сияқты қорқу, үрейленуден, әлденеге нанудан тумайды. Ол көбінесе әдептілік, сыпайлыққа, жұмсартып айту мақсатына байланысты қалыптасады. Түркі тілдеріндегі табу мен

эвфемизмдерді арнайы зерттеген ғалым Ә.Ахмет «Эвфемизм дегеніміз - өңін айналдырған табу немесе т атауына тыйым салынған ұғымның бет пердесі, табу жасанды синонимі (2,7 б.). Ә. Болғанбаев анықтауынша, қазақ тілінде эвфемизм тәсілімен алмастырудың мынадай жолдары бар:

1) Ауру аттары алмастырылады: құрт ауруы - өкпе ауру, қояншық - талма ауруы;

2) Адамның дене мүшесіндегі кем-кетік атаулар алмастырылады. Мысалы, саңырау, керен деген сөздер орнына *құлағының мүкісі бар, құлағы ауыр* деп, сеудің орнына *етжеңді, етті* деп, аяғы ақсақ деудің орнына *аяғының сылтымасы бар* деп айту осындай мақсатқа лайық айтылған.

3) Мағынасы айтушы мен тыңдаушыға бірдей ерек жағымсыз, дөрекі сөздер алмастырылады. Мысалы, түр шығу, үлкен дәрет, кіші дәрет, көңілі жақын, суық жүр көзіне шөп салу және т.б.

4) Үйлену мен тұрмыс құруға байланысты сөздер алмастырылады: келін түсіріпсің, балаңды құтты орнына қондырыпсың, құсың қайырлы болсын, қолыңа қондырыпсың, аяғы ауыр және т.б.

5) Қоғам өміріндегі адамдардың бір-бірінің жағымсыз қарым-қатынастарына қатысты сөздер алмастырылады. Мысалы, сөзге келу, жүз жырттысу, аузы жеңіл, қолы ашы қалтасы төсік, ұзын құлақ, қыз мінезді, қыздай сызылы тұрады (3, 228-232- бб.).

Б.Сағындықұлының көрсетуінше, эвфемистік мағына жұмсалатын троптар кездеседі. Олар: эвфемистік метафоралар (*Сұлуы бұл заманның тек жатпаған*. Абай); эвфемистік метонимиялар (Бірінші байлық - денсаулық, екінші байлық - *ақ жаулық*); эвфемистік синекдох (тұяқсыз); эвфемистік символ (*асқар таудың құлауы гүлдің солуы, ағар бұлақтың суалуы* - сұм ажалды бейнелеп тұрған символдық образдар); эвфемистік ирония

(*Асылым құдай берген өз бағыма, Теңелмес жеті Біржан тырнағына*, Найманда ол - *дария, саяткерім*, Балық боп ілінемін қармағына. Біржан мен сара айтысы); эвфемистік фразеологизмдер (*жерден алып жерге салды, ит терісін басына қаптады, беті ашылу, ауыз бастырық, суық қол*) (3,96-98 бб.).

Эвфемизмдер табиғаты жағынан тура мағыналы сөзімен синонимдес сияқты. Сондықтан да кей ғалымдар оны синонимнің бір түрі деп есептейді.

Кейде эвфемизмге қарама-қарсы, сыпайы сөйлеудің орнына дөрекілеп айту үшін қолданылатын сөздер де болады. Оны тіл ғылымында *дисфемизм* немесе *какоэвфемизм* деп атайды. Мысалы, семіз деудің орнына *былшиған*, ірі денелі деудің орнына *арбиган, алпамсадай*, қыз деудің орнына *тесік моншақ*, түкке тұрмайды деудің орнына *боққа тұрмайды*, бала деудің орнына *боқ мұрын* деп айту жатады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1.Қалиев Ғ, Болғанбаев Ә. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. -Алматы, 2003.
2. Бизақов С. Тілдік норма және варианттылық. -Алматы, 2000.
- 3.Ұйықбаев И.Қ. Қазіргі қазақ тіліндегі варианттылық проблемасы. -Алматы, 1976.
4. Ахметов Ә. Түркі тілдеріндегі табу мен эвфемизмдер. - Алматы, 1995.
5. Сағындықұлы Б. Қазіргі қазақ тілі. Лексикология. I-бөлім. -Алматы, 2003.
6. Айғабылұлы А. Қазақ тілі морфонологиясы мен лексикологиясы.
7. Ордабекова Х. Лексикалық дублеттер және тілдік норма. -Алматы, 2009.

Тақырып бойынша орындалатын тапсырмалар:

1. Сөз варианттары, олардың түрлері, лексикал дублеттердің тіркесімділік табиғаты.
2. Сөз варианттарының стильдік қызметі.
3. Сөздің қосалқы аталымдары. Табу және оның түрлері. Тыйым сөздердің тағлымдық мәні. Ахметов Ә. Түр тілдеріндегі табу мен эвфемизмдер. Конспект.
4. Эвфемизм, жасалу жолдары, өзіндік сипаты мен мәні. БАҚ-ы тіліндегі эвфемизмдердің қолданысы.
5. Көркем әдебиет және ауызекі сөйлеу тіліндегі табу мен эвфемизмдердің стильдік қызметі.

Лабораториялық жұмыстар

1. Мәтінде берілген сөз варианттарын түрлеріне қарап ажыратып, оларды тілдік норма және функционалдық қызметі тұрғысынан саралап шығыңыз.

Жапарқұлдан қалған қара шаңырақтың енді қайтіп *ила* жарамастай боп, қаусаған жері осы ма екен (С.Бақбергенов). Бізде жөні бүтін үй жоқ, малымыз тұратын қора жоқ, бәрі әншейін *ілдалда* баспан (Т.Нұртазин). Сен танымайсың *дейім*, болмайды ғой өз Бүлдіресің, піспеген бидайды сындырсаң көк болады Жеуге болмайды (М.Әуезов). Мынаған ерегіскенде бәрі ғой, биыл тышқак лақ та *бермейім*, - деді, Тайпан кіжін сөйлеп (Б.Алдамжар). Не деп енді *мақтайым*? Айтуға сөзім *таптайым*. Сөйлеп кетсем көбірек, Мен *әжеңе жақпайым* (Қ.Ыдырысов). Сенім артқан адамының мына қылығын *ыза болды*. Шәкіртінің кешелігінен *ыза шекті* (Ө.Қанахин). Аптығар адам емес, *асып-сасып* (И.Байзақов) Асығып-сасып білініп қалды ма екен? (М.Әуезов). Әскері киімдері су жаңа (С.Алдабергенов). Ауыл дүкені *ан жақта*. Ол кісі *анаяқта* отыр. Сенің ауырғаныңды *анна*

естіп келдім (ауызекі сөйлеу тілі). *Қамшыменен* бір салсам, *Быт-шыт* болып кетерсің (Қуандық ақын). Сиса көйлек үстінде *тоқуменен* табылған. Сауысқанның тамағы, *Шоқуменен* табылған. Өнер-білім бәрі де, *Оқуменен* табылған (Ы.Алтынсарин). Айт намазы кезінде мешітке *жұрт* сыймай *далаға* оқыр еді (С.Мұқанов). Айт намазы кезінде мешітке *жұрт* сыймай *далада* оқыр еді. Әулие-*әнбиелерге* жалбарынып құрбан шалып *тосаттық берді* (Соц.Қаз). Аспан тәңірісіне мал айтып *тасаттық берді* (Жетісу). Қысы жұт, көктем басы қиыншылық, ұшырады ел екі *тосат* көлденеңге (Үш ғасыр жырлайды). Су өсімдіктерінің сабағы *майысқақ* келеді де, су толқынымен ғана қозғалады (Т.Таубаев). Қазық жасаған ағаштың бұтағы солқылдақ, игенде бірден сынып кетпейтін *майысқыш* болуы керек. *Аңдамай* сөйлеген ауырмай өледі (мақал). Не зауал болғанын *аңлай* да алмай жаздаған (Ш.Мұртаза). Әлгі кісі ең алыс түкпірлерде жатқан шопандар *қыстауын* көргісі келді (Ә.Әлімжанов). Таяу жердегі *қыстақты* аралап жүріп, ол Төлеубекпен кездесті (К.Оразалин). Қаланың қиғаш шетінде, Шалқар тоғай бетінде, Бір *дуадақ* атып ап, Белінен кесіп шайнаған, Арыстан туған батырды, Құртқаның көзі шалады (Қобыланды батыр). *Тоқтыбалақ*, ендеше *тоқтыбалақ*, *Тоқтыбалақ* жүгірер көк қуалап. Қайырып салған *көкқұсы*, Көтеріле бергенде, Қаз сыпырса жарқылдап (Абай). Қаршыға. –Оу, сендерге осы бір құмыра арақ болса жете ме? – деді әлгілердің адам аяғандай түріне қарап... Бір бөтелке арақ қолдарына тиген екі жігіттің қуанышында шек жоқ. Әділгерей мұртының астынан жымиып күлді. Осының екеуі де балалы-шағалы адамдар. Баяғыдан бері осы екеуінің ең кем дегенде бес-бестен он баласын оқытқан шығар-ау. Сол еңбегі үшін әлгілер мынандай ағыл-тегіл алғысты былай қойып, бір ауыз рақмет те айтқан емес-ті. Сондағы айтылмаған алғыстарын бір жартымен-ақ қайырып алды (Қ. Жұмаділов). Улы

саңырауқұлақтар – боз арамқұлақ, сырттай қараған қозықұйрыққа ұқсас.

2. Мәтіннен сөздің қосалқы аталымдарын (таб эвфемизм, дисфемизм) тауып, олардың тілді табиғатын түсіндіріңіз. Эвфемистік баламалард түрлеріне қарай ажыратыңыз.

Ежелден сүйеккесінді бір беткей, қыңырлығы бар кемпі жарық элеммен қоштасар шала-жансар сәтінде де, көңі босап, көкірегін қарс айырып күрсінген жоқ, сергек, әмірі жүргізіп самбырлай сөйлеп жатты. Ес білгеннен оса аруақты сапарға дайындалып та жүретін. Кемпірдің өлімі сондығынан жеңіл тиді. Қожаға оңай соқпайтыны - жүрет ет әр бала өз анасын ақтық сапарға азапсыз, жылап сықтаусыз шығарып салмас еді. Елден шалғай оңаш тірлігінің запылығын осы шешесі қайтыс болған мезетт пысықтай түскен еді. Кісі өлімі – тіріге сын, арулап ардақтап қойды дегендері – адамдардың көп-а жиналғанына себепті. Бір үйдегі бір қария тек ұлының ған қолынан аттанайын деп жатыр. Біздікі әншейін битк өкпелеп, тонымызды отқа салу. Иті жесе де, қайтып елің бар... қайтып еліңе бар... Егер ел-жұртқа қатын өсегін таратпаса баяғыда кешіп барар едім-ау... Осыдан бір ай өткен соң Қожаның жалғыз қызы сақау екен деген лақап бүкіл аймақты кезіп жүрді. Қожа ағасын оңаша бір жолықтырудың ұрымтал кезегін күтіп іші қара қазандай қайнады-ау. Бұл пәниге келіп кеткенін ауыл-аймағы болмаса, өзге жұрт білмейтіні есіне түскен сайын, бұл да бұйығы тартып, керең боп өтуді мақсұт тұтқан. Екеуі де мынау тар да тайғақ жолда әлі де сан рет бетпе-бет келетінін, мына қылықтары қара қазан, сары қарын баланың қамы, ел сауғасы емес, өздері сезіп-сезіктеніп, зердеге сап бағамдап көрмеген жалған намыс пен жарға жығар кекшілдіктің итаршылдығы екенін, бастарына іс түсіп, тағдыр гүрзісі төнгенде ғана аһ ұрып, жұртта қалған

күшікше ұлитындарын болжамады. Ардақтың болашағы мазалап, ерте ме, кеш пе ұядан ұшар қызының қонар қонысы қинайтын кәрі жанын. –Әй, қатын, жи мына жапаны жүктің астына, бер жағына түс киіз ұстап қоярсың. –Неге, ойбай. –Миғұла, жүкті биіктетпеймісің. Қызыңның жасауы тіреліп тұр ма? –Ки, кәмзолыңды! Қонақ келгенде тілің қышымасын. Үндемей отыр, тегінде, – деп зекіді. «Аққудың көгілдіріндей екен?»- деді ішінен. – Қатын қып ап, бетіне қарап қана отырар ма едім. Әттең тілінің мүкісі болмаса. Үйленер едім – әйелің сақау деп жолдастарым құлақ етімді жеп қояр». Ардақ бұл құпияның байыбына бара алмай дал болды. Ол мынаны ұқпады: - Әкесі қонақтың көзінше аузыңды ашпа деп кетті. Неге?! Обалың жер қойнына итше ырылдасып кіретін адамдарда шығар. Шалды қазір қинап жүрген есен-сауында қызын ұзату емес, барған сайын аяғы ауырлап, жүріс-тұрысының сылбыр тартуы-тын. Қожа бір-ақ күнде күрт түсіп, жүні жығылып жүдеп кетті. Бұл оқиғадан Қожа бейхабар болатын. Сезіктенсе, қанын ішер еді ғой, жылпос неменің. «Айналайын, анам-ай, айтшы ақылыңды, мынау жалмауызды қайтып қана жұлып тастаймын денемнен! Қожа тырбыңдаған қызылшақа нәрестені жоғары көтеріп тұрып:

- Әкесінің аузын ұрайын! Байға тимесе – тимей-ақ қойсын. Артымда ат ұстайтын тұяқ қалды... Кемпір, әй қатын, мына жылбысқа еркек бала ғой! – деп Марқакөлге бір малып ап, қойнына тыға салды (О. Бөкей. Ардақ). Ұйқыдан жаңа тұрған шешесінің жәбірленген бала жағдайын жаманға асыра жоруы болар деп ашамалаған ерлі-зайыптылар Әлпештің аузынан шығып жатқан артық сөздерге мән бермей, кешірім сұрай берді (С. Шаймерденов). Жіңішкерген аурумен құдай алған інінді әкеткен ажал мен деп пе ең? Санашы тағы. Қандай алмағың бар екен Қозыбақтан, Сәлменнен әлі де? (М. Әуезов).

Лекция № 8

Қазіргі қазақ тілі лексикасының құрамы мен шығу арналары

1. Қазақ тілінің сөздік құрамы мен сөздік қоры және олардың арақатынасы.
2. Түркі тілдеріне ортақ сөздер.
3. Қазақ тілінің байырғы төл сөздері.
4. Қазақ лексикасындағы кірме сөздер.
5. Калька тәсілі (толық, жартылай калька тәсілі).

1. Қазақ тілінің сөздік құрамы мен сөздік қоры және олардың арақатынасы.

Қазіргі қазақ тілінің сөздік қоры қазақ халқының тарихымен қатар дамып қалыптасқан. Сондықтан да сөздердің пайда болуы әр түрлі себепке және тарихқа байланысты, тіл-тілдің өзіне тән төл лексикасы және грамматикалық құрылысы болады. Бірақ онымен шектелі қалатын тіл жоқ. Халықтар қашанда тұйық өмір сүрмейді өзге халықтармен экономикалық, саяси, мәдени байланыста болады. Ал бұл қатынас тілге әсерін тигізіп отырады. Соның ішінде тез қабылданатын, тез өзгеріске енетін тілдің лексикалық қабаты болып саналады.

Тілдегі сөздердің тұтас жиынтығы *сөздік құрам* немесе *лексика* деп аталады. Қазақ тілінің лексикалық құрамына ғасырлар бойы сақталып келе жатқан байырғы сөздер, кірме сөздер, неологизмдер мен термин сөздер, әдеби сөздер мен ауызекі тілге тән қарапайым сөздер, диалектизмдер мен кәсіби сөздер, яғни тіліміздегі барлық сөздер енеді.

Қазақ тіліндегі барлық сөздердің жиынтығы сөздік құрам болса, сөздік қор оның негізгі ұйытқысы болып

табылады. Сөздік қорға қоғам, адам өміріндегі ең қажетті ұғымдарды білдіретін жалпыхалықтық сипат алған сөздер ғана кіреді. Қазақ тілі сөздік қорының құрамы біркелкі емес. Оның негізінде түркі тілдеріне ортақ байырғы сөздер, ғасырлар бойы қалыптасқан қазақтың байырғы төл сөздері кіреді.

Негізгі сөздік қор мен сөздік құрамның арақатынасын, олардың бір-бірін үнемі толықтырып, жаңғыртып отыруынан және сөздік қор сөзжасам тәсілдері арқылы тілдің бүкіл лексикалық жүйесінің даму бағытын анықтап, әрдайым байланыстырып отырады. Сол себепті, бұлардың арақатынасының шартты сипаты бар.

2. Түркі халықтарына ортақ сөздер. Түркі тілдеріне ортақ сөздердің көпшілігі қазақ тілінің де төл сөзі болып келеді. Мысалы: бас, су, тіл, қол, аяқ, көз, жер, бала (зат есім), ақ, қара, көк, сары, жақсы, жаман (сын есім), бір, екі, үш, төрт, жүз, мың (сан есім); мен, сен, ол, қанша, қандай (есімдік), кел, кет, отыр, тұр (егістік), тез, ерте, кейін (үстеу) т. б. Түркі тілдеріне ортақ сөздердің қазақтың өз сөздерінен ешқандай айырмашылығы білінбейді. Тек кейбір сөздерде ғана фонетикалық өзгерістерге ұшырағаны немесе көне формасын сақтағаны білінуі мүмкін. Мысалы: сары сөзінің көне түркі тілінде *сарығ*, үлкен сөзінің *үлүг* болып айтылғандығы қазіргі қазақ тіліндегі *сарғай*, *үлғай* формаларынан аңғарылады. Қазақтың төл сөздері жаңа зат, жаңа ұғымдардың пайда болуына байланысты өз қатарын байытып отырады.

3. Байырғы төл сөздер – қазақ халқының өмір тіршілігі мен шаруашылығына, тұрмысы мен мәдениетіне, дүниетанымы мен түсінігіне байланысты жалпыхалықтық сипатта қалыптасқан, оның өзіне тән сөздері. Байырғы төл лексиканың құрамындағы жалпытүркілік сөздер мен негізгі сөздік қордан тыс мол қабаты тіліміздегі тарихи тума сөздермен байланысты. Тарихи тума сөздер тіліміздің

сөзжасам тәсілдері арқылы пайда болған. Қазіргі қазақ төл сөздерінің жасалу жолдары төрт түрге бөлінеді:

1. Семантикалық тәсіл;
2. Фонетикалық тәсіл;
3. Синтетикалық тәсіл;
4. Тіркесу тәсілі.

1. Лексика-семантикалық тәсіл арқылы сөз жасау жолдары сөздердің сан жағынан емес, сапа жағынан да қорлануын көрсетеді. (Бұл туралы «Сөздің көп мағыналылығы, Сөз мағынасының дамуы» туралы тақырыпты қараңыз).

Фонетикалық (морфонологиялық) жолмен жасалған сөздер бастапқыда дыбыстардың алмасуы, қосылып айтылуы және түсіріліп айтылуы арқылы вариантты сөз ретінде қолданыла келе жеке-жеке мағынаға ие болу арқылы қалыптасады. Мәселен, өкімет (власть) - үкімет (правительство) болып тілімізде қолданылуы дыбыстардың (ө-ү) алмасуы арқылы пайда болған. Ұста сөзінің уыста, моншақ сөзінің мойыншақ сөздерінен ықшамдалып жасалғаны белгілі (1,139 б.).

2. Синтетикалық тәсіл. Синтетикалық сөз жасау тәсілі үш түрлі жолмен жасалады.

а) Қазақтың төл сөздеріне осы тілдің өз қосымшалары жалғану арқылы жасалған сөздер. Мысалы: сүзбе, сыпырғы, қысқы, шегеле, орақша, малшы, заттай, киімшең т. б.

ә) Басқа тілден енген сөздерге сөзжасам қосымшалары жалғану арқылы жасалған сөздер: дос, гүл, шәкірт, мұғалім, ауқат, қаһарман, спорт, бетон, эвакуация, эквивалент сөздеріне қазақ тілі қосымшалары қосылып достық, гүлден, шәкірттік, мұғалімдік, ауқатты, қаһармандық, спортшы, бетондау, эвакуациялау, эквиваленттілік туынды сөздері жасалған.

б) Қазақтың төл сөзіне басқа тілден енген қосымшалар жалғанып та сөздер жасалады. Мысалы: іскер,

тыңгер, әсемпаз, түйекеш, т. б. Сондай-ақ қосымша да негізгі морфема да басқа тілден енген, бірақ олардың сөз жасау мүмкіндігі қазақ тілінің ішкі мүмкіндігіне сай туса ондай сөздер де қазақтың төл сөзіне жатады. Тәлімгер сөзі қазақ тілінде орыс тіліндегі наставник мағынасында жасалды. Бұндағы тәлім де, гер (гердан) де араб-парсы тілінен енген. Бірақ сөздің жасалуы, қазақ тілінде қалыптасқан (1, 140).

3. Сөздердің тіркесуі арқылы жасалған күрделі сөздер. Күрделі сөздер негізінен бірігу, қосарлану, тіркесу жолдарымен жасалады:

а) Бірігу арқылы жасалған сөздерге жалақы, қолғап, қарақат, сексен, тоқсан, ешқандай, ештеңе, әкел, апар, әкет, өйткені, сөйткені, анағұрлым, бірқыдыру т. б. жатады.

ә) Қос сөздерге қыз-келіншек, құрбы-құрдас, үлкен-кіші, көзбе-көз, бір-екі, бес-алты, жиырма-отыз, үзіліп-созылып, ойнап-күліп, у-шу, шаң-шұң, қысы -жазы, күні-түні т. б.

б) Сөздердің тіркесуі арқылы жасалған күрделі сөздер. Мысалы: бала бақша, сары май, темір жол, кәрі жілік, ат жақты, көк ала, он бес, жиырма алты, бауыр басу, арқа сүйеу.

4. Тіл-тілде басқа тілден енген сөздер ішкі және сыртқы себептерге байланысты пайда болады. Сыртқы себептер дегеніміз - сөз алушы халықтың басқа халықтармен байланысынан пайда болатын сөз ауысу процестері. Мысалы, араб жаулаушыларының халқымызға мұсылман дінін енгізуі, моңғол шапқыншыларының ұзақ уақыт билік жүргізуі, қазақ халқының Ресейге қосылуы қазақ тіліне көптеген кірме сөздердің енуіне себеп болды. Айталық, парсы тілінен аспан, баға, ұстаз, дерт, көше, керуен, маржан, диқан, дарақ, гүл т. б. сөздер енсе, араб тілінен кітап, қалам, мектеп, халық, мағына, мәдениет, әдебиет, тарих, әдеп, сауат, айла, сағат, сәулет, сауал т. б. сөздер енген.

5. Қазақ тілінің монғол тілдерімен қарым-қатынасы. Қазақ тілінің монғол тілдерімен қарым-қатынасы екі түрлі жағдайда қарастырылады. Бірінші, қазақ тіліндегі монғол тілінен тікелей ауысып кірген сөздер. Бұл сөздер:

а) әкімшілік, ел билеу ісіне байланысты: жасақ, ноян, нөкер;

ә) жер-су атауларына байланысты: Алтай (Алтын тау), Қорғалжын (қорғасын), Тарбағатай (суырлы), Қордай (қарлы), Нұра (жақсы) сөздер кездеседі.

Екінші, бір тілден екінші тілге ауысты деуге келмейтін, екеуіне де ортақ сөздер. Қазақ лексикасында монғол тіліндегі сөздермен түр-тұрпаты жағынан ұқсас, мағынасы жағынан үйлес келетін, әсіресе, зат есім, сын есім, етістік сөздер көптеп кездеседі. Мысалы: қой, қойшы (қон, қончын), бұқа (бух), алтын (алтан), сары (шар), қап-қара (хап-хар), алтын (алтин), дулыға (дуулга), бура (бұгура) т.б. Бұл сияқты сөздер тек қазақ тіліне ғана емес, түркі тілдеріне ортақ сөздер болғандықтан, олар түркі тілдерінен монғол тілдеріне ауысты ма, әлде монғол тілінен түркі тілдеріне ауысты ма деген мәселелер әлі күнге дейін күн тәртібінен түскен жоқ. Сол себепті, мұндай сөздерді түркі (қазақ) – монғол тілдеріне ортақ сөздер деп атауға болады. Түркі-монғол тілдеріне ортақ сөздердің бар екенін Ш.Уәлиханов айтқан болатын. Мұндай ортақты тек сөздік қордан ғана емес, олардың грамматикалық құрылысынан да байқауға болады. Түркі тілдері сияқты монғол тілдері де жалғамалы тілдердің қатарына жатады.

Араб, парсы және монғол тілінен енген сөздер ауызша қабылданғандықтан, фонетикалық өзгерістерге ұшырап, қазақ тілінің дыбысталу заңына сай қолданылып, басқа тілден енгендігі аңғарылмайтын халге түскен.

б. Орыс тілі арқылы енген сөздерді Қазан төңкерісіне дейінгі және Қазан революциясынан кейінгі кезеңде енген сөздер деп екі үлкен топқа бөліп қарастыруға болады. Бұлай бөлудің өзіндік ерекшеліктері де жоқ емес.

Төңкеріске дейін енген сөздер араб-парсы сөздері сияқты ауызша енгендіктен фонетикалық өзгерістерге ұшыраған. Ал революциядан кейінгі сөздердің айтылуы да, жазылуы да орыс тіліндегі қалпын сақтап қалады.

Революцияға дейінгі кезеңдегі сөздерге жәрменке (ярмарка), жәшік (ящик), бөтелке (бутылка), бөрене (бревно), эшмөшке (восьмушка), сіріңке (серняки), божы (вожжи), бөкебай (пуховой), самауыр (самовар), шен (чин), сот (суд), түрме (тюрьма), әтпекет (адвокат), кір (гир) т. б. сөздер жатады. Бұлардың ішінде кейбір сөздер қазір орыс тіліндегі нұсқасымен айтылып та, жазылып та жүр. Мәселен, атпекет, пошта, кәмпит сөздері баспа беттерінде адвокат, почта, конфет болып жазылып жүр.

Қазан революциясынан кейін енген сөздердің қазіргі әдеби тілде молдығы қоғамдық-саяси, мәдени, оқу, ғылым, техника, сауда, спорт, әскери ұғымдарға тікелей байланысты. Мысалы: демократия, диктатура, партия, конференция, пленум, фабрика, электр, энергия, машина, станок, троллейбус, трамвай, бригадир, азот, фосфор, гербицид және т. б.

7. Басқа тілден сөз алу тіл-тілде екі түрлі жолмен іске асады:

- 1) тікелей сөз алу;
- 2) калька тәсілі арқылы сөз алу.

Жоғарыда аталған араб-парсы, монғол, орыс тілдерінен енген сөздердің бәрі де бірінші жолмен іске асқан.

1. Ал калькалау жолымен сөз алуда сөздің құрылысын сақтап аудару арқылы сөздің мағынасы беріледі. Мысалы, қатынасушы (участник), қатараралық (междурядие), қалааралық (междугородный), оқулық (учебник), тоңазытқыш (холодильник), шаңсорғыш (пылесос), таным (познание), шешім (решение), ұшқыш (летчик), ағым (течение). Бұл сөздерде сөз құрылысы (түбірі, жұрнағы) толық аударылған. Сондықтан аударудың бұл түрін *толық калька* деп атайды.

2. Өзге тілден сөз, морфемалары толық аударылмай құрамына төл сөз компоненті араласып та алынады. Мысалы, облысаралық (межобластной), курстас (сокурсник), тракторшы (тракторист), боксшы (боксер). Бұлар өзге тілден жартылай аударылып алынатындықтан *жартылай калька* деп аталады.

3. Кейбір өзге тілдерден сөздерді аударғанда тек мағынасы алынады да, оған ана тілінен балама табу жолы бар. Бұған буын (поколение), өкімет (власть), үкімет (правительство), түйсік (ощущение), отар (колония), балмұздақ (мороженое) т.б. сөздерін жатқызуға болады. Мұны *семантикалық калька* деп атайды. Яғни семантикалық калька бойынша ана тілі сөзінің шет тілі сөзінің әсері арқылы жаңа, ауыспалы мағыналарға ие болуын айтамыз. Әдетте кальканың лексикалық, сеантикалық, фразеологиялық және синтаксистік түрлері көрсетіледі. Жоғарыда кальканың лексикалық және семантикалық түрлеріне мысалдар келтірілді. Фразеологиялық калька – шет тілдік тұрақты тіркестерді сөзбе-сөз аудару болса, синтаксистік калькаға шет тілі қалыбына салынып жасалынған синтаксистік констукциялар жатады. Мұндайлар жеке сөз тіркестері, жеке сөйлемдер болып келуі мүмкін.

Кірме сөздер төл сөздеріміздей қызмет атқарып, қазақ тілінің сөздік құрамынан тиісті өз орнын алады және олар сөздік құрамды сан жағынан ғана толықтырмай, сапа жағынан да байытады. Ескерте кететін нәрсе: сөз ауысу процесі екі жақты болады. Қарым-қатынас жасау барысында шет тілінің сөздері біздің тілімізге еніп қана қоймай, қазақ тілінің сөздері де өзге тілдерге де еніп жатады. *Қазақ (түркі) тілінен араб-парсы тілдеріне енген сөздер* қатарына «ата, адырна, орда, құрылтай, елші, қылыш, қонақ, ақша, сорпа, ұлы, бұғау, құл, темір, ту, тоқпақ, олжа, қарауыл, қосын, аю, арыстан, қарға, қаз,

қарақұс, сұңқар және тағы басқа сөздерді жатқызуға болады.

Қазақ тілінен монғол тілдеріне енген сөздер: абдыра, аяң, емші, қом, талқы, сарын, жұт т.б.

Қазақ тілінен орыс тіліне енген сөздер: кірпіш, саман, үтік, керуен, шабадан, тауар, кесек (кусок), шыр (жир), бурыл (бурый), току (ткать), бұрғылау (бурить) т.б. сөздер енген (4,91 б.). Б.Қалиевтің көрсетуінше, мұндай сөздердің саны 500-ге жуық.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Ғалиев Қ., Болғанбаев Ә. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. – Алматы, 2003.
2. Қалиев Б. Қазіргі қазақ тілі. – Алматы, 2004.
3. Хасенов Ә. Тіл білімі. – Алматы «Санат» 1996.
4. Қалиұлы Б. Қазіргі қазақ тілі. – Алматы, 2004

Тақырып бойынша орындалатын тапсырмалар:

1. Қазақ тілінің сөздік құрамы, қалыптасу мен дамуы, зерттелу жайы.
2. Қазақ тілінің негізгі сөздік қоры, оның басты белгілері, сөздік құраммен арақатынасы.
3. Сөздік құрамның тарихи арналары. Түркі тілдеріне ортақ сөздер.
4. Байырғы төл лексика. Қазақ лексикасындағы кірме сөздер.
5. Кірме сөздердің зерттелу жайы. Кірме сөздердің лексика-семантикалық топтары, олардың тұлғалық және семантикалық өзгерістерін нақты мысалдар негізінде түсіндіру.

Лабораториялық жұмыстар

1. Мәтіннен негізгі сөздік қорға жататын сөздерді бір бөлек, сөздік құрамға жататын сөздерді бір бөлек теріп жазып, оларға түсінік беріңіздер.

Хан көтеріп пір тұтудың орнына, шікірейіп жүріп өлтіріп алдық; егер олар ортамызда жүрген шағында ардақтап әр сөз, әр ісін жоқ дегенде үйреніп үлгерсек - өлмегені ғой, өлтірмегеніміз ғой, ал біз тірі кезінде-ақ өлтіріп аламыз... Қазір апам жоқ! Қара жер қойнына алған. Былтыр мен кигізген атлас көйлекті де ала кеткен жоқ, арулаған адамдар киіп жүр. Сексен жыл жолдас болған жыртық астау да қаңсып қалды әне... қаңсып итаяк болып қалды әне... Апам ала кеткен жоқ. Апамның қойнынан аңқып шығар әжелік иістен жағымды не бар екен жалғанда. Бұл жалғанда картопты тіліп-тіліп жіберіп қызара бөрткен темір пешке қарып жібергеннен дәмді не бар-ау? (О.Бөкей). Темір аспан түсті көк жібектен киінген. Үсті-басы от шашып, жалын жалап тұрған інжі тастар... Бұл тастар оның үстінде бес-ақ мыңдай екен! Қаһарынан қар төккен аппақ басында ақ бөрік. Бөркінің шошақ төбесінде жұдырықтай қып-қызыл жақұт. Темірдің қып-қызыл көзі дүниені жалмап, жалт-жұлт етеді. Қанды көзі қан шашып, төңкеріліп қояды (Ғ.Мүсірепов). Өзенге дейін қозы көш жер. Күн арқан бойы көтерілгенше сұлық жаттым. - Келінжан, Ргиша шал шақыртады сені. Шамаң жете ме? - деді енем. Бойым жансызданып, сал болып қалғандаймын. Амал жоқ, тұру керек. - Хал қалай, қызым? - деді. - Мұқым колхоз жабылып сабап тастағандай. -Әрине, үш кісілік жұмысты жалғыз өзің істесең. Жоңқалаған қабықты келіге салып, ұшында үш айрық темір жүзі бар келсаппен түйгіштей бастадым.

Қобыз - көптеген түркі халықтарында кездесетін қос ішекті музыкалық аспап. Ертеде бұл аспап жыңғыл, үйенді секілді мықты ағаштан ойып жасалған. Қобыздың шығаратын үні адам дыбысына ұқсас. Бақсы-балгерлер оның осы ерекшелігін халықты көк тәңірімен сөйлестіретін құрал деп нандырған. Қобыз жайындағы алғашқы деректер біздің заманымыздан 3 мың жыл бұрын белгілі болған

Қобызды біздің заманымыздың 5-8 ғасырында тасқа қашалған таңба суреттерден көруге болады.

Қобыздың сыртқы түрі адам денесіне ұқсас. Оның мойны, басы мен құлағы, тостағанша дөңгеленіп келген беті, оны қаптаған сірі шанағы болады. Оған жылқы қылы тағылады. Осыған байланысты «қылқобыз» деп аталып кеткен. Қылқобыз қыл керілген ысқы арқылы тартылады.

Жауға ат қояр кезде нарқобыз сарыны естіледі. Нарқобыз – жорыққа шыққанда қолданылған аспап. Ол батырларға күш-жігер беріп, ерлік істерге рухтандырып отырған. Ерте дәуірде барлық жырлар қобыздың сүйемелімен айтылған. Шоқанның көрсетуінше, қобызбен жыр айтқан ең соңғы жырау – Жанақ. Бертін келе қобыз сарыны шертпе күй дәстүрінің тууына елеулі ықпал еткен. Оның үн-әуенін домбыраға түсіргендердің бірі – Сүгір.

1.1 Қазақ тілінің түсіндірме сөздіктерінен сөздік құрамға және сөздік қорға тән сөздерді теріп жазып (15-20 сөз), олардың мағына жағынан сөздердің қандай тобына жататынын анықтаңыздар.

1.2 Түркі тілдерінің екі тілді аударма сөздіктерін пайдалана отырып, берілген мәтіннен түркі тілдеріне тән сөздердің қолданысындағы тұлғалық және мағыналық өзгерістерді айқындаңыздар.

1.3 Түркологиялық сөздіктер мен әдебиеттерді пайдалана отырып, заттық, сындық, қимылдық ұғымдарға байланысты жалпытүркілік сөздерге мысал келтіріңіздер.

2. Берілген мәтіннен монғол, араб-парсы, орыс тілдерінен енген сөздерді белгілеп, оларды этимологиялық сөздіктердің көмегімен қаншалықты

дәрежеде тұлғалық және мағыналық өзгеріске ұшырағандығын анықтаңыз.

Бар қолымнан келгені үзбей хат жаза бердім. Зарықса ел хабары көңіліне медеу болсын деп ойладым. Жетім қыз, жесір келіншек күйін кешкен осы әйелдің жүрегінен, сым қуалаған тоқтай болып, қаншама қасірет өткен. Темір кереуеттің бас жағында, дар тұзағындай салбырап, екі сары сым тұратын еді. Ол электр розеткасының сымы болатын. Оны түзетуге Әсеттің мойны жар бермей жүрген. Ішкен адамның көңілі шартарапқа шабады. Қылмыс пен қиянат, суық жүріс – сондай көңілдің мәуесі болады. Алғашында, анасынан айырылған бойда еңіреу, жылаумен келген ол жайлы сая, жақсы ұя тапқаннан кейін, бесігі тербеліп, әлдіі айтылған жас сәбидің тала маужырап тәтті ұйқыға кететіндей, балалықтың алаңсыз бір жайлауына көшті (Ә.Нұршайықов). Бүгін бір класта арифметика, алгебраның еңбек-бейнеті сол есептерін, сызығы көп, қызығы аз геометрияны тригонометрия мен химияның қиын формулаларын бір жерден тапжылмай, табан аудармай отырып шығарып, дәлелдеп беретін Кабира ғана еді. Алғашқы бетіне аты жазылып, мектептің мөрі басылған талай кітапты Кабира өзі оқығаннан кейін өзгеге беріп қоя беретін (Ә.Нұршайықов). 2001 жылы Алматыда «Қызғалдақ және адам» атты халықаралық фестиваль болып өтті. Оған әр ел елшілері, мәдениет қызметкерлері, өнер адамдары, жаратылыстанушы ғалымдар қатынасып, қызғалдақ гүлінің атамекені Қазақстан екенін бірауыздан мойындады (О.Асқар). Айып-анжысымен дәл жуандардан әперемін деп кетті. Сенің кешегі күнгі еңбегіңе ағайын-анжы ырзалық айтыпты (М.Әуезов). Осынау сыңсыған мұңлы үнді - жұмбақты үнді, сиқырлы әнді Нұржанның өзінен басқа ешкім естуі мүмкін еместігін білген жоқ еді бейшара жігіт (О.Бөкей). Жан ұшырып келе жатса, хан өзінің үй ішімен бас қосып, лапастың астында көлеңкелеп, шай ішіп отыр екен (С.Талжанов). Басқа бір кісі бір ауыз

сөз айтқан жоқ. Құнанбай да мұнан әрі ләм деген жоқ (М.Әуезов). Нұрбүбі кішкене дөңгелек үстел қойып, ас жаулық жайып, нан, бауырсақ салды (М.Әуезов). Мұнтаздай боп жататын жер еден айғыздалып, атүсті сыпырылған (Б.Соқпақбаев). Ердің құны, нардың пұлы емес (мақал). Ер бір рет өледі, қорқақ мың рет өледі (мақал). Санақтағы сиырлар кірге түсірілді ме? (Ж.Тілеков). Трактордың суын ағызбайық деп айттым бағана. Енді, міне, жалмауыз шалдың тұтқыны болып, аждаһаның алдындағы көжектей жаутаңдап отырғанымыз. Елмен аралас-құраласы жоқ, қоршаудан қашып шыққан бұғыдай асяқ ғұмыр кешті. Орнынан атып тұрып, ілулі тұрған мылтыққа ұмтылды. Бақытжан баж ете қалды: - Сотталамыз, ойбай. Осы күні адам түгіл, аю атсаң да штраф салады. Аманжан: - Бұл жерде сот жоқ. Сүйегін қарға көміп тастаймыз. Нұржан: - Сот - қайда да сот. Сеніңше, заң қыста аю секілді ұйықтап қала ма? Бақытжан: -Соны айтамын-ау. Қайдағы бір қайыршы шал үшін көзіміз көгеріп түрмеде отырсақ. «Өлсек те бір-бірімізді тастамайық», - деп қол алыстық. Енді міне... балапан қораздай қоқиланып шыға келеміз. Май шамның лапылдай бастағанын көрген Нұржан орнынан тұрып барды да, майға малтып шуатылған шүберек білтені суырып, шыны тарелканың шетіне шығарып қойды. Ал темір-терсектің барған сайын алтынға айналып бара жатқаны белгілі. Шал: - Ондай соучастниктерді есептей берсек, есеп-шоттың тасы жетпейді, шырағым. -Баламысың деген, менің алғаным жамбас ақы. Оны пұлды өкіметтің қонақ үйіне де төлемейсіңдер ме... Бағанағыдай емес, даусы жұмсақ, қамқорлық байқалған соң жігіттер де мойындарынан мың батпан жүк түскендей жеңілейіп қалған. Мен - өзіммін, басқа емеспін, ендеше, өзімше өмір сүріп, өз мекенімді, яғни өз мемлекетімді құрғым келеді. ... Эпостық жырлардан ғана оқитын ертеке сынды, сиқырлы эмбе сымбатты теңдессіз сұлулық; ... ертегіден іздеп жүрген

махаббатым ба еді: мен сонда дүниеде дәл осы қыздай сұлу, дәл осы қыздай әнші, дәл осы қыздай бақытты адам жоқ деп білдім. Қазақстанның бір пұшпағында түтін түтеткен бұл совхоздың жері Алтай тауларымен жарыса, жалғаса барып, сонау Таулы Алтай өлкесінің аймағымен шектелетін. Россия мен Қазақстанды атақты шың Мұзтаудан бастау алатын ағыны қатты Хатынь өзені бөліп жатар еді (О.Бөкей. Қар қызы).

Сөздіктер:

1. Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігі. – Алматы, 1966.
2. Әбдірахманов А. Топонимика және этимология. –Алматы, 1975.
3. Махмұт Қашқари. Түрік сөздігі. Аударған: А.Егеубай. I,II т. –Алматы, 1997. III т. –Алматы, 1998.
4. Оңдасынов Н.Д. Арабша-қазақша сөздік. –Алматы, 1989.
5. Оңдасынов Н.Д. Парсыша-қазақша түсіндірме сөздік. –Алматы, 1974.
6. Рүстемов Л.З. Араб-иран кірме сөздерінің қазақша-орысша түсіндірме сөздігі.
7. Севортян Э.В. Этимологический словарь тюркских языков I-III т., -М., 1980.
8. Монғолша-қазақша сөздік. Ұланбатыр, 1954. Құрастырушылар: С.Хабшай, Ә.Мініс.
9. Нұрмағамбетов Ә. Жергілікті тіл ерекшеліктерінің теркіні. –Алматы, 1985.
10. Нұрмағамбетов Ә. Қос сөздер құпиясы. –Алматы, 1991.
11. Жанпейісов Е. М.Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясының тілі. –Алматы, 1976.
12. Сыздықова Р. Сөздер сөйлейді. –Алматы, 1980.

Лекция № 9

Қазіргі қазақ тілі лексикасының аймақтық-әлеуметтік топтары

1. Жалпыхалықтық және арнаулы лексика.
2. Арнаулы лексиканың қызметі.
3. Диалектілік лексика және оның қызметі.

1. Қазіргі қазақ тіліндегі сөздер қолданылу өрісіне қарай үлкен екі топқа бөлінеді: жалпы халыққа түсінікті, қазақ халқы түгел қолданатын сөздер де, екіншісі – таралу аясы шектеулі, белгілі территорияда ғана қолданылатын диалект не әлеуметтік ортаға қызмет ететін кәсіби сөздер, терминдер, арго, жаргондар.

Бірінші топқа енетін жалпы халық қолданатын сөздер бүкіл әдеби тілдің негізін құрайды және тілімізде сөз жасауға негіз болады. Онсыз халық бір-бірімен қатынас жасауы мүмкін емес. Қандай ойды жеткізсек те, біз сол жалпыхалықтық лексиканы пайдаланамыз.

Ал таралу аясы шектеулі сөздер тек белгілі бір территорияда ғана қызмет етеді. Қолданылу аясы тар лексиканың түрлері мыналар: диалект сөздер, арнаулы сөздер, арголар мен жаргондар.

2. Арнаулы лексиканың (терминдер мен кәсіби сөздер) қызметі.

Терминдер - әдеби тілге жататын лексика құрамының бір қабаты. Ғылым мен техника, ауыл шаруашылық т.б. өндіріске байланысты ұғымдардың атауы терминдер деп аталады. Терминдер қолданылу аясына қарай шектеулі болып келеді. Олар негізінде әрбір кәсіп, шаруашылық, ғылым саласында қызмет етушілердің арасында ғана қолданылады. Терминдердің пайда болуы

ғылым мен техниканың дамуымен тығыз байланысты. Терминдерге бір мағыналық тән, себебі олар бір ғана дара ұғымды білдіреді, терминдердің өн бойында стильдік эмоциялық мән болмайды. Терминология әдеби тіл лексикасының бір саласы болып табылады. Әдеби тілде *сауыт* деп «оқтан, найзадан, сүңгіден сақтану үшін ертеде батырлар киген тор көзді темір кіреукені» және «зат салып қоятын кішігірім құты ыдысты айтса, биологияда *сауыт* (панцирь) деп «кейбір жәндіктер (мысалы, шаянтәрізділер) мен жануарлардың (бірсыпыра балықтар, жорғалаушылар, тасбақа, крокодил), сүтқоректілердің денесін қаптап, оларды жауыннан, зақымданудан қорғайтын қатты жабындыны» айтады (2, 41 б.).

Кәсіби сөздер деп белгілі кәсіпке байланысты қалыптасқан терминдерді атайды. Кәсіби сөздер әр түрлі аймақтың өз шаруашылығына байланысты қалыптасатындықтан таралу аясының шектеулігі жағынан диалект сөзге өте жақын. Енді бір жағынан кәсіби сөздер белгілі шаруашылық ұғымдарының атауы жағынан ғылыми терминге өте жақын. Сондықтан да бау-бақша, мақта, күріш, мал өсіру, балық, аң аулауға байланысты терминдердің дені сол шаруашылыққа байланысты кәсіби сөздерден жасалады. Бірақ кәсіби сөздің барлығы ғылыми термин бола алмайды, кәсіби сөздер диалектизм сияқты жергілікті тілде ауызша қалыптасқандықтан, оның да фонетикалық, лексикалық, грамматикалық (сөз жасау) ерекшеліктері болады. Сондықтан кәсіби сөздердің ішінен әдеби тілге лайықтылары таңдалып қана алынады. Кәсіби сөздер тілімізде таралу жағынан да, әдеби тілге қатысы жағынан да біркелкі емес. Мысалы, күнбағыс // күнбағар, дақыл, жүгері, қияр, жүзім, алмұрт сияқты сөздер жалпыхалықтық сипат алып, әдеби тілден орын алса, борми//порми, көмбеқонақ, бәдірен, ботташық, бәреңгі (картон) сөздері жалпыхалықтық сипат ала алмай, жергілікті сипаттағы кәсіби сөздерді құрайды (3, 65 б.).

Терминдер мен кәсіби сөздердің қолданысы. Кәсіби сөздерді кәсіп иелері, терминдерді арнаулы әдебиеттерде ғана қолданады. Дегенмен көркем әдебиет, публицистикада автордың белгілі бір өндіріс шаруашылығын суреттеу үшін және кейіпкердің қандай мамандықта жұмыс істейтінін аңғарту үшін қажет болады. Бірақ қолданылған арнаулы сөздің оқырманға түсініксіз болмауы жағына ерекше назар аудару керек. Егер автор көпшілікке түсініксіз кәсіби сөз не терминді қолдануды қажет деп тапса, онда оған түсініктеме беруді ұмытпағаны жөн. Қысқасы, орынды қолданылған кәсіби сөз не термин шығарманың ажарын ашып, автордың ойын дәл де әсерлі жеткізуге көмектеседі. Өйткені көркем әдебиет объектісі - өмір, адам тіршілігі. Сондықтан кәсіпкерлерінің қызмет бабын кәсіби сөз не терминсіз барынша шыншыл, барынша әсерлі де образды көрсете алмайды.

3. Диалектілік лексика және оның қызметі. Әдеби тілде қолданылмайтын, тек белгілі бір территорияда тұратын халық тілінде ғана кездесетін сөздер диалект деп аталады. Диалектілік лексикаға белгілі бір жердегі (аймақ, облыс, аудан) жергілікті тұрғындардың сөйлеу тілінде қолданылатын сөздер жатады. Мысалы,

Диалект сөздер әдеби тілге қатысына қарай бірнеше түрге бөлінеді:

1. Лексикалық диалектизмдер;
2. Лексика-фонетикалық диалектизмдер;
3. Семантикалық диалектизмдер.

Диалектизм әдеби тілден тыс құбылыс, дегенмен оның әдеби тілді толықтыруға, байытуға үлесі мол. Халық тұрмысында ғылым мен техниканың дамуына байланысты көптеген жаңа ұғымдарға атау табу қажеттігі туғанда халық қазынасы ретінде пайдаланатын сөздеріміз – диалектизм. Мысалы, марля сөзінің баламасы ретінде – дәке, носилка сөзінің баламасы ретінде – зембіл, подряд сөзінің баламасына – мердігер, минералды су мағынасында

арасан сөздері әдеби тілге диалект қатарынан ауысты. Әдеби тілдің лексикасы мен аймақтық лексика арасындағы байланыс сияқты, ғылым мен техниканың түрлі саласына қатысты терминологиялық лексика мен аймақтық лексика арасында да байланыс бар. Қазақ терминологиясында диалектілік лексиканың терминденуі арқылы жасалған терминдер тым жиі болмаса да кездеседі. Мысалы, батыс сөйленістерінде қолданылатын *тәп* сөзі биология терминдерінің қатарынан орын алған. Қазақ тілінің диалектологиялық сөздігінде бұл сөз «сөктен жасалған ботқа, каша; көженің қоюы» деген диалектілік мағынаға ие болса, 1988 жылы жарық көрген биология арнаулы сөздігінде *тәп* (*барда*) терминіне «малға жем ретінде пайдаланылатын спирт өндіргенде қалатын қоймалжың қалдық» деген анықтама берілген. Диалект сөздің білдіретін ұғымы мен терминдік ұғымның ұқсастығына (қою, қоймалжың) термин сөз жасалған (2, 103 б.).

Диалектизм тіл-тілде бір тілде сөйлейтін халықтың өз арақатынасының аздығынан пайда болады. Қазіргі кезде жастардың мектепте оқуы, бәрі бірдей әдеби тілде жазылған оқулықты пайдалануы, газет-журнал, көркем әдебиет халыққа тең тарап, радио-теледидарды тегіс тыңдап, көріп отыруы әдеби тілде сөйлеушілердің санын көбейтіп, диалектизм бірте-бірте азайып келеді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Айғабылұлы А. Қазақ тілінің морфонологиясы және лексикологиясы. – Алматы, 2006.
2. Құрманбайұлы Ш. Қазақ лексикасының терминденуі. – Алматы, 1998.
3. Қалиев Ф., Сарыбаев Ш. Қазақ диалектологиясы. – Алматы, 1991.

Тақырып бойынша орындалатын тапсырмалар:

1. Сөздердің қолданылу өрісіне байланысты түрлері.

2. Жалпыхалқытық лексика. Қазақ тіл біліміндегі терминология мәселесі.

3. Жалпыхалықтық лексика мен терминологиялық лексиканың байланысы.

Нақты мысалдар негізінде лексикалық, терминологиялық талдау жасау.

4. Диалектілік лексика. Қазақ тіліндегі жергілікті ерекшеліктер.

5. Жалпыхалықтық лексика мен диалектілік лексиканың байланысы. Нақты мысалдар негізінде диалектологиялық, терминологиялық талдау жасау.

6. А.Байтұрсынұлы еңбектеріндегі лингвистикалық терминдер және олардың қазіргі қазақ тіл біліміндегі қолданысы.

Лабораториялық жұмыстар

Мәтіннен жергілікті сөйленістерді тауып, оларды лексикалық, лексика-семантикалық, грамматикалық, фонетикалық, этнографиялық диалектизмдер түрлеріне қарай топтастырыңыз. Олардың көркем шығарма тіліндегі стильдік қолданысына назар аударыңыз.

Ол шақта Москва бару біздерге ғана емес, бүкіл ауыл-аймаққа қол жетпес арман, мәңгі ұстатпайтын сағым сияқты болатын. Қара су ұрттасаң, қайта құсатын легенінді жастап, көрер таңды көзіңмен атқызатынсың. – Барсам ба деп ем, ораза күні де келіп қалды, қайдам әкем.... –деп қасындағы Жабағыға көзінің бір қырын салып қойды (Қ.Сланов). Е, бұ да бір ағайын. Ныспысы - Әурен. Осы елдің ат үстіндегі азаматтарының бірі. Қалада қызмет атқарады. Еліне демалысқа келіп жатыр екен, маған көрісе келіпті. Не болса содан секем алатын кіділігі де бар (Ә.Нұрпейісов). Құсы да, иесі қоразданар (Абай). Клуб пен

қоспақ дүкеннің жарлары қорасан шыққан адамның бетіндей қожыр-қожыр, итарқалап жапқан төбесінен төмен сорғалаған жырашықтар тәрізді осылып жатыр (Х.Есенжанов). Күз түсіп, өзенге шәуіш жүре бастағаннан бері бұл үйге біздің құлағымыз үйреніп болған-ды (Ә.Сәрсенбаев). Түніменен «соқыр теке» дер жүргенде, құжантық ілінбес шарқатына (Қ.Сланов). Қара кемпір арқасындағы ішіне түйе жүн салып сырыған пүліш жадағайын баласының иығында бір уыс боп бүрісіп жатқан келінінің иығына жапты (Ә.Кекілбаев). Шашым бапайын-сапайын болып кетіпті. Ешнәрсені елемей, далдың-дүлдің жүре береді. Төлеген ыпы-тыпы атқа мінді. Ырысбек домбыраны қолына алып, мұңлы әнге баса жөнелді. Апам сағы сынғандай тұнжырап, қабағы кіртііп, бет-аузының ажымдары көбейіп мүлде аянышты болып кетті. Әйтпесе біздің жағдай мүлдем басқадай болар еді ғой, кім біледі, мүмкін аштан қатар едік (С.Мұратбеков). Анау ақар-шақар шындар да, мынау ирек-ирек жолдар да әлдене деп ымдайтындай. Әлгі аталған елді мекендер атты кісіге бір шалап ішім ғана жерде тұрса да, біз мынау жан-жаққа тармақ-тармақ шашырап жатқан жолдар дүниенің төрт бұрышына түгел тарап кеткендей көретінбіз (Ә.Кекілбаев). Азанда жауған ақша қар мәрмәр ұнтағындай таза, күннің көзі түсіп еді сынапша жылтылдап, жабырқау тартқан өңірдің бойына қан жүгіртті. Аруананың өлімін Жандос қатты азалады. Аруананың топырағы торқа болатыны рас: күншығысты беттей жосылып кеткен уақ-шуақ салқар көштің ең ақыры болып, маңыған сары інген сол бір ерқашты қылған ырғақ пәтуасыз кезбеліктің түбінің қайыры жоқ қаңғып өтер қайран тірлік екенін күн ілгері болжағандай ерте аттанды бұл дүниеден... (О. Бөкей). Атаман «Нар идірген» күйін онар алдында: «Ботасы өлген тұмса нар күні-түні зарланып, иімей қойған екен. Ұнға қолы жетпеген қыр кедейлері құмаршық дәнін диірменге тартады да, нан етіп жейді. Ұнтақталған құмаршықты

ұртымызға толтырып алып, талмай бастадық (Ә.Сәрсенбаев). –Сен тағын, тағы бастадың ба?! Қанша ұрмет қысам да бармай-ақ қойдың ғой, жүдә? (М. Әуезов). Жаман туыстан жақсы қонсы артық. Ауыз – дарбаза, сөз – самал, Құдай ұрғанға не амал. Өгізіне күші жетпеген арысын төбелейді (мақал). Еруліге-қарулы болғысы келмей, біржола пәстеніп, жеңілгендей боп аттанған (О. Бөкей).

Адайлар әлде бүгін шатты ғажап,
Әлдебір өліспекке ант қылажақ.
Он-он бес ошарылған әр төбеде,
Сардары садағы бар атғы қазақ

(Х. Ерғалиев)

Құлаққа дауыс жеткесін,
Төрехан төре саналы,
Терезеден қаралы.
Қарғыс берер Қарашаш,
Қайта айналып баралы-ай.
Төрехандай ініге
Қорған бола барам деп,
Алда кетіп қалалы-ай.

(Н. Байғанин)

Аузы кіші, қарны әйдік,
Қой семірсе көтерер.
Қарны кіші, аузы әйдік
Ит семірсе құтырар.

(Мақал)

Мәтіннен арнаулы сөздерді тауып, олардың терминдік мағынасын жалпыхалықтық қолданыстағы сөздер мен терминдердің семалық құрылысындағы ұқсастықтар мен өзгешеліктерін саралай отырып жазыңыз, кәсіби сөздерді қолданылу түріне (әдеби, диалектілік) қарай саралаңыз.

Үлгі:



Тұраш пен Сапаш аяқтарын ұшынан басып имене таянды. Қарт оларды үйіне ертіп кіріп, тәпелтек столдың жанына отырғызды. Екі баланың екеуінде де өң-түс жоқ. Бір-біріне көз астымен қарасады. Дәукен қарт балаларға назар салмаған болып жүр. Аспай-саспай қимылдап, әлгі әкелген дәмбілшесін жарды. Тіліктеп-тіліктеп, стол үстіне жайып тастады. – Біздің әңгелек пісті. Ал, айналайындар,

жеңдер. Балалар қол салмай момақан отыр (Н.Серәлиев). Жер дүниенің бәрі аппақ. Тек терезе тұсындағы бір түп қарақат шілігінің астыңғы жағы ғана қарауытып көрінеді (С.Шаймерденов). Сортан батпақты жерлердегі зауырларды тазалау, тереңдету, жаңадан зауыр қазу жаңа су арықтарын тазалау жұмыстарын суық түскенге дейін бітетін етіп, ерте бастау керек. Мақта жерлерін дер кезінде зәб айдаумен қамтамасыз ету үшін, мақта теру жұмысы бітісімен-ақ қоза-паясын жинап алу керек. Пішендік жоңыршқадан да, тұқымдық жоңыршқадан да мол түсім алу үшін жоңыршқа егуге белгіленген жерлер міндетті түрде шым аударғышы бар соқамен зәб айдалынуы тиіс (Газет материалдары). Бұлардың гарнирлері де әр түрлі болмай, бірыңғай вермишель, қарақұмықтан жасалады. Құмсыз жер болмас, балберкісіз ау болмас (мақал). Қолында бір уыс бидай. Председательдің айтуы бойынша, бір масақтан түскен бидай. Ал соның ішінде бес-алты тал кара бидай жүр. Ұзын қабырғада үш қатар қойманы толтырып тұрған шыны ыдыстары, түрлі түтіктері, ерітінділері мен сілтілері бар кішкене лабораторияға үш қыз келіп кірді. – Болған фактіні құр қағазға түсіргенімен ештеңе де шықпайды. Бұл үшеуі көп күндердің ұзақ сағаттарын лабораторияда өткізумен, талай-талай тәжірибелер жасаумен шайыр майының құрамында кара май мен балауыздың, бояу тағы басқа заттардың барын анықтады. Қорытынды жасау керек. Айталық, қарамайдан лак пен сүргіш жасауға болады. Ал майлы балауызды сабын мен шырақ майын жасау өндірісіне қолданып жүр. Егер соларын ажыратып алса, бұл шөптің пайдалы шөп екеніне дау жоқ (С.Шаймерденов). Ал жазықтар аралығында платформа қалқандарына сәйкес келетін Гвиана, Бразилия таулы үстірттері орналасқан. Оңтүстік Америка жері пайдалы қазбаларға өте бай. Шығыстағы таулы үстірттердің қойнауларында темір, марганец, уран кендері, никель, алмас пен алтынның, ал ойпаттарда

мұнай, табиғи газ, тас көмірдің ірі кен орындары бар. Тірі ағзалардың барлығына тән қасиет – жасушадан құралады. Жасыл өсімдіктердің қалай қоректенетіні естеріңде ме? Ауадан – көмірқышқыл газ, топырақтан – су және минералды заттарды сіңіреді. Теңіз түбінде мекендейтін маржан тапжылмай бекінген орнынан қозғалып жүрмей-ақ өмір сүреді. Жоталардың жан-жағын қоршай, теңдессіз өте үлкен алқапты қамтитын терең ойыстар – қазаншұңқырлар орналасқан. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының анықтамасы бойынша, денсаулық дегеніміз –

ағзада аурудың не болмаса физикалық кемістіктің жоқтығы ғана емес, ол табиғи (физикалық), рухани және элеуметтік толық аман-есендік (мектеп оқулықтарынан). Сүйекті көп сақтауға тропикалық ыстық мұрсат бермейді. Апыл-ғұпыл дөрекі жонылған табыт оның денесін аралдың қызғылт топырағы астына алып кетті. Жалғыздықтың, жалқылықтың белгісіндей оқшаулана жас мола томпиды. Шар жылтырақ болаттан жасалған. Қабырғасының қалыңдығы 1,0 см – 1,14 см-ге дейін. Салмағы 9,67 килограмм. Диаметрі 20,22 см. Кейбір жерінде жырылған із және кішкене томпайған дөңес бар. Қосылған жері мүлде байқалмайды. Зерттеу барысында шардың ішінде көптеген дөңгелек бірденелер бар екені анықталды. Шардың магниттік қасиеті бар. Және ол екеу ғана емес, үш немесе төртеу болуы да мүмкін. Шардан пайда болатын магниттік өріс тоқтаусыз қозғалыста, бірде күшейіп, бірде төмендеп тұрады. Шардың қозғалысы дыбысқа тікелей қатысты. Дыбыстың діріліне сай шар ешқандай «мақсатсыз» қозғалысқа түседі. Бұл кейде 12 минутқа дейін созылады. Қазақтар кейде бір кішкентай ғана мүйістің өзін түбек деп жатады ғой, ал менің ауылым Каспий теңізінде, нағыз түбектен орын тепкен (газет материалдары).

Лекция № 10

Қазіргі қазақ тілі лексикасының стильдік топтары

1. Стильаралық бейтарап лексика.
2. Кітаби лексика.
3. Эмоционалды-экспрессивті сөздер.
4. Тұрмыстық-қарапайым сөздер.
5. Варваризмдер және олардың қолданылуы.
6. Сөздердің актив және пассив қолданысы.

1. Стильаралық бейтарап лексикаға стильдік тармақтың белгілі бір түріне ыңғайланбаған, яғни функционалдық стильдердің ешқайсысына жатқызуға болмайтын сөздер жатады. Оған: су, нан, теңіз, көл, дала, ағаш, өсімдік, жапырақ, жоғары, төмен, ой, қыр, қырат, жау, ойпат, отыз, қырық, кет, кел, жоқ, қазір, бүгін, ертең, қыс, жаз, көктем, күз т.б. сөздер жатады. Стильдік тармаққа сараланған сөздерге белгілі бір стильде қолданылып қалыптасқан сөздер жатады. Стильаралық сөздер нақты бір стильге емесе, стильдердің бәріне бірдей дәрежеде қатысты болғандықтан, бейтарап лексика деп танылады. Стильаралық сөздер сөйлеу тілінде болсын, жазба тілде болсын қолданылатын лексиканың негізін қалайды. Оларсыз тілдік қатынас жасау мүмкін емес. Стильаралық лексиканың басқа функционалдық стильдердің лексикасынан айырмашылығы зат, құбылыс, сапа, қасиет, іс-әрекет атауларын қарапайым, нақты қалпында білдіретіндігінде.

2. Кітаби лексика деп әдеби нормаға түскен, стилистикалық қолданысы жағынан сараланған жазба тілге тән сөздерді айтамыз.

Қазақ тіліндегі кітаби лексика тарихи және қазіргі тілдік тұрғыдан екі салаға бөлінеді: 1) ескі дәуірдегі кітаби лексика; 2) қазіргі кітаби лексика. Қай дәуірдегі әдеби тіл болмасын, сөз қолданылуында қалыптасқан нормалық белгілердің болуы, стиль жағынан саралануы шарт. Мәселен, қазіргі әдеби (кітаби) тілдің лексикасына келсек, оның нормалық белгілері қазақтың жалпыхалықтық лексикасына негізделсе, ескі дәуірдегі кітаби тіл жалпытүркілік сипатта айтылып жазылатын болған.

Қазіргі әдеби лексика халықтық лексиканың сұрыпталып екшелген, дамып жетілген, айтылуы мен жазылуы принциптері айқындалған түрі болып табылады. Бұған сөйлеу тілінің тұрмыстық-қарапайым лексикасынан, диалектизмдерден басқа, әдеби нормалық белгілердің қатаң сақталуын талап ететін публицистикалық, ғылыми және ресми құжаттар стильдерінде, көркем әдебиет тілінде қолданылатын сөздер жатады. Әрбір стильге тән сөздер олардың бәріне ортақ белгілерімен сипатталады. Ресми іс қағаздары стиліндегі сөздер өздерінің бірыңғай бір ізде қолданылуымен, мейлінше нақта, дәлдігімен, жанрлық тақырыптарының тұрақтылығымен сипатталады. Мысалы: сенім грамотасы, төтенше және өкілетті елшісі, келісім шарт, сенімхат.

Публицистикалық стильдегі сөздер өздерінің әсерлілігімен, тартымдылығымен ақпараттық мәліметтердің дәйектілігімен сипатталады. Мысалы: жөкешелендіру, нарықтық қатынас, сыбайлас жемқорлық және т.б.

Ғылыми стильде қолданылатын сөздер айтылатын ой-пікірдің дәлелді, терминдік мағынаны дәл беруіне орай, дерексіз ұғымдарды білдіруде кеңінен қолданылады: теңестіру, кеңістік, ой тұжырымы және т.б.

Ал көркем әдебиет стилінде жалпыхалықтық сөздердің қолданылу көлемі әлдеқайда кең, онда көркемдеу тәсілдері арқылы өмірде бар я болуға тиісті көріністер мен құбылыстарды адамның ішкі сезіміне әсер ететіндей етіп

суреттейтін сөздер, шындық өмір жайында автордың өз көзқарасын білдіретін сөздер мол қолданылады.

Қазіргі кітаби лексиканың негізінде сөйлеу тіліне де, әдеби тілге де ортақ жалпылама сөздер жатады. Жалпылама сөздер ешбір мамандық талғамайды, бір тілде сөйлейтін халықтың бәріне бірдей, сөйлегенде де, жазғанда да ұйытқы, тірек болады. Бірақ жалпылама лексика кітаби тілде табиғи халықтық қалпында ғана қолданыла бермейді, көп жағдайда сөз шеберлерінің өңдеуінен өтіп, әдеби нормаға ие болып отырады. Бұл - әдеби лексиканың сөйлеу тіліндегі лексикадан ең басты айырмасы болып табылады.

Әдеби тілде сөйлеп, әрі жаза білу үшін жалпылама лексикамен қатар сол тілдің арнаулы сөздерін (терминологиясын), көнерген сөздері мен неологизмдерін, эмоционалды-экспрессивті лексикасын, ескі дәуірдегі қолданылған кітаби тіл элементтерін білу қажет.

3. Эмоционалды-экспрессивті лексика.

Адамның сезіміне әсер ететін сөздер тобы **эмоционалды-экспрессивті лексика** деп танылады. Эмоция бар жерде экспрессивтілік те болады. Әсіресе сүйіспеншілік, масаттанушылық, еркелік, таңырқаушылық, қошаметшілдік, өшпенділік, үрейлену, сес көрсету т.б. Мұндай сөздер тобы негізінен сөйлеу тілі мен көркем әдебиетке тән. Эмоционалды-экспрессивті мәні бар сөздер әр түрлі жолдармен жасалады. Дегенмен бейнелі сөздердің қайнар көзі еліктеуіш (жалт-жұлт, ырғаң-ырғаң, былқ-сылқ т.б.) болып табылады. Эмоционалды-экспрессивті лексиканы түсіну үшін оны эмоционалды-экспрессивті бояуы жоқ сөздерден ажырата білу керек. Бейтарап сөздер мен эмоционалды-экспрессивті сөздерді *алдамшы, суайт, өсекші, өтірікші, көз бояушы* сөздерін бір-бірімен салыстырсақ, өтірікші сөзі бейтарап болады да алдамшы, суайт, өсекші сөздеріне сөйлеушінің көзқарасында жек көру, менсінбеу аңғарылатындай бояу бар. Мысалы, тою -

милығы, жүзі - бет-алпеті, ұрлау - жымқыру, сөйлеу - сарнау, бәдігін сапыру; үлкен көз - бадырақ көз, жақсы - тамаша сөздердің біріншісі бейтарап сөз болса, екінші, үшінші қатардағылар экспрессивті бояулы сөздер екені аңғарылады.

Сөйлеушінің не жазған кісінің көзқарасы, пікірінің түріне қарай экспрессивті бояулы сөздер жағымды және жағымсыз белгілерді аңғартатын сөздер болып екіге бөлінеді. Жағымды экспрессивті-эмоционалды сөздер көңілді, сезім мен қуаныш қалыпты, таңырқау, қызығу, сүйсіну мән-мағыналарын береді. Мысалы, ғаламат (өзгеріс), шырқау (биік), ғажайып (көрініс), керемет (әуен) т.б. Жағымсыз эмоционалды-экспрессивті сөздер төмен санау, менсінбеу, жек көру т.б. мән-мағынаны аңғартады. Мысалы, шүңірек (көз), арбиған (дене), сүмендеу, міңгірлеу, болбыр т.б.

4. Тұрмыстық-қарапайым лексикаға күнделікті өмірде, тұрмыстық қарым-қатынаста қолданылатын жалпы халыққа белгілі, сөйлеу тілінің аясындағы сөздер жатады. Тұрмыстық-қарапайым сөздердің ішінде бір нәрсенің бағасын кеміту, құнын төмендету мақсатында қолданылатын, стилистикалық бояуы бар сөздер, дөрекі, тұрпайы сөздер, қарғыс-алуғыс мәнді сөздер де көптеп кездеседі. Тұрмыстық-қарапайым лексика ауызекі сөйлеу тілінде ғана қолданысқа ие. Бұлар дәл осы қалпында әдеби тілде кездеспейді. Әдеби тілде бұлардың орнына стильдік мәні жағынан бейтарап деген синонимдер жұмсалады.

5. Варваризмдер тілге етене сіңбеген, бөтен тілдің сөзі деген ұғымды білдіреді. Варваризмдерді қолданудың әр түрлі жолдары бар:

1) Кейде бір халықтың шынайы өмірін, тұрмыс-салтын суреттеп көрсетпек болғанда, сол елдің ұлттық ерекшелігін бйнелеу мақсатымен саналы түрде әдейі қолданылады.

Мысалы: Орта Азия халықтарының өмірін суреттеген кезде чайхана, пәранжа, қышпақ сөздерін қолдану орынды саналады.

2) Ғындаушыға ерекше әсер етіп, күлдіру үшін халық ақындарының варваризмдерді қолданатын жағдайлары кездеседі. Мысалы:

Қалқатай, қари глаз екі көзің,
Никогда не забуду айтқан сөзің.

(Ақан сері)

3) Өзге тілдегі сөздерді сөзбе-сөз аударуға қиын тиген жағдайда, варваризмдер сол қалпында ешбір өзгертілмей алынады. Мысалы: Абай шығармаларында қазақ тіліне сіңбеген мынадай орыс сөздері кездеседі: визит, закон, виноват және т.б.

4) Варваризмдер кейде қоғамдағы жағымсыз жексұрын типтерді халыққа мазақ етіп келемеждеу үшін де қолданылады. Мысалы:

Сыпыра елірме, сұрқия
Көп пияншік нені ұғар

(Абай)

Мұндағы пияншік сөзі қулық-сұмдықты кәсіп еткен сұрқияларды мысқылдап, жұртқа мазақ етіп көрсету үшін қолданылған.

5) Ана тілін білуге мән бермей, тіл шұбарлаушыларды келемеждеу үшін де жазушылар варваризмдерді қолданады. Мысалы: Осы наметит еткен жұмыстардан реальный ешнәрсені жарыққа шығара алмадық (І. Жансүгіров).

Ауызекі сөйлеу тілінде қолданылып тіл шұбарлайтын варваризмдер де осылармен тектес: конечно, значит, что вы, давай, ну-ка т.б.

6. Сөздердің актив және пассив қолданысы.

Сөздік құрамдағы сөздер қолданылу жиілігіне орай екі үлкен салаға бөлінеді: актив қабаттағы және пассив қабаттағы сөздер.

Актив сөздер - күнделікті тұрмыста қолданылатын, мағынасы түсінікті, дағдылы сөздерді (іш, кел, әкел, ертең, үй, жұмыс, бірақ, күн т.б.) жатқызамыз. Актив сөздер қатарына қолданылуы шектеулі, белгілі бір салада жиі қолданылатын сөздер қатарына терминдер, кәсіби сөздер, кітаби сөздер мен діни сөздерді (жаназа, жаннат, бейіш, тозақ, пітір, зекет, аят, имам, мүфти т.б.) жатқызуға болады.

Пассив сөздер дегеніміз тілде сирек қолданылатын сөздер. Пассив сөздерге қазіргі кезде көнерген я көнере бастаған сөздер және көпшілікке әлі кең тармаған жаңа сөздер – неологизмдер жатады. Жалпыхалықтық лексиканың қолданыстық сипатын сызба түрінде көрсетсек:



Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қалиев Ғ., Болғанбаев Ә. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. – Алматы, 2003.
2. Айғабылұлы А. Қазақ тілі морфологиясы мен лексикологиясы. – Алматы, 2006.
3. Мұсабаев Ғ. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы, 2008.
4. Шалабай Б. Қазақ тілінің стилистикасы. – Алматы, 2006.
5. Балақаев М., Жанпейісов Е., Томанов М., Манасбаев Б. Қазақ тілінің стилистикасы. – Алматы, 2005.
6. Сыдық Р. Сөз құдыреті. – Алматы, 1997.

Тақырып бойынша орындалатын тапсырмалар:

1. Сөздердің стильдік қызметіне байланысты түрлері.
2. Стильаралық бейтарап лексика.
3. Кітаби лексика. Кітаби стильге жататын тілдік бірліктер.
4. Әдеби сөйлеу тілі мен қарапайым сөйлеу тілі. Ортақ тұстары мен өзіндік ерекшеліктері.
5. Тұрмыстық сөйлеу тілі, варваризмдердің көркем шығарма тіліндегі қолданысы.

Лабораториялық жұмыстар

Мәтіннен эмоционалды-эксперссивті мәні бар сөздерді тауып, олардың қолданысындағы стильдік ерекшеліктер мен жасалу жолдарын айқындаңыз.

...тқа мыжырайып отырысы және қамшыны солақай ұстауы
...туыстарының бірі екенін айнытпай танытты Шалабай!
...ешегі мұрнының қаспағын жия алмай жүрген жаман
...жаның өз ақылымен іштеніп, төрт құбыласын сай етіп
...ғаны жамағайындарының көңіліне қызғаныш құртын
...сіріп, көре алмас күңкіл-күңкіл сөз тудырды. Ырылдаса
...руге аналардың жүзі шыдап қара бет бола берсін, сенің
...батың бар еді ғой. Бірақ, осынау сорлы сорап үстіндегі
...йын арасында өткен шатақ шайқастардың қайсы бірі де

отбасының бықсыған шекесінен туып, бәріне де сіңісті боп кеткенін ешкім де есептей бермейтін және түбі осы дерт алып жейтінін де ескермеді. Бұрынғы әке-шешесіне жасайтын шолжақ еркек шоралығы бірте-бірте нәзік еркелікке ұласып өзгеше көрініс тауып, кешегі былдырлап жүрген тұрымтайдай қыздың жарқ етер қырларын таныта бастады. Ол осынау азапты әрі тәтті сезім асқынған сайын, барлық дүниеден оңашаланған оқшау сандалысқа салынып, өңі түгіл түсінде көрмеген жұмбақты бейнені қуып, сағымданған даланы кезе беретін. Жар сабалап жарысып жатқан тоқпейіл, дүлей толқындар қыз мұңын, қыз әнін тыңдай алмады. Ардақ алдында таңғажайып көрініс беріп, кербез керіліп жатты. Қожа көзін сығырайта, тесіліп ұзақ қарады. Бір кезде сықсыған көзі бағжаң ете қалды. Мүмкін, мынау кеудесі есіктей қара бұжыр кісі Алмасты танитын шығар. Қазандай басын суға тығар ма едім? Екеуі жетіқараңғы түнде ақшабақша асыр сап, меңірейіп, жусап жатқан тауды азан-қазан қылды. Ардақ есінен мүлдем ауысты білем, Салықтың көп-көп дарақы қылықтарына мән бермеді. Май шам бықсып жанып тұр. Бүйірі бүлк етіп, ішіндегі сәби тебініп қалған сәтте, шыңғырып далаға қашатын. Ол тұңғыш рет ананың не себептен ардақты, салқар да шалқымалы айдындай айбарлы екенін ұғып, ана жүрегінің зар-запыранын еншіледі. Айналайын, анам-ай, айтшы ақылыңды - неден сорлы болдым, әлде мен туғанда қалжа жемедің бе, әлде әкемді сүймеп пе едің; бір-біріңе жылы сөз айтып, күле қарағандарыңды көрмедім ғой. Сол кезде бұжыр қара, күжірейген жуан мойын Қоқыш қыңыр сөзді қостай берді.

2. Мәтінде берілген варваризмдерді тілдегі қолданыстық аясы жағынан айқындаңыз.

-Қашан деуге керек? Ну, соғыс біткен соң. Шамасы келмеген бөлігін ат соқасымен қайта айдатып та тастаған екен. – Тағы не, басың ауырып тұр ма? – деп Инеш ақырыя сөйлеп, аяғын ұшынан басып үйге кірді. – Айтпақшы,

Манап, осында Майқан звонить етті. – Тартынба, Манап, несіне қорқасың, кір. Белгігұлов досың емес пе? – деді биік прическалы Зада шіңкілдек даусымен. Осындай подход жасамасаң, ұстараның жүзіндей қылп ете қалады... Асфальтті жол соңғы шлагбаумды кесіп өткен соң оңға бұрылды. Осы бір практика дегенің әбден зәрезап етіп болды. Паравоздың айқайы, поездың гүрсілі естілді. – Мәселе мынада: жаңа оқу жылы басталысымен университет ректоры студенттер жазған жақсы ғылыми рефераттарға, әдебиет шығармаларына конкурс жариялаған. Ғылым мен искусствода творчество деп, міне, осыны айтады. – Мәулен, білесің сен? Давай, бүгін әңгімені осында өткіз, – деді. Меніңше, қайтарып беру жөн авторларына. Пусть тереңірек зерттесін. Асықпасын. Ал егер әлде қалай бір қиындық болса... ну ладно, комсомол комитетіне соқсаңшы.

(С. Шаймерденов. Инеш).

3. Мәтіннен кітаби лексикаға және тұрмыстық сөйлеу тіліне тән тілдік бірліктерді анықтаңыз.

Бақытжан: Ұлы мәртебелі мырзам, құлдығыңа бас идік, өзі білмесе де елге ақыл айту – қазақтың қасиетті өнері (О.Бөкей).

Е, өмірге келген әр сәби қабырғасы қатып, бұғанасы беки сала өзін дәйім биіктен көрсеткісі келіп және өне бойы осынау биіктікті аңсап, соған өрмелеп өтері хақ. Ақылмен хауас барлығың, Білмәйдүр жүрек сезедүр. Мутәкәллимін, мантақин, Бекер босқа еседүр (Абай). Башлайын бір алланың атыменен, Түзеткей өз құдіреті затыменен. Бихәмд ле-ллә біздерді қылды инсан, Жайылур біздей құллар хатыменен (Рабғузи, «Қиссас-ұл Әнбия»). Енді мұндай иман сақтауға қорықпас жүрек, айнымас көңіл, босанбас буын керек екен. Якини иманы бар деуге беріктігі жоқ, я алдағанға, я азғырғанға, я бір пайдаланғанға қарап, ақты қара деп, я қараны ақ деп, я өтірікті шын деп, ант ететұғын кісіні не дейміз? XIX

ғасырда электрик (электричество) деген бір жат нәрсе білінді. Бұл электрик күшімен қандай алыс жерлерден сөйлесуге болады. Сағатына 70-80 шақырым жүретін от арбалар шықты. Аурупаның зор қалаларының көшелерінде осы электр арбалар адамдарды алып жүреді. Мұны трамвай дейді. Қара жерде от арба, от кемемен жиһанды кезді. Атсыз жүретұғын арба һәм шана (автомобиль) шығарды. Дунияның төрт бұрышымен тездетіп телеграмма арқылы сөйлеседі («Қазақ» газеті). Бір мың жеті жүз тоқсан сегізінші жылда әсеттің 28 күні белқұллия табиғына арыз қалмағыма садыр болынмыш биік фәрмән жарлығы уасыл болғаннан соң кырғыз-қазақ тарафынан пайдалы істерді білуші кісілерден сайламаққа бұйырылсын (Құжат тілі).

Байеділ хаттың аяғына жеткенде мен қара тер жауып, қан сорпаға түстім. Соқыр боп қалғанымды біле тұрса да, ол кезде маған «соқыр» деген сөз өңменімнен атып жіберген оқтан бетер боп тиетін еді. Маған ештеңе деместен «шу, қара құйрық» деп кете берсе мен не істейтін едім оған. Алдыңнан жарылқасын, жолың болсын, Жоқ менің саған қояр өкпем, қалқам. Ұят емес пе, неге өйгіп жалындың десем, сенен айырылып қалсам ұяттың керегі не маған, – деп күледі апай. Әке әсерде, аға өлген, ендігі қожа өзі. Мұны естіп алғаннан кейін мен одан сайын бұлан-талан болдым. Апамның біресе қызға, біресе шешесіне жалынып, менің ұлымнан безбендер деуі о да бір қорлық боп көрінді мен үшін. Мен енді кетемін бұл жерден деп те соқтым. Алты аласы, бес бересі жоқ сол Тасөткелге келгіштеп жүр дегенді естігінде жүрегім бірден су ете қалды: «Ғайниды осы қу айналдырып жүрмесе игі еді» деген күдік, қолға түскен солдаттай етіп, қоршап алды мені. Ал көзі жоқ адамға күдіктен күшті құдай жоқ екен бұл дүниеде. Мен қоя тұр дедім, ұят қой... Менің Ләйлаға «қонысыңыз құтты болсын» немесе «артиллерист болуыңызбен құттықтаймын!» деген сияқты бірденелер айтуым керек

еді. Бірақ айта алмадым (Ә. Нұршайықов). – Папанның өмірде қолы тие ме, келе алмады. «Академия» деп жүргені ылғи. Осы бір практика дегенің әбден зәрезап болды. Аңызға жел гүледі. «Ай, осы бір қалақ бас, қысық көз, шикіл сарыға не жоқ осы. Ылғы бір кері сөйлеп, надандығын әйгілеп жатқаны», – деп ызаланды Инеш.

Бала жүрегі су ете қалды. Жүгіріп ауыз бөлмеге шықты. – Мына топалаң тигір доңыздарға не болған, өшіріндер үндерінді – деп ақырды. – Шуына шұбатылып кіре алмай жатқан бұл қайсысың, әй? Жап есікті, – деп Сақып кейіп те қалды (С.Шаймерденов).

4. Мәтіннен көркем әдебиет стиліне тән сөз қолданыстарын, айшықты, бейнелі сөздерді тауып, олардың басқа стильдерден ерекшелігін, жасалу жолдарын талдаңыздар.

Бірақ жылт-жылт сығалап отырған көздерге сыр алдырғысы келмей, үйреншікті сұп-сұр қалпына түсіп алды... Елшінің көз алдына қашан көрсең де бір қалпында тұратын сұп-сұр жүзі, тұнжыр жанары мен салыңқы қабағы келді. Бұның бәрі бұрын оған қайдағы жоқ сұмдықтарды ойлап отыратын ішмерездік қана сияқты көрінуші еді, енді байқаса, ішіндегі қара қазандай бұрқ-сарқ қайнап жатқан әлем-тапырық көңілін байқатқысы келмеген ерекше бір ұстам, сабыр екен ғой (Ә.Кекілбаев).

Көл суын таңбалықтан кеше пырылдап, айнадай жарқыраған су бетіне сансыз әжім тастаған жылқылар жаңа ғана тыныштық тауып маужырай бастаған түн тірлігін беймазалап, гүрп-гүрп тарпиды суды. Ай астында көлге жүзіп тұрған құлындардың жон арқасы түнгі сағымдай жылтылдап су періштесіне оқшасады. Ойда жоқта пайда болған түс сынды таңғажайып сурет ішінен, ай астында жылтылдап көл кешіп тұрған жылқыдан мен өз арманым – қара қасқа құлынды іздедім, амал не, жоқ... Дүмкін, кейінгі биелерден ондай қара қасқа құлын қайтып таумаытын шығар... (О.Бөкей). Айнала аппақ қар, сендей

сіресіп тұтаса қатқан суық дүние. Көк тәңірісінде еркін жүзген ай астында аяз сорып, маңқайған бітеу таудың ортасында тұтқын болып – қозыдай қарайып қауқарсыз трактор тұр. Буланып барып, суық ұрған темірін қырау тұтып, түртіп қалсаң қарып түсетін ашу-пошым алып адамның қартайып, қайғы ойлағанда ақырғы рет сілтеніп, түйіліп қалған дәу жұдырығындай кекті бітім. Ұшқан құс, жүгірген аң, қыбыр етер тірлік иесін аяз шалып, үсіп өліп қалғандай – өлі тыныштық. Сазарған ақ түннің, әйтеуір, бір тұсынан атом ғасырының аш қасқыры ұлыды ма, өлім үніндей – қорқынышты ұлу естіледі еміс-еміс. Тек сол ұлу ғана бүгінгі зәрлі түннің жаршысы. Міне, аш ішекше шұбатылып таусылып бітпейтін қыстың ұза-а-қ түнінде қардан жасап алған үйшікте бүк түсіп, ой еміп жатқан үш жігіттің әдемі қиялы қанша сипалап жылытқанымен, маужыратып апарып – үсік үйіне әлдилеп, алдап-сулап кіргізе берген (О.Бөкей). Аққасқа Қасен даусын ести сала, ойға қарай жұлқи бұрап қалғанда – көк шолақтың бели бұраң етіп барып, дүрс етіп құлап түсті. Ауыздары бір-бірінен айырылған жоқ. Екеуінде де үн жоқ. Шайнасу үстінде желімдей қайнасып қатып қалған сияқты. Ең аяғы, болымсыз болса да, тыныс алған дыбыс та білінбейді. –А, құдай!... А, құдай!... Я, сәт! Я, аруақ! Я, ақсарбас!... – дей бере екі атты үстеріне жығыла-жығыла үйіле түсті. Аттар босанып шықты.

–Ойпыр-ай! Ойпыр-ай!... Аузын! – деп келіп, Қасен жуан қамшының сабын Көксеректің көмекейіне тығып жіберіп, мықтап басып тұрып, жауының тұмсығын жоғары қарай қайырып жіберді. Аққасқаның қан басқан тұмсығынан көк шолақтың тістері бір-бірлеп шығып кетті. Аққасқа сонда ғана бүйірінен тартып тыныс алды (М.Әуезов).

Еменге біткен иір бұтақ
Сілкідің марғау өмірді,
Сүренді жолға түстің де.
Үздіксіз шеру – өмірді
Өткіздің ердің үстінде.
Үмітті жанның барлығы
Үзсін деп тұсау-шідерін.
Жүнжіген жуас жарлының
Шылбырдай естің жігерін.
Алаулап жанған сөзіңнен
Аңғардық отты уақытты.
Дос болған сенің өзіңмен
Исатай қандай бақытты!
Әдетте зорды бор қылған,
Түскенде қайғы басқа бір.
Зұлысға сені қор қылған
Заманың қандай тас бауыр!
Ақыры итке талатты,
Андүмен жүріп ізіңді.
Алыптар тартқан садақтың
Адырнасындай үзілдің.
Жетем деп жауың мұратқа,
Сілетеді балта еменге...
Өтпеді қару бірақ та
Өзіңнен туған өлеңге!

(Қ. Мырзалиев)

Қартайдық, қайғы ойладық, ұйқы сергек,
Ашуың – ашыған у, ойың – кермек.
Мұңдасарға кісі жоқ сөзді ұғарлық,
Кім көңілді көтеріп, болады ермек?

Қайрат пен ақыл жол табар
Қашқанға да, қуғанға.
Әділет, шапқат кімде бар,

Сол жарасар туғанға.
Бастапқы екеу соңғысыз
Біте қалса қазаққа,
Алдың – жалын, артың – мұз,
Барар едің қай жаққа?

Асау Терек долданып, буырқанып,
Тауды бұзып жол салған, тасты жарып.
Арыстанның жалындай бұйра толқын
Айдаһардай бүктеліп, жүз толғанып.

(А. Құнанбаев)

5. Мәтіннен публицистикалық және ресми іс қағаздар стиліне тән сөз қолданыстарын тауып, олардың стилистикалық мағынасындағы ерекшелігін, жасалу жолдарын анықтаңыздар.

Елбасы Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына арнаған «Жаңа онжылдық – жаңа экономикалық өрлеу – Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері» деп аталатын биылғы Жолдауының сыры да, сипаты да бөлек. Бұл құжат Жолдау ғана емес, еліміздің жаңа онжылдыққа арналған стратегиялық бағдарламасы іспетті. Өйткені, мұнда республикамыздың экономикалық, әлеуметтік және рухани дамуының алдағы он жылға арналған міндеттері айқында нақты көрініс тауып отырады.

Жаһандану және жаңа технологиялар заманында білім беру жай ғана әлеуметтік сала емес. Бұл болашаққа зиялы ұмтылыс деген сөз. Және бұл үрдіске еліміздің барлық азаматтары қатысады. Сыни ойлау қабілеті, өнегелі сана-сезімі бар және ақпараттық ағымды бағдарлауға қабілетті адамдарды даярлау жоғары оқу орындарында білім берудің басым бағыттарының біріне айналып отыр. Еліміздің өміріндегі өміріндегі білім берудің және интеллектуалды ресурстардың рөлі Елбасы сөзінде нақты

көрсетілген: «Әр азаматтың денсаулық, интеллект және білім деңгейі қаншалықты сапалы болса, соншалықты мемлекеттің бәсекеге қабілеттілігі әлемдік қауымдастығында жоғары болады» (Егемен Қазақстан. №85-87, 6 наурыз 2010 ж.).

Құрметті арулар!

«Нұр Отан» халықтық-демократиялық партиясының Саяси кеңесі Сіздерді көктемнің ең шуақты мерекесі 8 Наурыз мейрамымен шын жүректен құттықтайды!

Сіздер бір отбасын емес, бүкіл әлемді аялы алақандарыңызбен тербете алатын, адамзат баласының ары, рухы, жігерісіздер. Тәуелсіз Қазақстанымыздағы бейбіт тірлік пен бірліктің, жарқын болашаққа деген сенімнің, ізгілік пен мейірімділіктің ұйытқысы да өздеріңіз.

Ел Президенті, «Нұр Отан» партиясының Төрағасы Н. Ә. Назарбаев іскер, талантты, дарынды жандарға барынша қолдау танытып, ұрпақ сабақтастығы

саналатын ана мен бала мәселесіне ерекше назар аударып келеді. Елбасының айрықша қамқорлығының арқасында сіздер отбасының, мемлекеттің, Отанымыздың игілігі жолында аянбай тер төгіп, елдің саяси, әлеуметтік, рухани өмірінде табысты еңбек етіп келесіздер.

Сіздерді бүгінге мерейлі мерекенізбен тағы бір мәрте құттықтай отырып, дендеріңізге саулық, шаңырақтарыңызға шаттық, ырыс-құт тілейміз. Әр тандарыңыз арайлап атып, күндеріңіз нұрға толсын! (Егемен Қазақстан. № 85-87, 6 наурыз 2010 ж.).

Сен өзің бір жасық жігіт екенсің ғой! Одан қорқатын түк жоқ. Барлық фактісі, міне, менің қойнымда отыр, - деп омырау қалтасынан, көп қағаздың арасынан бір қағазды суырып алды. Алды да: - Міне, міне мына қағаз оның әкесін танытады. Танытатын жерге әлдеқашан жіберілген.

Мынау шорнобой деді. Сөйтті де ісі-місі жоқ, қағазын судыратып оқи бастады.

Бекболат амалсыз тыңдады. Кім біледі, кейін бір керегі боп қалар, біз де тыңдайық.

«Семей губпромкомына. Копия. «Қазақ тілі» басқармасына. Н.Үйезі Сартау болысының қазағы Жамандай Тайқотұлынан мағлұмнама

Сартау елінің барлық қанын сорған, байлығын жиып алған Матай балалары. Себебі 1887 жылы Сартау еліне болыснай управитель болған. Сонан үшбу уақытқа шақты еліне әмірінің жүруі бөлек: автономиялы, ханлы ел сықылды.

Халыққа қарайтұғын алым-шығын, поштауай ат һәм лау ат, ауылнай, старшин сайлану һәм елу басы сайлану - баршасы жалғыз Матай балаларының ықтиярында болған. Осындай өз қолымен сайлап қойған ауылнай старшиндер һәм нарядный судьяларының махырлары Әбен Матайұлының қолында болады да, өзі керек қылған кезінде баса береді Ж.Аймауытов. Ақбілек).

Лекция № 11

Қазіргі қазақ тіліндегі неологизмдер, көнерген сөздер

1. Неологизмдер және олардың жасалу жолдары.
2. Неологизмдердің қолданыстық түрлері
3. Сөзжасамдағы өнімді үлгілердің неологизмдерге қатысы.
4. Көнерген сөздер, олардың түрлері, стилистикалық қызметі.

1. Қазақ тілінің функционалды қолданысының артуына байланысты тілдің лексикалық құрамында көптеген өзгерістер болды. Сөздік құрамымызға жүздеген жаңа атаулар енуде. Тіл-тілде жаңа пайда болған және оның жаңа сөз екендігі аңғарылып тұратын лексика қабатын неологизмдер деп атайды. Неологизмдердің актив лексикадан өзгешелігі тек жаңашылдығымен өлшенбейді. Кей сөз пайда болысымен актив лексика қатарына өтіп, жиі қолданысқа түседі. Енді бірі неологизм қалпын ұзағырақ сақтайды. Мұның өзі неологизмдердің қандай ұғымды аңғартатындығында болса керек. Тілдегі, бұқаралық ақпарат құралдар тіліндегі жаңа қолданыстарды жинақтап, оларды сраптамадан өткізіп, жариялап отыру мәселесіне тіл мамандары тарапынан көңіл бөлініп отырады. Мәселен, «Қазақ лексикасындағы жаңа қолданыстар» деген жинақ (Құрастырғандар: Р.Сыздықова, Ш.Сарыбаев, Ө.Айтбаев, А.Алдашева, Н.Уәлиев. – Алматы, 1985. – 68 б.) және осы басылымның толықтырылған екінші басылымы «Қазақ лексикасындағы жаңа қолданыстар» (Құрастырғандар: Р.Сыздықова, Ш.Сарыбаев, Ғ.Әнесов, А. Алдашева, Н.Уәлиев. – Алматы, 1990. – 136 б.). Нақты қазіргі тілде қолданыста жүрген

жаңа атауларды жинақтап, сұрыптап, оларға лингвистикалық талдау жасаған Ш.Құрманбайұлының «Қазіргі қазақ тіліндегі жаңа атаулар мен қысқарған сөздер» еңбегін атауға болады.

2. Неологизмдердің жасалу жолдары ішкі тілдік заңдылықтармен байланысты. Жалпы тілдегі неологизмдердің жасалу жолдары мынадай:

а) Лексика-семантикалық тәсіл арқылы жасалған неологизмдер. Сөз мағыналарының тарылып не кеңейіп жаңаруы арқылы жасалған жаңа атаулар қатарына *жсиек, даңғыл, түлек, нысан, үрдіс, құжат, нарық, тығын, кеден, діл, ағза* және т.б. тілдік қолданыстарды жатқызуға болады. Берілген мысалдардағы *ағза, діл, құжат, үрдіс, кеден* бірліктері тіліміздің пассив сөздер қатарын құраған болса, қазіргі тілімізде бұл сөздердің о бастағы мағыналары негізге алына отырып, қосымша мағына телу арқылы жаңа қолданысқа түскен. Ал *тығын, түлек, жсиек, әл-ауқат* сөздері жалпыхалықтық тілде қолданылып жүрген сөздер болса, өздерінің білдіретін мағыналарының біршама өзгеруі немесе жаңаруы арқалы жаңа тілдік қолданыстарға ие болған. Мысалы, *тығын* атауы тілімізде «бөтелке сияқты өңеші тар ыдыстың ааузына тығылатын зат» деген ұғымды білдіреді. Бұл сөздің брыс тіліндегі пробка (транспортная) сөзінің баламасы ретінде ұсынылуына сөз мағынасындағы «тығындалуы, тығылуы» семалық белгілері себеп болуы мүмкін.

Жалпыхалықтық тілде *әл-ауқат* сөзінің білдіртін мағынасы-. Орыс тіліндегі благосостояния сөзінің қазақша баламасы ретінде о баста «игілік» сөзі қолданылса, кейін келе «әл-ауқат» сөзі тұрақты қолданысқа ие болған.

ә) Аффикстік неологизмдер.

Қазіргі қазақ тілінде неологизм жасауда сөз жасаушы аффикстердің маңызы зор. Қазақ тіліндегі бірқатар жұрнақтар сөз тудырудағы қалыптасқан белсенділігін сақтап қалған. Солардың бірі – -шы, -ші қосымшалары.

Баспасөз материалдары бұл жұрнақтың қазіргі тілімізде де өнімділік танытып, сөз тудыру жағынан алдыңғы қатарда тұрғандығын көрсетеді. Мысалы: *аяқдопшы, көсемсөзші, жүргінші, тапсырышы, көшбасшы, кеденші* т.б. Сөзжасам үрдісінде өзінің белсенділігін сақтап қалған жұрнақтың бірі – лық/-лік, -дық/-дік, -тық/-тік. Мысалы: *әкімдік, серіктестік, кәсіпкерлік, қауымдастық* т.б. Бүгінгі баспасөз беттерінде қоданылып жүрген жаңа атаулар қатары тіліміздегі –нама (-дама) қосымшалары арқылы алынған сөздер. Мәселен, *жаднама, әдепнама, әлеуметнама* сияқты атауларға қарағанда қазақ тілді басылымдарда жиі қолданысқа түсіп жүрген *тұжырымдама, дерекнама, қазанама, тұғырнама* сөздерін жалпыхалықтық қолданысқа түскен тілдік бірліктер *қатарына* қосуға болады. Тәуелсіздік алған жылдардан бастап өнімділік таныта бастаған және көптеген жаңа атаулардың туындауына негіз болған қосымшалардың бірі – гер/-кер. Мысалы: *зейнеткер, ұлескер (дольщик), іскер, борышкер, кәсіпкер* сөздері қазіргі тілімізде орныққан атаулар қатарынан саналса, *алаугер, қарызгер (заемщик), білімгер, бітімгер, сазгер, сахнагер, киногер* сынды атаулар баспасөзде біршама қолданысқа түскенімен, жалпыхалықтық қолданысқа түсе қоймаған атаулар.

-ма, -ме жұрнағының қатысуымен жасалған атауларды арнаулы салалардың бәрінен кездестіруге болады. Мысалы: *жүктеме, көшірме, мәлімдеме, үстеме, хаттама* сөздерін жалпыхалықтық сипат алған, әрі ғылымның арнаулы салаларында қолданысқа түскен термин сөздер деп танимыз. Ал *бүктеме, қағытпа, қайталама, мөлшерлеме (қаржы-экономика), түйіндеме (құжат тілі)* атаулары бірізді қолданысқа түсе қойған жоқ. Сол сияқты қазіргі сөзжасам үдерісінде өнімділік танытып жүрген –хана (зертхана, тойхана т.б.), -ыс/-іс жұрнағының қатысуымен алынған доғарыс, отырыс, тапсырыс, тексеріс

үдеріс сияқты аталар басылым беттерінде сондай-ақ салалық терминдер (үдеріс – процесс) жүйесінде де көп қолданылады. Заттық ұғымдардың атуларын жасауда кейінгі жылдары өнімді пайдаланып жүрген қосымшалардың қатарына -ғыш/-гіш (суреттегіш, оқшаулағыш); -уыш/-уіш; -шылық/-шілік және т.б. жұрнақтарды жатқызуға болады (1, 18-20 бб.).

б) Сөздердің бірігуі, тіркесуі, қосарлануы арқылы жасалған неологизмдер. Неологизмдердің бұл түрі екі түбір сөздің бірігуі арқылы түбірдегі екі компоненттің мағыналарынан мүлде басқа үшінші бір мағынаны тудырады. Соның нәтижесінде ол жаңа атау ретінде қабылданып, тілдің лексика саласына ене бастайды. Ғ.Мұсабаевтың көрсетуінше, қазіргі қазақ тілінде сөздердің бірігуі арқылы жасалған жаңа атаулар үш топқа бөлінеді:

1. Неологизм болып біріккен сөздерді бір тобы өздерінің жаңадан ғана лексикаға енгеніне қарамастан, жалпыхалықтық лексикаға ене бастайды. Мысалы: *еңбеккүн, ақорда, ақуыз, бейнетаспа, әнұран, елтаңба, әуежай, бейнебақылау, зейнетақы, келіссөз, сыйақы т.б.*

2. Бір топ біріккен сөздер қазақ тілі лексикасы құрамына көптен енгеніне қарамастан, жалпыхалықтық қолданысқа ие бола алмай келеді. Мысалы: *айдарбелгі, әскербасы, зілтемір, субұрқақ, жөргекпұл, әуеферік, төсбелгі т.б.*

3. Бір топ сөздер лексика құрамына еңбейтіндіктен, тар мағынадағы ғылыми-техникалық терминология көлемінде қалады. Мысалы: *өнертабыс (изобретение), қолөнер (ремесло), үндеухат (листовка) (2, 194 б.).*



Біріккен, кіріккен сөздермен қатар кейінгі жылдары қос сөз түрінде келетін терминдер мен атауларды баспасөз беттерінен кездестіруге болады. Мәселен, *арыз-тілек* (петиция), *әл-ауқат* (благосостояния), *көші-қон* (миграция), *өлім-жітім* (летальность), *сауда-саттық* (аукцион), *іс-шара* (мероприятия), *іс-әрекетсіздік* (бездеятельность). Сол сияқты терминжасам шығармашылығында сөздерді тіркестіруі арқылы жасалған екі, үш сыңарлы атаулар елеулі орын алады. Қазіргі қазақ баспасөзінде мынадай екі-үш сыңарлы жаңа терминдер қолданылып жүр: *айлық есептік көрсеткіш*, *жол-көлік оқиғасы*, *төлқұжат үстелі*, *ырықты экономика*, *біртұтас әкімшілендіру*, *жан сақтау*, *көлік құралы*, *дыбысжазғыш құралы*, *бірреттік жәрдемақы* т.б. (1, 22-23 бб.).

в) Орыс тілінен ауысып енген неологизмдер. Тілдің сөздік құрамына жаңа ұғымдармен, жаңа заттармен, техникамен бірге басқа тілдерден жаңа атаулар келіп енеді. Тіліміздің лексикалық құрамына орыс тілінен және орыс тілі арқылы басқа тілдерден көптеген жаңа сөздер енді. Мысалы, трамвай, телеграмма, телефон, трест, купе, проза сөздері о баста неологизм ретінде енгенімен, қазіргі таңда бұл атаулар жалпыхалықтық сипатқа ие болып, неологизм дей алмайтын сатыға көтерілген. Дегенмен қазіргі таңда

телеграмма атауының «жеделхат» түрінде аударылып, жиі қолданылатындығы белгілі. Тағы бір айт кететін жайт, қазіргі тілімізде бір бөлшегі төл сөз, екінші бөлшегі кірме сөз болып келетін атаулардың саны күрт өсті. Бұған мысал ретінде қазіргі баспасөз беттерінен алынған мынадай мысалдарды келтіруге болады: *авиатасымал, автожолгеосаясат, велошабандоз, киноөндіріс, еуроодақ, биоотын, экоорталық, фотокөшірме, этносаясат, фотоайғақ, трансұлттық* т.б.

г) Калькалау арқылы пайда болған неологизмдер. Неологизмдердің бұл түрі көп жағдайда баспасөз арқылы халық арасына кең тарап, жиі қолданылуына қарай тілдің лексикасына еніп қалыптасып кетеді. Жалпы тілдегі жаңа атаулар мен терминдердің жасалуында калькалау тәсілі өнімділік танытуда. Мысалы, *ашық есік күні (день открытых дверей), сауда нүктесі (торговая точка), сенім телефоны (телефон доверия), зымырантасығыш (ракетаноситель)* т.б. Бұлар толық калькалану нәтижесінде аталған күрделі атаулар. Бұған жартылай және сематикалық калькалану нәтижесінде жасалған атауларды қоссақ, бұлардың саны арта түспек.

Неологизмдер – тарихи категория, өйткені олар тек белгілі бір кезеңге дейін ғана жаңа сөз ретіндегі қалпын сақтайды да, бара-бара қалыптасып тілдің сөздік құрамына енеді.

3. Қазіргі қазақ тіліндегі неологизмдер үлкен екі топқа бөлінеді: а) *ғылыми-техникалық әдебиет*; ә) *көркем әдебиет*.

Қазіргі қазақ тілінде Қазан төңкерісінен кейінгі кезеңде, негізінде, орыс тілінің әсері арқылы көптеген неологизмдер пайда болған. Мысалы, базальт, боксит, кидлит, плутон, сияқты терминдер орыс тілі арқылы алынды. Бұл – геология терминдері – сол ғылымның жергілікті мамандары үшін де неологизм болады. Бұл сөздер қазіргі қазақ тілі лексикасының құрамында аударылмай, тікелей келіп кірсе, терминдер қазақтың

байырғы сөздерінен де жасалады. Бірақ бұлардың өзі де неологизм түрінде болады. Мысалы: алтын шаю (золотопромывание), атпа (извержение), желі (жила), керегетас (горсть), шөктіру (осаждение), шөгінделер (осадки). Мысалы: *желі* деп – бұрын тек бие байлау уақытында құлындарды тізіп байлап қою үшін қазыққа керілген арқанда атаса, қазір *тау жынысын* білдіретін атау. Берілген мысалдар геология мен тау өнері терминдері қатысты. Бірақ ғылымның бұл саласына қатысы бар заттар мен ұғымдар жөнінде сөз болса, олар көркем әдебиетте немесе басқа әдебиеттерде қолданылуы мүмкін. Бұл сөздер қазақ тілі сөздік құрамына, бір жағынан неологизм болып енсе, екінші жағынан термин сөз болып енеді (1, 192).

Неологизмдердің бір түрі ретінде қаралып жүрген жеке **авторлық қолданыстағы жаңа сөздер**. Автордың стильдік мақсатта қолданған өзіндік жаңалығы сол күйінде неологизм болып қала беруі, актив лексика қатарына енбеуі де мүмкін. Ал жеке автордың қолданысында пайда болатын жаңа сөздер – стильдік мақсатпен туындайтын, әдеби тілімізге кіру қабілеті шектеулі, мағынасы жағынан контекске байлаулы, жасалуы жағынан тіл заңдылықтарына үйлесе де, үйлеспей де келетін, үнемі жаңашылдығымен ерекшеленетін сөздер. Мысалы, Қ.Мырзалиевтің мынандай қолданыстарын атауға болады: *дертхана, ұшарман, Азалыстан*. Кейде көркем әдеби тіл нормасына ғана тән окказионализмдер тілдік нормамен үйлесімділік тауып, оған еніп те жататын кездері болады. Мәселен, Ш.Ш.Сарыбаев «Казахская региональная лексикография» деген еңбегінде *балмұздақ, аялдама, теледидар* сөздерінің алғашқы кезде окказионализмдердің қатарында болғанын, кейіннен әдеби тілімізге қабылданғанын атап көрсетеді. Сонымен бірге 1957 жылы «Қазақ әдебиетінде» газетінде І.Жарылғаповтың «көрермен, оқырман» деген өзіндік жаңа сөздері берілді.

Бұл қолданыстар бүгінгі күні әдеби тілімізге қабылданып, одан орнықты орын алып отырған сөздердің бірі болып табылады. Әрине, берілген сөздер алғаш қолданылған кезден әдеби тілімізге енген жоқ. Бірақ кейіннен көпшіліктің қолдауы негізінде тілімізде тұрақталды.

Көнерген сөздер және олардың түрлері. Тілдегі сөздің көнеруі не біржолата жоғалуы – күрделі құбылыс, ол өте ұзақ уақытты қажет етеді. Белгілі бір ұғымның көнеленуіне байланысты оны аңғартатын сөздің де қолданысы сирей бастайды, демек актив қабаттан пассив қабатқа көшеді деген сөз. Одан әрі бірте-бірте ұмыт болып, тілде бүтіндей қолданылудан қалады, бірақ бұл процесс әр кезде дәл осындай бірқалыппен жүре береді деуге болмайды. Кейде сирек қолданысқа түскен сөз актив қабатқа қайта оралуы да мүмкін. Мысалы, құн, әкім, кіреуке, сауыт, орда, сарбаз, кеден, оқшантай т.б. Сирек қолданылатын сөздердің бірі – кіреуке. Ергеректе батырлардың жаугершілікте жауға қиетін темір сауытын кіреуке деп атаған болса, қазір медицина ғылымының стоматология саласында кіреуке (эмаль) деп – «құрамында 96,5 процент бейорганикалық заттар және гидроксиапатит кристалдары бар, тіс сауытын жаба отырып, дентин мен ұлпаны сыртқы тітіркенуден қорғайтын, беріктігі жағынан кварц пен апатиттің аралығында болатын организмдегі ең берік ұлпаны атайды (2, 105-106 бб.).

Сөздердің көнеру процесі кенет бірден бола қоятын құбылыс емес. Бұл топтағы сөздердің көнеру дәрежесі үш түрлі болады:

1. Әбден ұмытылып, қолданыстан біржола шыққан көнерген сөздер. Бұл тәрізді архаизмдердің мән-мағынасы белгілі деректерге сүйеніп, алуға ғана болатын сөздер. Мысалы: Түмен – он мың қол.
2. Түбір қалпында жеке айтылмайтын, бірақ белгілі бір туынды сөздердің түбірінде сақталған көнерген

сөздер: қаршадай (қарша), абажадай (абажа), шырадай (шыра), сүйріктей (сүйрік) т.б.

3. Жеке сөздер ретінде қолданыстан шығып қалғанмен, мақал-мәтел мен фразеологиялық тіркестердің құрамында әлі де болса қолданылатын сөздер: *түлен түрту*, Таныған жерде *сой* сыйлы, танымаған жерде тон сыйлы. *Торқа* – жібек, *азар* – өкпе (3, 173 б.).

Көнерген сөздер үлкен екі топқа бөлінеді. Олар: 1) тарихи сөздер; 2) архаизмдер.

Қоғам дамуының барысында көптеген ұғым ескіріп, оны аңғартатын сөз де актив лексика қатарынан қала бастайды. Бұндай сөздер негізінен тарихқа байланысты болып келеді. Мысалы: құл, бай, манап, шонжар, жалшы, күң, хан, уәзір. Бұл сөздер халқымыздың өткен өмір тарихын, қоғамдық құрылысын көрсетеді. Тарихты ол сөздерсіз білу мүмкін емес. Сондықтан да көнерген сөздердің бұл түрін тарихи сөздер деп атайды. Дегенмен тарихи сөздер кейде жаңа ұғым үшін жаңа мағынада қолданылып, актив лексикаға енуі мүмкін. Мысалы, жүгініске келгендерге төрелік айтатын әкім мағынасындағы «қазы» сөзі жюри ұғымында қолданылып жүр.

Тарихи сөз зат не ұғымның ескіруіне байланысты болса, архаизмдер ұғымның емес, атаудың ескеруіне байланысты қалыптасады. Мысалы: қол (әскер), адырна (үрмелі саза аспабы, садақтың керме қайысы), қорамсақ (жебе салып жүруге арналған арнайы қалта), барымта, ұлыс (халық), тілмаш (аудармашы), бодан (халық) т.б.

Архаизм лексикалық және семантикалық архаизмдер болып екіге бөлінеді. Лексикалық архаизмдерге бітік (жазу, хат), будун (халық), қолаң (бел) қазіргі тілімізден ұмыт болған сөздер жатады. Ал семантикалық архаизмдерге бұрын да, қазіргі актив лексикада жиі қолданылатын, бірақ бұрынғы мағынасында емес, жаңа мағынада қолданылатын сөздер жатады. Мысалы, ару,

сағын, қарындас, алып, құн, әкім сияқты сөздер қазіргі тілімізде көпшілікке толық түсінікті. Бірақ бұрынғы ару (таза, күнәсіз), сағын (ойлау, еске алу), қарындас (туысқан), алып (батыр, ер жүрек), құн (айып мал, төлем), әкім (билеп төстеуші) сөздерінің бұрынғы мағыналары ұмытылып, қазіргі тілімізде ару (сұлу), сағын (күту), қарындас (бірге туған өзінен жас қыз), алып (үлкен), құн (баға, тауар құны), әкім (жергілікті басқару) мағынасында ұғынылады.

Архаизмдердің көркем әдебиетте қолданылуы үш түрлі стильдік мақсатпен жүзеге асады:

1. Ең бірінші, автор суреттеп отырған белгілі бір дәуірдің колоритін жасау, анық тарихи шындықты оқырманның көз алдында елестету үшін қолданылады. Мысалы, сол қанатта – Таң дария етегінде, оң қанатта – Үзе шоңғалдарынан төмен қазақ ұлыстары пайда болды. /М.Мағауин, Аласапыран/ деген сөйлемде қазіргі Дон, Днепр өзендері бұрынғы қазақша атаулармен Таң, Үзе болып беріліп отыр.

2. Архаизмдер автордың көтеріңкі стиль жасау мақсатымен де қазіргі дәуірді суреттеген шығармаларда қолданылуы мүмкін. Мысалы, Абыз бабаң, аңыз бабаң қолдасын, Болайық та кәдімгідей болғасын, Жанарларды бір таңғалтпай дүниеде, Өмір сүріп неге керек, жолдасым (Т.Молдағалиев). Қылышың емес пе едім қынаптағы. Жоғалттың неге мені, пайғамбарым (М.Мақатаев).

3. Кейде архаизмді ирония, сатира, сарказм, комедия туғызу үшін арнайы тілдік құрал ретінде жұмсайды. Мысалы, тоқтатып көр толассыз қозғалысты, Түссен-дағы тәңірдің кіндігінен (М.Мақатаев) (1, 153 б.).

Тарихи сөздер мен архаизмдерді бір-біріне ұқсастығы мен өзгешелігін анықтап саралап шықса, мынадай қорытынды жасауға болады.

1. Архаизмдер қазірде бар зат не ұғымдардың ескі атауы да, тарихи сөздер дәуірі өткен, қазір жоқ заттар мен құбылыстардың атауы.

2. Архаизмдердің актив лексикада синонимі болады, ал тарихи сөздердің синонимі болмайды.

3. Архаизм жаңа атаудың пайда болуына байланысты қалыптасса, тарихи сөздер зат пен құбылыстың қазіргі заманда жоқ болуына байланысты пайда болады.

4. Тарихи сөз тек номинативтік, әрі стильдік бояуға ие. Сондықтан да тарихи сөз өткен дәуірді баяндау мақсатында қолданылса, архаизм сонымен бірге көркем шығармада кейіпкер тілін даралау ойнақы-ирония туғызу үшін пайдаланылады.

Қазақ тілінде қолданылу аясы шектеулі, бірақ диалектизмнен де, кәсіби сөздерден де басқа бірсыпыра сөздер бар. Олар: сіміру-жаттап алу, сіңіру-бермей кету, алғанын білдірмеу, сызу-карта (профаранс) ойнау, ұшыру-орнына алу т.б. Арготизмдердің кәсіби сөздерден үш түрлі өзгешелігі болады:

1) Олар ешқашан негізгі сөз бола алмайды, белгілі ұғымды басқа сөзбен жарыспалы түрде аңғартады. Демек жалпы халық тілінде олардың синонимі болады;

2) Кәсіби сөздер бейтарап стильде қолданылса, арготизмдер экспрессивтік-стильдік бояулы болып келеді;

3) Арготизмдер кәсіби сөзден гөрі жалпы халық тіліне көбірек тарап, қарапайым сөйлеу тілінде жиі қолданылады.

Арготизмдердің көпшілігі арнаулы мағынада қолданылатын жалпы халыққа тән сөздер болып келеді. Бұған жоғарыда аталған сіміру, сіңіру, сызу, ұшырау сөздерімен қатар өлді - әбден шаршады, жерлеу - масқара ету, қатардан шығу тағы басқаларды жатқызуға болады.

Арготизмдердің бірсыпырасы басқа тілден енген сөздер болуы да мүмкін. Мысалы, студенттер арасында тараған

құйыршық (хвост - тапсырылмаған емтихан), құлау - емтиханды тапсыра алмау т.б.

Арготизмдер сөйлеу тілі лексикасының дамуына әсер еткенімен, әдеби тілді дамытпайды. Ол бір жағынан варваризмдерге ұқсас, сондықтан оларға қарсы күрес жүргізіліп отырылады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Құрманбайұлы Ш. Қазіргі қазақ тіліндегі жаңа атаулар мен қысқарған сөздер. –Астана, 2009.
2. Мұсабаев Ғ. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы, 2008.
3. Айғабылұлы А. Қазақ тілі лексикологиясы мен фразеологиясы. – Алматы, 2006.
4. Қалиұлы Б. Қазіргі қазақ тілі. –Алматы, 2004.
5. Қалиев Ғ., Болғанбаев Ә. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. –Алматы, 2003.

Тақырып бойынша орындалатын тапсырмалар:

1. Неологизмдер жиі кездесетін салалар. Семантикалық неологизмдер.
2. Жалпыхалықтық және жеке авторлық қолданыстағы неологизмдер. БАҚ-ғы жаңа атаулардың қолданысына талдау жасау. Көркем шығарма тіліндегі авторлық неологизмдерге мысал теріп жазу.
3. Неологизмдердің жасалуындағы сөзжасамдық тәсілдер.
4. Тарихи шығармалардағы көнерген сөздердің атқарып тұрған стилистикалық қызметі.

Лабораториялық жұмыстар

1. Мәтіннен көнерген сөздерді тауып, олардың мағынасын түсіндіріңіз және түрлеріне қарай ажыратыңыздар.

Үлгі: болыс, ұлық – тарихи сөздер; шекпен, оқа – архаизмдер.

Болыс – бұрынғы кездегі аумақтық-әкімшілік бөлік.
Оқа – жібек және зер жіптерден өрнектеле тоқылған зер.

Мәз болады болысың,
Арқаға ұлық қаққанға.
Шелтірейтіп орысың,
Шенді шекпен жапқанға.
Күнде жақсы бола ма,
Бір қылығы жаққанға?
Оқалы тон тола ма,
Ар-ұятын сатқанға?!

Құдай берген бұл достық - кәннің бірі,
Мұндасқанда қалмайды көңіл кірі.
Қолдан достық жасап ем болар-болмас,
Итмұрындай наданның жыртты бірі.
Ел жайын біліп қансаңыз,
Айтайын құлақ салсаңыз:
Кейбіреуі дүрсіп жүр,
Жер тәңірісіп кер мағыз.
Кейбіреуі - зәкүншік,
Оңдырмассып, берсе арыз.
Кейбірі пірге қол берген,
Іші залым, сырты абыз. (Абай)

-Қол болмай – жол болмайды деп, мал алуды Сәттің өзі бастаған екен. Бірақ онікі ұрлық болса, сенікі - адал малынды құған барымта. Әзірше жігіттердің көпшілігі сойыл-шоқпарларын қолтықтарына қысып, кейбірі ердің қасына көлденең салыпты. Жарасбайдан бұл партия мал да, пұл да көп шығарды. Қалышқа шынымен көңілі ауып қызықты ма - әйтеуір бір сұлу тоқалды болғысы келді. Солайша достық түбін сүйек айырсын деп, Досай ауылына күйеу болып Қалышты айттырды. Соны ойлап: Қоқыш, Сәрсен, Жарасбай болып ақылдасып, Бәйтен аулына

қарғыбау мен қалың малды бірге қосып, қарбытып бір-ақ жіберген. Билердің жүзі көрнеу тұрған қиянатты, әдейі арсыздыққа жеңгізіп, арамды ақтың үстіне не айламен болса да шығарамыз деп, жұмыла қарайып алған. Сөз біткен сияқты көрініп, мың батпан жауыздықты ұятсыз, арсыз қалың кеудемен өрге сүйреп жөнелді. Бақтығұлға кесік айтылуға жақындап қалды (М.Әуезов). Сол кезде «райком өзіне райком, төтеншеге түк қыла алмайды!» деген закон шығып, төтеншеге қарсы бір ауыз сөз айта алмайтын болғамыз. Ауданға да жеттім, қапалақтап қар да жауып кетті. Найзағай-телеграмды райкомға тапсырдым да, кейін қайттым. Сөйтіп жүргенде Айдарбек ұрын келіп, бірін-бірі бірінші рет көріп танысады.

Аяғын керіле басып, қараша үйдің жанында отырған бай мен бәйбішесінің алдына кесе көлденендей жүрді (Б.Майлин). Бетіме бет пердемді салайын ба, Шаһардың базарына барайын ба? Мынау деп хордың қызы бір теңге бер, Көрімдік көргенің деп алайын ба?! (Құлқаныс-Зеберше). Ұлың өссе, ұлықтымен ауыл бол. Қызың өссе, Қылықтымен ауыл бол (мақала).

2. Мәтіннен тар көлемді термин сөздер мен неологизмдерді теріп жазып, оларды жасалу тәсілі бойынша түсіндіріңіз:

Боллон үдерісіне ендік, халықаралық дәрежеде танылған шетелдік университеттермен тығыз байланыс орнаттық. «Заман Қазақстан», 24 желтоқсан 2009 жыл. № 51. Қарақшылық аудио-бейне өнімді сатушылар сырттан келіп, уақытша тұрақтарында осы өнімдерді өткізуге күш салады. «Заман Қазақстан», 24 желтоқсан 2009 жыл. № 51. Бүгінгі таңда заң бұзушылық түрі бойынша 700 көлік құралының жүргізушілері әкімшілік жауапкершілікке тартылды. «Егемен Қазақстан», 14 қараша 2008 жыл. № 345-346. Көрсетілімге қойылған әскери техникалар мен құрылғылар депутаттар көңілінен шыққандай әсер алдық.

«Егемен Қазақстан», 23 мамыр 2009 ж. №181. Жуырда елордалық «Фолиант» баспасынан «Менің Отаным – Қазақстан» сериясымен журналист, көсемсөзші Сырым Бақтыгерейұлының «Ойыл» атты кітабы жарық көрген болатын. «Егемен Қазақстан», 24 ақпан 2009 ж. № 72-73. Мәселен, шілденің алғашқы онкүндігінде «Үлкен сегіздік» елдерінің басқосуында аштықтан зардап шегуі ықтимал мемлекеттерге, әсіресе, қара құрлық елдеріне 1 млрд. доллар бөлінетіндігі белгілі болды. «Егемен Қазақстан», 27 тамыз 2008 ж. № 263- 266. Бұл телехабар - сіздің шығармашылығыңыздың жемісі, төл перзентіңіз бе? «Айқын», 24 қаңтар 2009 ж. № 10. Жапонияның бүкіл трансұлттық компаниялары демпингтік жағдайда жұмыс істеуге көшті. «Айқын», 12 ақпан 2009 ж. № 23. АҚШ Иордан өзенінің батыс жағалауында «Қауіпсіздік қабырғасының» салынуына орай, Израильге қарсы қаржылық ықпалшараны іске асыру туралы шешімнің әзірге қабылданып үлгермегендігін мәлімдеді. «Егемен Қазақстан», 29 тамыз 2008 ж. № 326-329. Қазақстан – үлгі аларлық үдерістері көп мемлекет. «Егемен Қазақстан», 19 мамыр 2009 жыл. № 175-176. Олимпиада мен әлем чемпионаттарында Аспанасты елінің зілтеміршілері медальдарды күреп алып жатыр. «Айқын» 14 мамыр, 2009 жыл. № 84. Одан «қара алтын» мен «көгілдір отын» саласының кілтін қалтасына басып отырған ұлттық оператор да қалысар емес. «Айқын, 3 наурыз 2009 жыл. № 36.

3. Берілген өлең жолдарынан авторлық неологизмдерді тауып, олардың мағынасын, стильдік мәнін ашыңыздар.

Шаруакештер шөлдегі ақ шағылды
Төрін төгіп жайнаған бақша қылды.

Қала салу жол салу – бәрі шаруаң,
Көкті аңсайды әлі де кәрі ұшарман.

Жалғызға сын
Көпке сын
Шындық мені сөкпесін
Алашағым кетсе де
Айташағым кетпесін.

Ант етемін ұстап жырдың жемісін!
Бұл өмірде басқа құдай жоғы шын
Әр уақытта
Еңбек пенен Сұлулық
Тәңір және Тәңірия мен үшін!

Қылмағанмен өмірді кәсіпханам
Сүйсе болды қуаныш қысып қана.
Курорт болып көрінген кеше ғана
Қалаларым айналды дертханаға.

Бөртпе шарқат шампанжан, құйылмашы,
Тек сен ғана, қою шәй, сұйылмашы.

Айқасарда арақтай долыменен
Жүрдік біраз жуастың жоыменен
Біреу айтты:

«Кагор» мен «Мускат» жақсы
Жақсы болса

Ішпейміз соны неге?!

Жолдас қылып жыланды,
Жыланшықты

Шампан деген жуастан жуан шықты.
Коньякпен сыйлас боп біраз уақыт,
Бірақ жеттік өзіне қояншықтың.

(Қ. Мырзалиев)

Лекция № 12

Қазақ тілінің этимологиясы

1. Қазақ тілі этимологиясының зерттелу жайы.
2. Ғылыми және халықтық этимология.
3. Этимологиялық принциптер (генеологиялық, фонетикалық, морфологиялық, семантикалық).

1. Этимология тіл ғылымының жеке сөздер мен морфемаларының шығу тарихын зерттейтін саласы. Сөз тарихы, мағынасы тіл тарихымен, сол тілді жасаушы, қолданушы халық тарихымен тығыз байланысты. Этимологиялық зерттеулер тіл білімін тарих, этнография, археология, әдебиет ғылымдарымен ұштастырады. Қ. Жұбанов, Ғ. Мұсабаев, А. Ысқақов, Н. Қарашева т. б. тіл мамандары қазақ сөздерінің төркінін іздеудің принциптерін, әдістерін сөз етумен қатар, кейбір жекелеген сөздердің этимологиясын да берді. Ал Ғ. Жәркешева, Ә. Қайдаров, Қ. Өмірәлиев, Ә. Құрышжанов, Ш. Сарыбаев, С. Исаев сынды ғалымдардың жеке сөздердің төркінін талдаған мақалалары жарық көрсе, Р. Сыздықованың «Сөздер сөйлейді», Ә. Нұрмағамбетовтың «555 сөз», Б. Сағындықұлының «Қазақ лексикасы дамуының этимологиялық негіздері» атты еңбектері жарық көрді. Ғ. Қоңқашбаев, Е. Қойшыбаев, А. Әбдірахманов тәрізді бір топ мамандардың Қазақстан территориясындағы кейбір жер-су аттарының сырын ашқан мақалалары да қазақ тілінің тарихи лексикасына қосқан үлесі деп танымыз. Қазақ тілінің тарихын зерттеуде бұл ғылымның керек екені даусыз. Жеке сөздің, сөз жасайтын жұрнақтардың тарихын зерттеу үшін, әрқайсысының төркінін табу үшін этимологиясын ашу

керек болады. Өйткені қазіргі қазақ тілінде қолданылып жүрген көптеген сөздер бұрынғы мағынасы бұлдырланып немесе мүлде ұмытылып, тіл дамуының барысында жаңа мағынаға ауысып кеткендіктен о баста неден шыққанын болжай алмай қаламыз. Ғ. Мұсабаевтың айтуынша, көп буынды түбірдің тарихын ашқанымен, бір буынды түбірдің тарихын ашып бере алмайды. Жалпы тіл білімінде бір буынды сөздер уәжсіз, көп буынды сөздер уәжді деп танылады. Мұның соңғысы этимология әдісі арқылы зерттеледі. Этимология тарихи салыстырмалы әдіске сүйенеді. Түркі тілдерінің көп жағдайда түбірі анық көрініп тұратынын, сөздің этимологиясы басқа тілдермен салыстырғанда оңай ашылатынын ғалым Армени Вамбери де айтқан болатын (1, 99 б.).

2. Этимология негізінен екі салаға бөлінеді: ғылыми және халықтық этимология.

Ғылыми этимология – сөз төркінін, морфемалар тарихын, дамуын дәл анықтап ғылыми түрде түсіндіруді мақсат етсе, халықтық этимология деп кейбір адамдардың қайсыбір сөз мағынасын өзінше тұспалдап, өзінше топшылау жасап түсініктеме беруін айтамыз. Тіл ғылымының негізгі объектісі – ғылыми этимология. Ғылыми этимологияның зерттеу нысаны – сөздер мен ономалар, морфемалар этимоны. Мәселен, «құлақпен естімей кепке жарымайсың, қолмен жемей етке жарымайсың» деген мақалдағы *кеп* сөзі парсы тілінде *кеф* түрінде дыбысталып, «сөз, тіл» деген мағынаны білдіреді (Будагов. Ср. Сл. тур-тат, нар. II. 107). Бұл сөз түркі тілдерінің біразында қолданылады. Кеф, кеб сөздері қазақ тілінің заңдылығына байланысты *кеп* болып, қатаңдап кеткен. Берілген мақалда *кеп* сөзі «әңгіме» мағынасында жұмсалған (2, 102 б.).

Халық этимологиясы – тілдегі кездейсоқ құбылыс емес, сөз мағынасын өзінші дәл түсіндіруге талаптанудың бір түрі десек те болады. Тіл-тілде халық этимологиясы кірме

сөздерде, диалектизмдерде, ауызекі сөйлеу тілінде, ономастика мен топонимика салаларында, балалар лексиконында көбірек кездеседі. Халық этимологиясы ұлттық, халықтық реалилерге бай болып келеді. Мысалы: соқыр – мысықтың баласы. Туғанда көзі ашылмай туғандықтан солай аталған болар. Бірақ иттің күшігінің де көзі ашылмай туады. Сонда да соқыр деген ат мысықтың баласына берілген. Көне түркі тілінде *жау* – «май, шыр» мағынасында қолданылған. Бұл сөз өз мағынасын қазір балқар, қарашай тілдерінде сақтап қалған. Ал қазіргі қазақ тілінде ек-үш тіркес құрамында айтылады. Мәселен, көздің жауын алды (3, 86, 55 бб.). Мысалы: Офицер клубының іші жасау-сырлы, жұмсақ мебель, айна, сурет, кілемдер көздің жауын алады. (І.Жансүгіров. Шығармалар).

3. Ғылыми этимологиялық зерттеулерде белгілі бір сөздің – морфеманың алғашқы мағынасын, сырын, қандай өзгерістерге түскенін айқындау үшін бес түрлі принцип – зерттеу тәсілі қолданылады: *генеалогиялық, фонетикалық, морфологиялық, семантикалық және этиологиялық принцип*. Бұл принциптер тарихи фонетикамен, тарихи лексикологиямен, семасиологиямен, ономасиологияның, диалектологияның барлық салаларымен тығыз байланыста болады.

Генеалогиялық принцип бойынша, сөз төркінін айқындағанда тілдердің туыстығы еске алынады. Мысалы: тоқты-торым, қыз-қырқын қос сөздер құрамындағы алғашқы сыңарлары түсінікті. Ал торым, қырқын сөздеріне келсек, торым – көне түркі тілінде «түйенің ботасы»; чуваш тілінде қырқын – «қыз» деген мағынаны білдіреді екен.

Фонетикалық принциптің мәні – сөздің шығу тегін, төркінін айқындағанда, тағы да туыстас тілдерде қалыптасқан дыбыстық заңдылықтарды, сәйкестіктерді, ұқсастықтарды ескеруде жатыр. Мәселен, қазақ тілінде сөз соңы у дыбысына бітіп отырады: тау, бау, су т.б. Ұйғырда

– тағ, түрікмен, тува тілінде – дағ. Қазақша ж дыбысынан басталатын сөздер кейбір туыстас тілдерде й-ден басталады: жыл - йыл; жас – йаш. Қазақ тілінде екі дауысты дыбыс қатар келмейді, ал қырғыз тілінде ол заңды: тау – тоо, болмайды – болбооит т.б.

Морфологиялық принцип бойынша, сөз, морфема этимонын даму, өзгеру жайын анықтағанда, тіл-тілдің сөз тудырушы, сөз өзгертуші формаларын салыстыра зерттеу жағына көбірек көңіл бөлінеді. Онда да туыстас тілдер жайы ескеріледі. Қазақ тілінде кейбір сөздер қазіргі кезде не түбір, не қосымша деп ажыратылмай бір бүтін единицаға айналған: жалғыз, жалқы, жалаң; қисық, қиғаш, құлан (К.Аханов). Бұл сөздердің алғашқы түбірі – жал, қай, құл (қол) болса, көмекші морфемалары : -ғыз, -қы, -аң; -сық, -ғаш, -аң.

Семантикалық принцип бойынша, белгілі бір сөздің туыстас, тіпті туыстығы алыс деген тілден ауысқанда оның мағыналық жақтан кейбір өзгеріске түсуіне немесе жақындығы ескерілуіне көңіл бөлінеді. Ондай сөздердің дыбысталуы басқаша, бірақ мағынасы сай келуі ықтимал. Мәселен, *кежегем кейін тартып тұр* немесе *сағы сынып жүр* деген тұрақты тіркестердегі *кежеге* сөзі өзге туыстас тілдерде «желке» мағынасында, *сағы* сөзі хакас тілінде «күш, қуат, әл» мағынасында қолданылады екен.

Этиологиялық принцип – нақты бір сөздің нақты қандай жағдайларға, қандай себептерге байланысты шыққанын білуді қажет етеді. Осыған орай, этимология тарих, этнография, археология, фольклор және басқа да ғылыми деректерді негізге алады. Мәселен, етік тігетін біз сөзінің алғашқы дыбысталуы «бігіз» екендігін ескерсек, бұл сөздің түпкі мағынасы мүйіз сөзімен байланысты шыққан екен. Соған қарағанда біз (бігіз) алғашында мүйізден жасалуы да ықтимал. Алғашқы *бігіз* – *мігіз* кейінгі мүйіз формалары мен мағыналы сөз қазіргі қазақ тілінде «біз» болып ықшамдалған деуге болады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Мұсабаев Ғ. Қазақ тіл білімінің мәселелері. –Алматы, 2008.
2. Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігі. –Алматы, 1966.
3. Қыдырбекұлы Б. Түгел сөздің түбі бір. –Алматы, 1993.

Тақырып бойынша орындалатын тапсырмалар:

1. Этимологияның лексикология ғылымы үшін мәні неде?
2. Қазақ этимологиясының зерттелу жайы.
3. Сөз төркінін айқындаудағы ғылыми этимология принциптері.
4. Сөз мағынасын түсіндірудегі халықтық этимология.
5. Р. Сыздықтың (Сөздер сөйлейді,), Қыдырбекұлының Б (Түгел сөздің түбі бір, 1993), Ә. Нұрмағамбетовтың (Жергілікті тіл ерекшеліктерінің, 1985. Бес жүз бес сөз), Ш. Сарыбаевтың (Қос сөздер құпиясы,) еңбектері бойынша конспект жазу.

Лабораториялық жұмыстар

1. Берілген сөздерді ғылыми және халықтық этимология тұрғысынан түсіндіріп, о бастағы түпкі мағынасын ашыңыз: барымта, ақ, ат, үтік, жуалдыз, күп, аран, там, шолпы, алжапқыш, бала-шаға, келін-кепшік, қыз-қырқын, соқыр, жаутаң, абадан.

2. Берілген мәтіннен тұрақты тіркестер мен қос сөздерді теріп жазып, олардың құрамындағы мағынасы күңгірттенген не түсініксіз сөздерге этимологиялық талдау жасаңыз.

Қанішер қара жүз! Адыра қал сен! Сен өлтірдің менің баламды (І.Есенберлин). –Жаным-ау, айрандай аптап, күбідей күптеп болды ғой. Жуантаяқты қуды. Әнеттен алатынын алды. Енді кім қалды? – деді Сүйіндік. Жігіттер жаз бойы көргенде, не көрді? Ашыққан баланы көрді.

Қаншырдай қатқан шеше мен жеңгені, қатын-қалашты көрді. –Айтқанымнан қайтпаймын! Осы қыстаудан қия баспаймын! – депті Байсал. Абайдың сөзін тыңдағансып, ләм-мим демей, үнсіз отырып, түстікті бірге жесіп алып, өз беттерімен аттанысып кете беретін көп кісілер бар-ды. – Сендер Керей, Найман әділет таппай, өлмесе ома қапсын десең, мен оларды өзім деймін. Үш жүздің баласының алдында, қалың қазақ қауымына мені әкеліп, құлқының үшін құрбан еткелі отырсың ба?... Бар, аулақ! – деді де, тұрып жүре берді (М.Ә. Абай жолы). Үлкен қара қоңыр үйдің сыртында... Мақаш ұзақ сөйлеп отыр. – Өзің жоқта олардан көрген қорлықты, міне, жетпістен асып, сексенге жақындадым, әлі ешкімнен көргем жоқ, – деп зарлайды кәрі би ұзақ жүріп сағындырып келген баласына... – Жауырды жаба тоқыдым. Іштей қайнадым. Сені көрер күнге жеттім, әйтеуір. Әйелінің көзі бұлаудай. –Рас айттың, күрдас! Ермеймін, кетпеймін елден. Кете қалсам, жылаумен екі көзім көр болар, -деп Шолпан еңіреп қоя берді. Әншейінде, ауылда көптің бірі боп, құба төбел боп жүретін аға-жеңгесі Қасендер келгенде, қоқиланып, айбаттанып кететін. Бәрін сыпырып алып, бір көйлекпен қалдырса да, елден айырмаса екен. Ішім өлген, сыртым сау. Құр сүлдерім жүр. Мырза-ау, не жазығың, не сұмдығың бар еді? Неге өшікті? (Ғ.Мұстафин.). Мен Шалдуар Шалғынбаевтың алдынан жермен жексен болып шығып, редакцияның баспалдағынан тәлтіректен әрең түстім (Ә.Нұршайықов.). Бала тоңған шығар. Үйге келсе ыстық ішсін. Жолына жөргем ілікпесе, үйге келмейтін әдеті емес пе оның? (С.Мұқанов). Асыл Қамарымыз жоқ жерден мұндай жалаға ұшырап, бүлік шығып кеткендігіне қайғыра-қайғыра, сүзектен тұрған кісідей, құр шыбыны ғана бар еді (С.Торайғыров). Тырнақтай жазығым болса, қылша мойным талша демес пе еді. Жиналғандар директордың бұйрығын сілтідей тынып тыңдап алды да, ләм-мим деместен асығыс тарай бастады (Қ.Ж. Шарайна).

Кенен әр кезде де дос-жаранын жарқын жүзбен қарсы алып, «асына» да тойғызады (С.Мұқанов). Тіккені саудагердің қосы ма еді? Ғайып-ерен қырық шілтен досы ма еді? Кешегі Төлегенді жамандаған, Көп дұшпан көре алмаған қасы ма еді? (Қыз Жібек). Қайта-қайта басын Жылбектің көкірегіне басып, буындары босап, жас балаша ағыл-тегіл болды (Ә.Шәріпов). Әке әскерде, аға өлген, ендігі қожа өзі. Мұны естіп алғаннан кейін мен одан сайын бұлан-талан болдым (Ә.Нұршайықов).

Лекция № 13

Қазақ тілінің фразеологиялық жүйесі

1. Фразеология және оның өзіне тән белгілері.
2. Фразеологизмдердің түрлері (фразалық бірлік, фразалық тізбек, фразалық тұтастық).
3. Фразеологизмдердің мақал-мәтелдерге қатысы.

1 Тіл-тілде тек жеке сөздер ғана емес, құрылысы жағынан күрделі бірліктер де кездеседі. Мысалы: ала ауыз, тайға таңба басқандай, төбе шашы тік тұру, қой аузынан шөп алмас, қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған т.б. Мұндай тілдік бірліктер қазақ тілінде мыңдап кездеседі. Оларды *тұрақты сөз тіркесі* немесе *фразеологизмдер* деп атайды. Ал фразеология термині екі мағынада қолданылады:

- 1) Тілдегі тұрақты сөз тіркестерінің жалпы атауы;
- 2) Тұрақты сөз тіркестерін зерттейтін тіл ғылымының бір саласы.

Фразеология - екі одан да көп сөздің тұтас бір меншікті мағынаға ие болып, бір бүтін единицаға айналуын айтамыз. Фразеологиялық тіркес құрамындағы сөздердің тұрақтылығы, яғни даяр қалпында жұмсалу белгісі, мағына тұтастығы, тіркестің тиянақтылығы басты үш белгі болып есептеледі.

Фразеологиялық тіркестер мағына жағынан жеке сөзге, құрамы жағынан синтаксистік сөз тіркестеріне жақын болып келеді. Сондықтан фразеологиялық тіркестердің басты белгілерін ажырату үшін сөз және еркін сөз тіркесімен салыстыру керек. Фразеологиялық тіркестер екі не одан көп сөздің тіркесі сияқты көрінгенмен, олар сөйлеу, жазу кезінде бір бүтін единица ретінде даяр күйінде қолданылады. Мысалы: ауылға бару, сәлемін

жеткізу, кітап алу сияқты еркін тіркестер сөйлеу, жазу кезінде сөздердің ойға лайық таңдалуынан барып тіркеседі. Ал жүрегі елжіреді (аяды), қоян жүрек (қорқақ), жыл он екі ай (жыл бойы) сияқты тіркестер тұтас алынып, жеке сөз мағынасында даяр қалпында қолданылады. Бұл құбылыс фразеологизмдердегі мағыналық бірліктің күштілігін көрсетеді. Олай болса, фразеологизмдер тек сыртқы көрінісі жағынан ғана еркін сөз тіркесіне ұқсайды. Ал мағыналық тұтастығымен жеке сөздер сияқты сөздік қорымыздың бір ерекше түрі деуге болады.

Фразеологизмдер жеке сөз сияқты форма және мағынаға ие. Сөздің формасын дыбыстар жасаса, фразеологиялық тіркестің формасын сөздер құрайды. Мысалы: ынтықты – *зар болды*, жылауық – *зар жақ*, қорлады – *ит аяқтан сары су ішкізді*.

Тұрақты тіркестер тұтас мағына бүтіндігіне ие болғандықтан, басқа толық мағыналы сөздер сияқты сөйлемде жеке сұраққа жауап беріп, жеке сөйлем мүшесі қызметін атқарады. Мысалы: Шай үстінде Сардардың әңгімеден аузы босаған жоқ. Қайтіп шешесімен екеуі тіл қатысқан жоқ (Қ.Найманбаев). Келмей жатып дікіндеп, әнгір таяқ ойнатып, ақыл үйреткеніне зығырданы қайнайды (Б.Тілегенов). Берілген мысалдардағы фразеологиялық тіркестер баяндауыш қызметінде жұмсалып тұр.

Фразеологизмдер тіл жүйесінен өзгеше құбылыс емес. Олардың бірден жасала қоймағаны, уақыт ұзаған сайын бірте-бірте қалыптасқаны, еркін тіркестердің негізінде жасалғаны сөзсіз. Мұның өзі фразеологиялық ауыспалы мағынаның кейіннен пайда болып экспрессивті қызмет атқаруына байланысты біржола қалыптасқанын көрсетеді.

2. Фразеологизмдердің түрлері. Фразеологизмнің түрлерін біреу мағынасына, енді біреу құрылымына, үшіншісі – қызметіне қарай топтастырып, әркім әр түрлі

классификациялайды. Академик В.В. Виноградов фразеологизмдерді құрастырушы сыңарларының мағыналарының өзара қатысы жағынан алып (фразеологиялық тұтастық, фразеологиялық бірлік, фразеологиялық тізбек деп үшке бөлсе), Н. М. Шанский төртінші етіп фразеологиялық сөйлемшені қосады, К.Аханов та осы төрт түрін мақұлдайды. Қазақ тіліндегі фразеологизмдерді арнайы зерттеген І.Кеңесбаев фразеологиялық түйдек және фразеологиялық тіркес деп екіге бөледі. Ол фразеологиялық тіркесті түйін тіркес және түйіс тіркес деп екіге бөледі. Ал мақал-мәтелдерді өзгеше құбылыс ретінде қарастырады. Барлық пікірлерді жинақтай келгенде, ғалымдардың классификациясы бір-бірінен алыс кетпеген. Мәселен, І. Кеңесбаевтың фразеологиялық түйін тіркесі В. В. Виноградовтың фразеологиялық бірлігіне, түйіс тіркесі фразеологиялық тізбегіне, мақал-мәтел фразеологиялық сөйлемшеге келеді. Негізгі айырмашылық терминдерде ғана деуге болады.

Фразеологиялық тұтастық /фразеологиялық түйдек, идиом/. Фразеологиялық, тұтастыққа жататын фразеологизмдер құрастырушы сыңарларының бұрынғы лексикалық мағынасы ұмытылып, бәрі бір ғана меншіктеулі ұғымды береді. Мысалы: ит арқасы қиянда, жеті қараңғы түнде, көк ми, ала көз, ит жанды, аузы-мұрны қисаймастан, жаны қуырдақ болу т.б. Бұл мысалдардан фразеологизмнің меншікті мағынасына құрастырушы сыңарлардың мағынасының жанаспайтындығын көреміз.

Фразеологиялық тұтастық – тарихи құбылыс. Бір кезде олардың бәрі де құрастырушы сыңарларының мағынасы мен тұтастанған мағынасы байланыста болған. Тек фразеологиялық тұтастық мағынасы ауыспалы образды мағынаға ие болып қолданғанда, бірте-бірте тура мағынасы ұмытылып, ауыспалы мағынада ғана айтылатын болған. К.Аханов «ит өлген жерде» деген фразеологиялық

тұтастық пайда болуына тоқталып, оның халық арасында «жақсы ит өлімтігін көрсетпейді» деген сенімінің себебі болғанын айтады.

Фразеологиялық бірлік (түйін тіркес). Фразеологиялық бірлік те фразеологиялық тұтастық сияқты мағына жағынан тұтас тұрақты тіркес. Бірақ мұнда құрастырушы сыңарларының мағынасы жойылмаған, тек солғындап, біртұтас ауыспалы мағынада қолдану арқылы пайда болған. Фразеологиялық тұтастықта құрастырушы сыңарлардың мағынасы есепке алынбаса, мұнда құрастырушы сыңарлардың мағынасы солғындалса да тұтастанған ауыспалы мағынаға қатысы бары аңғарылып тұрады. Мысалы: төбе шашы тік тұрды, екі езуі екі құлағында, тісіне тісін қойып, жегені желім, ішкені ірің болды, пышақ кескендей тиылды, мойнына су құйылып отыр жақ ашпау, езу тарту, жылан жалағандай және т.б. Бұл мысалдарға қарап *төбе шаштың тік тұруы* – бірден туған үрей, қорқыныштан; *екі езудің құлаққа жақындауы* – күлуден, қуаныштан; *тісін-тісіне қою* – қиналудан; *жегені желім, ішкені ірің болу* – ішкен-жегені тамақ болмаудан т.б. болатын құбылыс екенін білуге болады.

Фразеологиялық тізбек (түйіс тіркес). Фразеологизмнің бұл түрі еркін тіркесті ауыспалы мағынада қолдану арқылы пайда болған. Тұрақты тіркес сыңарларының бастапқы лексикалық мағынасы бүтіндей жойылмағанымен, күңгірттене бастаған. Мұнда ерікті мағынасындағы сөз бен фразеологиялық қалпындағы сөздің тіркесінен жасалып, сол тізбек күйінде қолданылады. Мысалы: оймақ ауыз, бота көз, қонақ асы (қонаққа әзірлеген тағам), қонағын атқарды (мейманын күтті), қоныс тепті (тұрақтады), тар заман (қиын кезең) т.б.

3. Фразеологизмдердің мақал-мәтелдерге қатысы. Даяр қалпында қолданылуы жағынан мақал-мәтелдер фразеологизмдерге ұқсайды. Мақалдар екі бөлімді болып келеді де, алдыңғысында іс-әрекеттің шарты мен жағдайы

айтылып, соңынан сол пікірді түйіндеп қорытындалайды. Кейде екі нәрсені бір-біріне қарсы қойып салыстырады. Мақал-мәтелдер белгілі бір мақсатты ойды жүзеге асыру үшін, тыңдаушының жан сезіміне ерекше әсер ету үшін қолданылады. Фразеологизмдер сияқты мақал-мәтелдердің де компоненттерінің құрамындағы сөздерді алмастыруға келмейді. Дегенмен де фразеологизмдердің мағыналары астарлы бейнелеу мәнге ие болса, мақал-мәтелдер уағыздау, үндеу сипатында болады. Мақал-мәтелдер ауыспалы мағынада айтылғанмен, құрамындағы сөздер өзінің байырғы лексикалық мағыналарынан қол үзіп қалмайды. Сөз саны жағынан мақал-мәтелдерге қарағанда фразеологизмдер шектеулі болады.

Өзінің құрамы жағынан фразеологизмдерге мақалдан гөрі мәтелдер бір табан жақын тұрады. Мәтел белгілі бір ұғымды меңзеп, тұспалдап тұрады. Мысалы: бөрік кигеннің намысы бір; есебін тапқан екі асайды. Мақал-мәтелдер ұғымнан гөрі нақтылы ойды түйіндеп айту басым болады, сол себепті құрылысы жағынан сөйлемге ұқсайды. Фразеологизмдер нақтылы бір ұғымды астарлап айтып, тұтас алғанда жеке сөзге теңесіп тұрады. Фразеологизмдер, әсіресе идиомалар бір тілден екінші тілге сөзбе-сөз аударуға көне бермейді. Ал мақал-мәтелдер бір тілден екінші тілге сөзбе-сөз аударыла береді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қалиев Ғ., Болғанбаев Ә. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. – Алматы, 2003.
2. Айғабылұлы. А. Қазақ тілі морфологиясы мен лексикологиясы. – Алматы, 2006.
3. Қалиұлы Б. Қазіргі қазақ тілі. – Алматы, 2004.
4. Кеңесбаев І., Мұсабаев Ғ. Қазіргі қазақ тілі. Лексика, фонетика. – Алматы, 1975.
5. Уәлиев Н. Фразеология және тілдік норма. – Алматы, 1998.

6. Смағұлова Г. Фразеологизмдердің варианттылығы. – Алматы, 1996.
7. Смағұлова Г. Мағыналас фразеологизмдерің ұлттық-мәдени аспектілері. –Алматы, 1998.

Тақырып бойынша орындалатын тапсырмалар:

1. Академик І.Кеңесбаев және қазақ тілінің фразеологиясы.
2. Қазақ фразеологизмдерінің ұлттық-мәдени көрінісі.
3. Тұрақты тіркестер құрамындағы мағынасы күңгірттенген компоненттер. Конспект.
4. Фразеологизмдердің мақал-мәтелдерге қатысы.
5. М. Қашқаридың «Дивани лұғат ат түрк» сөздігіндегі мақал-мәтелдерінің қазақ тіліндегі қолданысы.
6. Ақын-жазушылар тіліндегі фразеологизмдер қолданысының стилистикалық қызметі.

Лабораториялық жұмыстар

1. Берілген мәтіннен еркін тіркестерді бір бөлек, тұрақты тіркестерді бір бөлек айырып жазыңыздар. Фразеологиялық сөздіктерді пайдалана отырып, олардың мағынасын түсіндіріңіздер.

Осы ретте біз шеберлік деп жазушының қоғамдық шындық пен адамды, оның күрделі жан сырын, адамдар арасындағы алуан сипаттағы қарым-қатынастарды нақтылы да шынайы таныта алуын, сөйтіп, өмір-болмыстың бедерлі бейнесін қас суреткерге тән қайталанбас қолтаңбасымен айшықтай білуін, яғни өмір шындығын өнер шындығына айналдырудағы өзіндік шығармашылық толымды табысын, көркем тағылымын айтар едік. Қанжығасы майланар ғұмыр атты саят пәнидің олжасы қанша? Өкініші қанша? Күйкі тірлікпен күйбеңдеген көңілдің қосқаны көп пе, жоғалтқаны артық па? Дауыл соққан кәрі теректей еңсесін көтеріп келіп-келіп, бір күні күрт құлар ма? Сонда көлеңкесін саялап

өскен бір шынар күн көзінде еркелеп өсіп, жапырағын жаяр ма? Кім білсін? (С. Сматаев). Иә, тән тозады, жан да тозады. Тек тозбайтын да, азбайтын да темір сүйек бір пәле - адамның жады ғой. Күндердің күнінде адамды титықтатып құртып, ішінен кеміріп үңгіп жататын жалғыз жәбір жау болса, ол, тегі, осы жадың болар-ау (Ә. Нұрпейісов). Ақша қар! Ақ ниетке теңеу болған сен бір асыл дүниесің-ау. Уақытыңнан кешігіп келіп сағына қауышатын, мерзімінен ерте кетіп, қимай қоштасатын аяулы да құдіреттісің-ау. Адамдар жауғаныңды нұрға балап, ақындар жырға қосып, жоқ кезінде ақ матадан бейненді жасап үйге іліп сағына аңсататын сенде арман бар ма екен? Әй, жоқ шығар... Музыка ырғалаңдап, патша шатырының алдында халық ойыны басталды. Біңырсыған қалың елдің қайғысын табанға таптап, аз ғана топтың шаттығына айналдырды. Өлімнің ордасы Темірдің қанды қабағын ашамыз деп, күлдіргіштер лақтай секірді. Өмір иесі адам баласын қалай өлтірудің әдісін көрсетіп әскер де ойнайды (Ғ. Мүсірепов). Қандай жүрегің өртеніп тұрса да, өзінді-өзің ақылға жеңдіріп, үлкен сезімге үлкен қадір көрсете білу – бұл нағыз сүйген адамның ісі. Ұсақ мінезге жеңдірсен, онда сенің сезіміңнің ұсақ болғаны. Онда бөтеннен де өзіңе үлкен махаббат тілеуге қақың жоқ (І. Есенберлин). Мен саған ағымнан жарылып, бар шынымды айтып отырсам, Молдағазы кейіп қалды. Бірақ ел құлағы елу, отыз тістен шыққан сөз отыз рулы елге тарайды. – Сондай аузымен құс тістеп тұрған кезінде, - дейді Болатбай, кейіген кескінмен, - мейманасы тасыды бұлардың (С. Мұқанов).

2. Берілген мәтіннен фразеологизмдерді тауып, оларды тұрақты тіркестердің түрлеріне қарай және стильдік қолданысы тұрғысынан саралаңыз.

Қайда барса да, жауап бермеген соң істелген орай қимыл екенін орыс-қазақ түгел ұғады, - деді де, күліңкіреп: - өзін

немене, шар тартып шабандап қалғансың ба, батырдың мұндайда желпініп шығатыны қайда? – деді. Бақтыгүл күлген жоқ. – Батыр, батыр-ау, бірақ, болыс, мені осы жолға жұмсамасаң қайтеді? Осы кез ұры еместі ұры ғып, құтыртып, талай саққа, ағаш атқа мінгізіп жатқан пәлелі кез ғой. – Ол не дегенің, Бақтыгүл? Сәт ата жауың еді, бабыңа келтіріп қосқалы тұрғам жоқ па? Салуға, сайлау жақын болғандықтан, ұстараның жүзіндей аунап кете ме деп сескенеді. Жарасбайға биылғы жыл қай жағынан болса да шарасынан шыққан жыл боп тұр. Соның салдарынан ба, болмаса Қалышқа шынымен көңілі ауып қызықты ма - әйтеуір бір сұлу тоқалды болғысы келді. Солайша достық түбін сүйек айырсын деп, Досай ауылына күйеу болып Қалышты айттырды (М. Әуезов). Алайда шешінген судан тайынбас деген емес пе, кейін қайтпай, ілгері ұмтыла бердім. – Мен отыз сегізге келсем де өйте алмайтын шығармын. Ештеңеге мойным жар бермейді осы, - деп қайта мұңайды Зайкүл. – Қыздар-ау, қойсаңдаршы. Оқытушыларымыздың бәрі жақсы адамдар ғой. Тек кейбіреулерінің сүйекке сіңген әдеті болады. Адамды ол үшін кінәлауға болмайды ғой, - деп жалынғандай жай танытады (Ә. Нұршайықов). Біздің ауданда жақсы адамдарды оңай құлата салып, қолынан түк келмейтін қыл-ауыз, қызыл өңештерді қорғаштай беру әдет болып кетті. Бұл керіс ұзаққа созылып барып, пышақ кескендей тоқтады (Ғ. Мүсірепов). Сонда да ол «қайтсем апамның көңілін табамын» деп түнімен ала көңіл болып жатты. Тұрардың жүрегі зу ете қалды: «Қап, түсіріп алады-ау». Жоқ, түсірмеді. Қамбар қайтып оралған бетінде еңтіге тұрып сол бір жаман сезімнің отына май құя түсті. – Нарша байғұс қуанып, ақ түйенің қарны жарылып жатыр десеңші онда. Жарайды, қалқам, үйлеріңе барып жолығамын ғой, -деп Қанша апай қайтадан есікке қарай беттеді (Ә. Нұршайықов). Баймырза шелекке таққан жібін қолынан сусыта бергенде, тереңдегі сасықтау сары судың

ісін сезіп, шөлдеген өгіз де мұрнын шүйіріп, төмен еңкейді (С. Мұқанов). Бақтығұл «іздейтінім осы» дегендей, көп ойланбастан, атына жабысқан бойында қаршыға тастайтын аңшыдай қисайыңқырап келіп, боз биенің мойнына қыл арқан бұғалықты тастап кеп жіберді. Алажаздай мойнына құрық тиіп көрмеген, асаусып кеткен ту семіз бие оқырып қалып, ытқып кетті. Қалың тік қара мұрттың астынан сәл сүйсінгендей жымияды да үндемейді. Соңғылардың арасында теке сары сақалды, бітік көзді, ұзын сары кісі тәйтiк сөздер сөйлеп кірді. Он екі жыл бойында мынау әйелім – Қатша шешеннің - Қызы бәйбішенің қолында сарала етек күң болып, отымен кіріп, күлімен шықты. Сол бәріміз кеше қасыңнан кеткенде немен шықтық? Екі қолымызды мұрынымызға тығып шыққанымыз жоқ па? Қатша ұяттан жерге кірердей намыстанып қысылды да, табақты алып берді. – Тұр, қораңның ішін көрсет! Саған осы биенің етінен бір жапырақ бұйыртсам – атым өшсін! Бұл сөз тұсында Бақтығұл: - Жалғыз жүрген саяқ болған соң, әлі келген содырлар ойына келген қастығын істеп, түгінмен жалмап кетуге жиренетін емес, - деген... Болыс бұған тіс жарып ішін ашып еш нәрсе демеді: оң-теріс деген жоқ, тек Бақтығұлдың сөзін де тоқтатқан жоқ. Өз ішінен ол Бақтығұлды ер жігіт көретін. Бүгін сөз білетін, орнымен ұстаса, көп керекке жарайтын еті тірі, есті кедей екенін байқап отыр... (М.Әуезов). Күніне қырық пышақтасып отырса да, дүниеде осыдан артық тұрмыс бар деп ойламайды (Б. Майлин).

Лекция № 14

Фразеологизмдердің семантикалық категориялары

1. Фразеологизмдердің көп мағыналылығы.
2. Фразеологиялық омонимдер мен синонимдер.
3. Фразеологиялық антонимдер.
4. Фразеологизмдердің стильдік-экспрессивтік өзгешеліктері.

1. Лексиканың мағыналық топтары сияқты фразеологияда да көп мағыналық, омоним, синоним, антоним құбылыстары кездеседі.

Көп мағыналы фразеологизмдердің ішінде лексикадағыдай көп мағыналық жиі кездеседі. Мысалы: қас қақпады (1. қыбыр етпеді, 2. құлақ салды, ықылас қойды); Қарны кампиды (1. іші кеші, 2. бүйірі шықты, тойынды); Қарны ашты (1. тамақ ішкісі келді, 2. көңілі тоймады, разы болмады); Қара тер болды (1. әбден терледі, 2. зур-сарсаңға түсті); Қамал бұзды (қоршау бұзды, қиындықты жеңді). Күні өтті (1. уақыты бітті, 2. бағы тайды). Көрге кірді (1. өлді, 2. қатты ұялды).

2. Фразеологиялық омонимдер мен синонимдер. Құрастырушы сыңарлары бірдей фразеологизмдер басқа-басқа мағынаға ие болуы мүмкін. Бұларды фразеологиялық омоним деп атайды. Мысалы: Ат қою – 1. балаға ат қою; 2. өлген кісінің үйіне атпен шауып бару; 3. шабуылға шығу. Көзі ашылу – 1. сауат ашу; 2. қиындықтан шығу; 3. өмірді түсіну. Басына көтерді – 1. шу шығарды; 2. қатты құрметтеді.

Фразеологиялық тіркестердің өзара синонимдес болып келуі жиі кездеседі. Фразеологиялық синонимдер стильдік варианттар есебінде қолданылуға ыңғайлы келеді.

Мысалы: қас пен көздің арасында – көзді ашып-жұмғанша; тайға таңба басқандай – соқырға таяқ ұстатқандай; аузын аңқитып кетті – мұзға отырғызып кетті – сақал сипатып кетті – тақырға отырғызды; көңілі шайлықты – тауы қайтты; ерні ерніне жұқпады – аузы тынбады – жағы сөнбеді; зыр жүгіру – дедек қағу – қол аяғы жерге тимеу – алды-артына қарамау – екі өкпесін қолына алу – алас ұру және т.б.

3. Қазақ тілі фразеологизмдерінің ішінде антоним жиі кездеседі. Мысалы: тастай қараңғы – шайдай ашық; ақ көңіл – қара жүрек; көңіл суыды – іші жылыды; ойы бұзылды – көңілі түсті; жайнай қақты – көңілі торықты; еті тірі - өлі сүйек; еңірегенде етегі толды – жағасы жайлауға кетті; ер жүрек – су жүрек, қоян жүрек; қаны қайнады – екі езуі екі құлағында; иек астында – жеті қабат жер астында.

4. Қазақ тіліндегі фразеологизмдердің стильдік-экспрессивтік өзгешеліктері.

Фразеологиялық тіркестерді стильдік тармақтарға топтастыруда жеке сөздерді бөлгендей стильаралық, сөйлеу тіліне тән, кітаби дері үш топқа классификациялауға болады. Мысалы: сөз беру, ат жақты, сыңар жақ, баскөз болу, бие сауым уақыт, тай шаптырым жер, сұрау салу, сұс көрсетті деген фразеологизмдер стильдік бояусыз, қай стильде де қолдана беруге болады. Сондықтан, мұндай фразеологизмдер стильаралық фразеологизм деп аталады. Стильаралық (бейтарап) фразеологизмдер қазақ тілінде аз емес, бірақ белгілі стильге қатысы бар фразеологизмдердей мол емес. Фразеологизмдердің көпшілігі ауыспалы мағынада, образды қолданатындықтан оларда «асырып, көтермелеп» немесе «құлдыратып» тұратын экспрессивті – стильдік бояу анық аңғарылады да, жеке сөзден тұратын синонимдерден әрқашан өзгешеленіп тұрады.

Ауызекі сөйлеу тіліне тән фразеологизмдер. Стильаралық фразеологизмдерден ауызекі сөйлеу тіліне

тән фразеологизмдердің 2 түрлі айырмашылығы бар. 1. Тек ауызша қолданылатыны; 2. Төменсіну, кекету, еркелету, қалжың мән-мағынасы басым болып келеді. Мысалы: Малтасын езу – (көп сөйлеу), төбесі тесік (тіл біледі деген мағынада), аруақ атсын, аузынан ақ ит кіріп, қара ит шықты, құлақ миын жеу т.б. Ауызекі сөйлеу тіліне тән фразеологизмдер әрқашан образды ұғымды аңғартатындықтан, олардың мағыналарын жеке сөзбен беру мүмкін болмайды. Айталық, малтасын езу – сөйлеу, құлақ миын жеу – жалықтыру, аузынан ақ ит кіріп, қара ит шықты – ұрысты деген синонимдермен салыстырсақ, фразеологизмдегі әлдеқайда кең айтылған мағынаны тарылтып түсінген болар едік.

Кітаби стильге тән фразеологизмдер. Бұл топқа жататын фразеологизмдердің ауызекі сөйлеу тіліне тән фразеологизмдерден өзгешелігін екі белгімен атауға болады: 1.Тек жазба мәтіндерде қолданылатындығы; 2. Көтеріңкі салтанатты, поэтикалық бояулары қанық болып келетіндігі. Олар да өз ішінде терминологиялық, поэтикалық (көркем әдебиет стилі), публицистикалық фразеологизмдер деп үшке бөлінеді. Мысалы: тағдыр тәлкегі, әуе кеңістігі, шешуін табу, шеп бұзды, хан көтеру, тақтан түсу, өнеге алды, ой салды, қайшы келді, сұрау белгісі, леп белгісі, құрмалас сөйлем, түбір етістік т.б.

Көркем әдебиет және публицистикаға тән фразеологизмдердің қолданылуы. Фразеологизмдердің образды мағынада қолданылуы сөйлемдегі ойдың барынша әсерлі де сенімді, дәлелді берілуіне көмектесетіндіктен сөз шеберлері оның орнын тауып қолдануға әрекет жасайды. Сондықтан да көркем шығармада фразеологизмді қолданудың әр түрлі әдістері мол кездеседі. Егер автор фразеологизмдерді жеке сөздің баламасы ретінде қолданса, екі түрлі мақсатта қолданылады. Оның бірі – мәтіннің ойнақы да образды шығуына ұмтылу, ал екіншісі – кейіпкер аузына салу арқылы кейіпкер тіліндегі даралықты

аша түсу. Фразеологизмдерді өзгеріссіз қолдануда экспрессивті–стильдік бояулар тек сол фразеологизмдердің мән-мағынасында ғана беріледі де, артық бояу болмайды. Мысалы: Екеуі дауыс шыққан ылдига қарап еді, қыбырлап қарауытқан жандарды көзі шалды. Бөлме іші тым-тырыс, құлаққа ұрған танадай (Б.Тілегенов).

Ал автордың фразеологизмдерді өз мақсатына сай өзгертіп қолдануында жаңа мән, жаңа ажар алып, жаңа стильдік қызметке көшеді. Фразеологизмдерді бұлайша жанартып пайдалану акын-жазушылардың, публицистердің жеке қол таңбасын танытатын ізденісін байқатады. Фразеологизмдерді өзгертіп айту жолдары мыналар:

1. Ақын-жазушылар фразеологизмді қолданғанда өз жанынан сөз қосып, өз мақсатына икемдейді. Мысалы: *Немене алты аша ала ауыз* болып отырғандарың (А.Тоқмағанбетов). Осы сөйлемдегі *аша* сөзі алты ала ауыз фразеологизмдерінің арасына кірісіп, ойды күшейтіп тұр. Кейде бұлайша сөз қосу фразеологизмді еркін тіркеске жақындатады да, әрі фразеологизмдік, әрі еркін тіркестік мағынасы арқылы жатық та бейнелі қолданыс туады. Мысалы: *Меңтайдың ұсынысы отқа құйған майдай болды. Қыздар лап етті, оны бірден қостап әкетті* (Ә.Нұршайықов). *Аяғанмен мұндайда, Дей көрмеңіз жан қалар* (Жамбыл). *Қайратты алып бойдағы, басымды қайғы қаңғыртар* (Абай). Келтірілген сөйлемдерде қабырғасына қол батты, аяғанмен жан қалмайды, басы қаңғырды – деген фразеологизмдер бар, бірақ олар еркін тіркестер сияқты араларына сөз салып, әрі грамматикалық өзгерістерге ұшырап барып қолданылған.

2. Фразеологизм мағынасын сақтай отырып, кей авторлар бір сөзді басқа сөздермен алмастырып әрі грамматикалық өзгеріспен қолданады. Мысалы: арасынан кара мысық өтті, көз алдынан бұлбұлдай ұшты, апшысын алды деген фразеологизмдердің мына сөйлемде берілуін салыстырыңыз. Қандай ғана кара мысық жүгірді екен

араларынан (М. Қаратаев). ...Олжайға ұзатылар сәтінің шаттығы бұлаң етіп, көз алдынан бұлбұлша ұша бергенін сезінген (О. Бөкей). Апшысын алыңқырап, жиырмасыншы жылдар да келді (С. Бердіқұлов). М. Мақатаевтың Бауыржанға арнаған өлеңінде фразеологизм құрамындағы сөзді ауыстырып, әрі грамматикалық форманы өзгертудегі стильдік мақсат ерекше көрінеді:

Сен зәру емессің ғой құрметке,
Сырлы аяқтың сыны бар, сыры кеткен
Тонға емес орамал жолға жарап,
Сый тартуды атамыз ырым еткен.

(М. Мақатаев).

Осы өлеңнің екінші қатары «сырлы аяқтың сыры кетсе де, кетпейді» деген мәтелдің өзгерген түрі. Автор бір «кет» етістігінің орнына бар сөзін қолданып, екінші «кетпейді» етістігінің орнына кеткен есімше формасын қолдануы мәтелдегі жалпы заңдылықты нақтылы жағдайда суреттеуге бейімдеу мақсатынан туған.

3. Кейде автордың фразеологизмнің тұтастығын сақтай отырып, оған жаңа сөз қосып айту тәжірибелері де кездеседі. Ол қосылған сөз не тіркес фразеологизмнің бөлінбес бір бөлігіне айналып, күлкі, ирония пайда етеді. Мысалы: жиен ел болмас, желке ас болмас деген фразеологизмге Ғ.Мұстафин: жиен ел болады, желке ас болады, майы болса деген қосымша фраза қосады. Ал М.Әуезов ала ауыз фразеологизміне клауыз (орыс тілінен: кляуза) сөзінің әрі ұйқасты әрі мағыналастығын пайдаланып шебер тіркес жасайды. Мысалы: осы түнде «Көнекент» совхозының ала ауыз – клауызының бәрі және де сыр береді (М.Әуезов).

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Калиев Ғ., Болғанбаев Ә. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. – Алматы, 2003.

2. Айғабылұлы. А. Қазақ тілі морфонологиясы мен лексикологиясы. –Алматы, 2006.
3. Қалиұлы Б. Қазіргі қазақ тілі. –Алматы, 2004.
4. Кеңесбаев І., Мұсабаев Ғ. Қазіргі қазақ тілі. Лексика, фонетика. –Алматы, 1975.
5. Уәлиев Н. Фразеология және тілдік норма. – Алматы, 1998.
6. Смағұлова Г. Фразеологизмдердің варианттылығы. – Алматы, 1996.
7. Мағыналас фразеологизмдерің ұлттық-мәдени аспектілері. –Алматы, 1998.

Тақырып бойынша орындалатын тапсырмалар:

1. Фразеологизмдердің лексика-семантикалық табиғаты.
2. Көркем шығарма тілінен қазақ тіліндегі фразеологиялық теңеулерге байланысты мысал жазып, оның қолданыстық мәнін айқындау.
3. Қазақ тіліндегі антоним фразеологизмдердің танымдық негізі.
4. Абай тілінің фразеологиясы.
5. Диалектілік сипаттағы фразеологизмдер. Көркем шығарма тілінен алынған мысалдар негізінде талдау жасау.
6. Қазақ фразеологизмдеріндегі синонимия құбылысы және варианттылықтың функционалды қызметі.

Лабораториялық жұмыстар

Мәтінде берілген фразеологизмдерді лексика-семантикалық сипаты бойынша саралап, оның қай стильге тән екендігін анықтаңыз: Жерден жеті қоян тапқандай қопайтып, оңашалап жүргенің осы ма? Ал да ки, бар! Күндіз-түні ой басып, майы азайған шырақтай боп әлсірей бастадым. Енді олар от болып, өзегімді өртеп

барады. Тым болмаса бірер жыл күдер үздірмесін. (Ә.Нұршайықов). Бет ұшындағы қара меңі енді мүлде айқын, көз қарашығындай мөлдір қара ноқатқа айналған. Жатса—тұрса да, шыбындай жаны жалғыз Инештің үстінде айтуір. Инештің зәресі ұшып кетті. Инештің жүрегі тулап кетті. Жатқа паң да, жақынға бауыр етін кесіп беретін Гүлшаттың өмір жолы да, толайы да басқа еді олардың. Бала жүрегі су ете қалды. Кенет көзі ұясынан шығып кетті. — Анама күн сайын хат жазсам да көпсінбес еді, — деді Ләйла қолындағы қағазын үшкілдеп бүктеп жатып. — Оған уақыт жоқ. Ал апта сайын жазған хатымды місе тұтпайды. Содан кейін асықпай барып Ләйланың екі иығынан ұстаймын. Ермекке қараймын, екі езуім құлағымға жетердей күліп. Мұздай боп ерекше киініп алған ол, киіктің лағындай секіріп, зеңбіректен екі елі қалмай үкідей ұшып барады. Пулеметімен қоса екі фашистің күлі көкке ұшады. —Шіркін, Ләйла-ай! Қайран лейтенант-ай! —деп көкірегі қарс айрыла күрсінбеген, жыламаған жан болмады батареяда. Зағип болса да халық үшін қолынан келгенін істеуде, оның еңбегі, өзі айтқандай, қоғамдық іске қарлығаш қанатымен су сепкендей болса пайда келтіруде. Бұл он бес жыл бойы колхоздан себепсіз бір күн қол үзіп көрген емес (С. Шаймерденов). Менің ішкі дүнием элементі болып, зығырданым қайнады (Ә. Нұршайықов). — Сол кинодағы төбе құйқанды шымырлататын сиқырлы үн ше?... Содан бір де кем емес. Әне... эне... тындашы! Керек болмасаңдар, құлақ салыңдаршы. ... ал тал шыбықтай бұралған талдырмаш бел үп етіп самал тұрса майысатындай; бірақ кейінгі кезде орныққан ақыл меңдеді ме әлде ежелгі дәрменсіздігім тұсау болды ма — көкірегім қарс айрылып, өкінгенім болмаса, батылым жетпеді. Адамның басы — алланың добы деуші еді бұрынғылар, енді Упрайдың добы болдық. —Жанармай таусылып қалса, ертең мынау ит өлген жерден шыға алмай, сеспей қатпаймыз ба? — деді Нұржан. Ал аспан мелшиіп,

табалағандай, міз бағар емес. Ақсақал, айтыңызшы жетпіс жасаған сіз, осыншалық мол қуат, тепсе темір үзер қайратты қайдан алдыңыз? Бақытжан: –Ал біз турникке асыламыз келіп, тыртындап жүгіреміз келіп, гимнастика жасаймыз. Ақыр аяғы міне төрінен көрі жуық сізден таяқ жейміз. Қисық көзінің шарасы үлкейіп, біреу қолқасын суыра бастағандай ақиып кеткен. – Бер, бере сал, ойбай, бастан құлақ садақ. –Өй, өңшең ғана қоян жүрек қорқақтар! – деп, тісін шақыр-шұқыр от шығара қайрады да, білегіндегі сағатын шешіп шалға шырқатты. –Атаңның басы, – деді Аманжан. Содан соң тұлан тұтып, Бақытжанның талтайып созып жіберген аяғын теуіп қалды. –Ар жағы түсінікті, – деді Бақытжан оның сөзін бөліп. –Тазы ашуын тырнадан алады. Бақытжан: –Соны айтамынау. Қайдағы бір қайыршы шал үшін көзіміз көгеріп түрмеде отырсақ. Құрысын жатқан жыланның құйрығын баспайық (О. Бөкей).

Лекция № 15

Қазақ тілінің лексикографиясы

1. Лексикография ғылымы туралы жалпы мағлұмат.
2. Қазақ лексикографиясының қалыптасуы мен зерттелу тарихына шолу.
3. Сөздіктердің түрлері және олардың сипаттамасы.

1. Сөздерді, фразеологизмдерді жинап, жүйелеп сөздік ретінде беру ісі лексикография деп аталады. Яғни сөздік жасаудың әдістемесі мен техникасын зерттейтін ғылым саласы деп түсіну керек. Лексикографияның негізгі міндеті – лингвистикалық сөздік жасау.

Қазақ лексикографиясы қазақ тіл ғылымының өзге салалары сияқты соңғы елу-алпыс жыл ішінде туып қалыптасты. Ұлт мәдениетінің дамып, ғылым мен техниканың өркендеуі, әдеби тілдің қалыптасуы сөздіктердің әр түрін шығаруға жағдай жасады. Лингвистикалық сөздіктердің түрлері өте көп.

Алайда, лингвистикалық сөздіктен басқа да анықтама сипатындағы сөздіктер де болады. Мысалы, Қазақ совет энциклопедиясы, биология терминдерінің орысша-қазақша сөздігі, ауылшаруашылық терминдердің сөздігі, әдебиеттану терминдерінің сөздігі т.б. Бірақ бұлардың лингвистикалық сөздіктен түбірлі айырмашылығы бар. Бұл сөздіктерде сөз емес түрлі сөзбен аталатын заттар мен құбылыстар, тарихи оқиғалар, ұғымдар түсіндіріледі. Ал лингвистикалық сөздікте сөздің мағынасы ашылып, тілдік тұрғыдан баяндалады.

2. Қазақ лексикографиясының қалыптасуы мен зерттелу тарихына шолу. Қазақ лексикографиясы қазақ тіл ғылымының өзге салалары сияқты соңғы елу-алпыс

жыл ішінде туып қалыптасты. Ғылым мен техниканың өркендеуі, әдеби тілдің қалыптасуы сөздіктердің әр түрін шығаруға жағдай жасады. Қазан төңкерісіне дейін екі тілді шағын сөздіктер болса, одан бергі кезеңде 10-15 түрлі сөздік түрлері пайда болды.

3. Қазақ тілі лингвистикалық сөздіктерінің негізгі түрлері. Лингвистикалық сөздіктер жалпы және арнаулы сөздіктер болып екіге бөлінеді. Жалпы сөздіктерге түсіндірме сөздік, орфографиялық, аударма сөздіктер жатады. Бұлардың жалпы сөздік деп аталуы қамтылатын сөздерге байланысты. Аталған сөздіктер мақсатқа байланысты толық та, ықшамдалып та алына береді.

Ал арнаулы сөздікке белгілі бір салаға байланысты сөздер ғана алынады. Мысалы: синонимдер сөздігі, антонимдер сөздігі, терминдер сөздігі т.б. Аударма сөздікте бір тілдің сөздік құрамына екінші бір тілдің мағына жағынан тура келетін баламалары беріледі.

Аударма сөздік екі немесе одан да көп тілді болуы мүмкін. Көп тілді сөздік аз кездеседі. Негізінен, екі тілді сөздіктер жиі кездеседі. Аударма сөздік өзге бір тілдің сөздік құрамын үйрену үшін жасалатын құрал іспеттес. Қазақ лексикографиясында орысша-қазақша, парсыша-қазақша, арабша-қазақша сөздіктердің шығуы орыс, парсы, араб тілін үйрену мақсатымен жасалған.

Аударма сөздіктердің өзі жалпы және арнаулы сөздіктер болып екіге бөлінеді. Бір тілдің лексикасын үйрену үшін жасалған сөздіктерде жеке сөздермен бірге сол тілдің фразеологиялық тіркестері де беріледі. Оларды жалпы аударма сөздіктер деп атаймыз.

Ана тілі сөздіктері. Ана тілі сөздіктерінде реестрге алынатын сөз де, түсінік те ана тілі материалымен беріледі. Ана тілі сөздіктері жасалу мақсатына қарай бірнеше түрге бөлінеді. Олардың негізгілері мыналар: 1) түсіндірме сөздік, 2) орфографиялық сөздік, 3) орфоэпиялық сөздік, 4) жиілік сөздік, 5) кері сөздік, 6) фразеологиялық сөздік, 7)

синонимдер сөздігі, 8) антонимдер сөздігі, 9) диалектологиялық сөздік, 10) терминологиялық сөздік, 11) этимологиялық сөздік, 12) жеке жазушы тілінің сөздігі.

Түсіндірме сөздікте сөз не сөз орнына қолданылатын тіркестердің мағыналары түсіндіріледі. Сондай-ақ түсіндірілетін сөздің грамматикалық, стилистикалық, фразеологиялық т.б. ерекшеліктері көрсетілетіндей белгілер қойылады. Түсініктен кейін сөз мағынасына мысал беріледі. Реестр сөздің анықтамасы, оған берілген грамматикалық белгі және шығу төркіні мен қай стильге жататындығы туралы белгілер, бұларға келтірілген түрлі мысалдар сөздік мақала деп аталады. Түсіндірме сөздік қазақ тілінде алғаш екі том болып 1959 және 1961 жылы шықты. Кейін тіліміздегі бүкіл сөздерді қамту мақсатымен 1974-1986 жылдары 10 томдық «Қазақ тілі түсіндірме сөздігі» шықты. Осы сөздіктен үлгі ретінде жіп сөзіне берілген сөздік мақаланы негізге алсақ:

Жіп. 1. Жүн, мақта, кендір сияқты нәрседен заттарды тігу, тоқу, байлау үшін жіңішке етіп, иірілген бау, зат.

2. Ауыс. Бір нәрсені байланыстырушы дәнекері, шет жағасы. Гүлжан әңгіме жібін суыртпақтады.

Жібі бос (бостау) – иі жұмсақ, көңілшек.

Жібі босады: а) ұнжырғасы түсті;

ә) бәсеңсіп, істі босаңсытты.

Жібін ағытты – ішіндегісін ақтарып салды.

Жібін тартып көрді – байқады, сынады.

Жібін ширатты – пысытты, сергітті.

Жібі түзу – а) тәп-тәуір; жөнді.

ә) жарамды, жақсы.

Жіпке тізді – жоқ-барды есептеп тізіп отырды.

Жіп сабақтап көрмеген - өмірінде ешнәрсе істемеген.

Жіп тақты (этногр.) – иеленді, иемденіп алды.

Қара ет. 1) көз жіберу, назар аудару. Рабиға біресе Дәуғараға, біресе Әміржанға қарайды. Осылайша етістіктен болған қара сөзінде сөздікте 11 мағынасы

берілген. Бұдан біз сөздікте омонимдердің жеке-жеке сөз ретінде нөмірмен жеке беріліп, әрқайсысы жеке сөздік мақала ретінде жазылатынын да аңғарамыз.

Осы он томдық сөздіктің негізінде кейін енген жиі қолданыстағы сөздермен толықтырылып, 1999 жылы I томдық «Қазақ тілінің сөздігі» басылып шықты (50 000 мыңға жуық сөз қамтылған).

Орфографиялық сөздік. Орфографиялық сөздік бір тілдегі сөздердің емле-ережелеріне сай нормасын белгілеп көрсетеді. Орфографиялық сөздік, негізінде, практикалық мақсат үшін жасалады. Қазақ тілінде орфографиялық сөздіктер әр түрлі көлемде шығып тұрды. Оған М.Б. Балақаевтың «Емле сөздігін» (1948), Г. Жәркешованың «Біріккен сөздер мен сөз тіркестерінің орфографиялық сөздігін» (1960), «Қазақ тілінің орфографиялық сөздігін» (Ғылым баспасы, 1963, 1978, 1988) атауға болады. Р.Сыздықованың «Қазақ орфографиясы мен пунктуациясы жайында анықтағышы» 1960, 1974 және 2000 жылдары басылды. Бұл еңбектің баспа қызметкерлер мен мұғалімдер үшін елеулі мәні болды.

Орфоэпиялық сөздіктерде сөздің әдеби тілде дұрыс айтылуы көрсетіледі. Бұл сөздікті жасағанда, жазылуы және айтылуы деген екі бағанадан тұрады. Қ.Ниеталиеваның «Қазақ тілінің орфоэпиялық сөздігі» жарық көрді (1977). Сөздікке тәжірибеде жиірек бұзылып айтылып жүрген 15 мыңға жуық сөздер мен сөз тіркестері берілген. Мысалы:

Жазылуы: *Айтылуы:*

абысынмен – абысыммен

адал көңіл – адал гөңүл

азды-көпті – азды-гөпті

азық-түлік – азық-түлүк

Фразеологиялық сөздік тұрақты тіркестердің жүйеленіп, алфавит тәртібімен берілген түрі. Бұл сөздікте фразеологизмдердің мағынасы, одан кейін әдебиеттен

алынған мысалдар беріледі. Кейде фразеологизмдердің шығу төркіні, экспрессивті-стилистикалық ерекшеліктері де көрсетілуі мүмкін. 1977 жылы І. Кеңесбаевтың 10 мыңнан аса фразалық тіркестер жинақталған «Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі» шықты. Бірақ оған қазақ тілінің мақал-мәтелдері, қанатты сөздері енген жоқ. Мұның өзі фразеологизмнің критеріі әлі толық шешілмегенін аңғартады. Сондықтан да қазақ тілінде мақал-мәтелдер мен қанатты сөздер жеке-жеке басылып жүр. Оған Ө. Тұрманжановтың «Қазақтың мақал-мәтелдері» (Алматы, 1980) мен Н. Төреқұловтың «Қазақтың қанатты сөздері» (Алматы, 1960) атауға болады.

Фразеологиялық сөздіктегі фразалардың берілу тәртібін байқау үшін І. Кеңесбаевтың сөздігінен мысал келтірсек:

Аузы-мұрны қисаймай – бет-аузы бүлк етпей, ұялмай шімірікпей. Жақыпбектің күшік күйеу болатындығын маған аузы-мұрны қисаймай Ақықтың өзі айтты.

Аузы-мұрнынан келді (шықты) – лық толды. Аласа қараңғы мектеп аузы-мұрнынан шығып тұр (Б. Майлин).

Аузына құм құйылды – сөзден жым болды, жағы қарысты, сөз айта алмай қалды. Семен Иванович әңгімеге араласқан жоқ. Еркін тұрған жерде аузына құм құйылатын әдеті (Ғ. Мұстафин).

Синонимдер сөздігі өзара мағыналас сөздерден тұрады. Синонимдер сөздігі тек синонимдік қатарларды беру жолымен де, түсінік беру арқылы да жасалуы мүмкін. Түсіндірмелі синоним сөздігі, әрине, құнды, себебі, әрбір сөздің белгі-ерекшеліктерін ашып, ойға лайық іріктеп қолдануға практикалық көмек жасайды. Түсіндірмелі синонимдер сөздігінде әуелі өзара синонимдес сөздер реестрге алынады, екіншіден, олардың басын біріктіріп тұрған жалпы мағынасы беріледі. Үшінші орында синонимдес сөздердің әр қайсысына тән мән-мағынасы, басқасынан өзгешелігі ашылып беріледі. Сондықтан да жай синонимдер сөздігінен түсіндірмелі синонимдер

сөздігі әлдеқайда құнды болып шығады. Өкінішке орай, ондай сөздік қазақ тіл білімінде жасалған жоқ (1, 168 б.).

1962 жылы (толықтырылып жарияланғаны – 1975ж. 5000–нан астам синоним сөз қамтылған) жарық көрген Ә.Болғанбаевтың «Қазақ тіліндегі синонимдер» сөздігінде мәндес сөздер беріледі де, олардың әрқайсысына көркем әдебиеттен бір-бір мысал келтіріледі. Оның үлгісі мынадай: *ар, ұждан, намыс, ұят, шам.. Адам бойындағы адамгершілік ізгі қасиеттер. Өмір сүрген ортадағы жан сезімнің тазалығы. Ар* - адамның өз тәртібін өзі қадағалауына негіз болатын аса маңызды моральдық қасиет, адамгершілік фактор (ҚСЭ). *Ұждан* - адамның өз мінез-құлқын бақылау, қадағалау, оған белгілі бір шек қойып мүлтіксіз орындау қабілетін бейнелейтін этика категориясы (ҚСЭ). *Намыс* - әркім өзі өмір сүріп отырған әлеуметтік ортадағы қоғамдық пікірді қорғай алуын қамтамасыз ететін сана-сезімнің дәрежесі («Қаз.әдебиеті»). *Ұят* - адамның қоғамдық моральдық принциптерге үйлеспейтін жағымсыз, теріс қылық жасалған кезде байқалатын сезімі («Қаз.әдеб.»). Үйінен не көреді шықпаған жан, Өзге озық деген сөздің бәрі оған *шам* (Ғ.Орманов). «Синонимдер сөздігі» толықтырылып, Ә.Болғанбаев, С.Бизақов, Ш. Дәулетқұловтың авторлығымен 2001 ж. қайта шықты.

Диалектологиялық сөздік. Сөздіктің бұл түріне жергілікті ерекшелікті білдіретін, әдеби тілден тыс сөздер енеді. Бұнда диалект сөздің қай облыс, ауданға тәндігі көрсетіліп, одан кейін әдеби тілдегі баламасымен түсіндіріледі. Қазақ тілінің диалектологиялық сөздігін Ж. Досқараев алғаш 1955 жылы «Қазақ тілінің жергілікті ерекшеліктері» деген атпен шығарды. Онда диалект сөздерге түсінік беріп қана қоймай, ол сөзді туыс тілдермен, монғол тілі материалдарымен салыстырып отырған. Бұл жағынан сөздік тарихи лексикология міндетін де атқарған сияқты.

С. Аманжолов 1959 жылы «Қазақ тілінің диалектологиялық сөздігін» шығарды. Бұнда әрбір сөзге екі тілде (орысша және қазақша) түсінік беріліп, қайда қолданылатынын, қай әдебиеттен алынғаны берілген. 1969 жылы Тіл білімі институты «Қазақ тілінің диалектологиялық сөздігін» шығарды. Бұл сөздікте 6000-мыңға жуық сөз қамтылған). Сөздіктегі мақалалардың берілуіне мысал келтірсек: Қарамық 1. (Қ.орда: Арал, Қарм.). тікенді, шенгелді жерде өсетін, дәмі қышқыл, түрі қара, қойдың құмалағындай жемісті өсімдік. Қарамық табанды жерде шығады (Қ.орда, Қарм.). 2. егін арасына шығатын шөп (Алм., Жам.).

Қарамық 2. (Рес., Орын.) қызылша ауруының бір түрі. Қарамық бөртіп-бөртіп шығады (Рес., Орын.). 2. шешектің бір түрі (Талд., Панф.).

Терминологиялық сөздік. Терминологиялық сөздіктер ғылым мен техниканың түрлі саласына қатысты терминдерді қамтып, олардың аңғаратын ұғымын түсіндіреді.

Сөздіктің бұл түрі бір тілде түсіндірме сөздік түрінде де, екі тілдік аударма сөздік ретінде де құрастырылады. Ал қазақ тілінде ғылым мен техниканың түрлі саласы бойынша жарық көрген сөздіктердің барлығы дерлік екі тілді аударма терминологиялық сөздік түрінде жасалған. Мәселен, 1926 жылы шыққан «Орысша–қазақша әскерлік атаулары» сөздігі, 1931 жылы шыққан «Атаулар сөздігі», 1936 жылы шыққан «Қазақ тілінің терминдері», 1948, 1950 жылдары шыққан «Терминология сөздігі» ғылым мен техниканың жеке бір саласына ғана арналмаған сөздіктер еді. Бұл сөздіктерде Қазан төңкерісіне дейінгі тілімізге енген термин сөздерді барынша жинақтап, жұртшылыққа ұсыну мақсаты көзделді. Т. Мұсақұловтың «Биология терминдерінің орысша-қазақша сөздігі» (1960), С. Арзымбетовтың «Орысша-қазақша ауыл шаруашылық терминдерінің сөздігі» (1952, 1955) жарық көрді. Қазір

отызға жуық осындай үлкенді-кішілі терминологиялық сөздіктер жарық көріп отыр. Бұған лингвистика, әдебиеттану, музыка, металлургия өнеркәсібі, тау-кен ісі, физикалық география, математика, физика, астрономия, геология, құқықтану, педагогика, психология, медицина, экономика, философия, спорт, құрылыс және құрылыс материалдары, ботаника және топырақтану, теміржол қатынасы, биология, химия, археология, механика, қоғамдық-саяси терминдер т.б. енгізілген. Мәселен, **зооним** (грек. *Zoon* – жануар + *онума*, *опота* – ат, атау, есім) нем. *Zoonym*, *Plereightname* (мал атауы) – Онимнің бір түрі; жануарларға қойылатын ат, жалқы есім. Мысалы: Құлагер (жылқы), Аққұс (құс), Өткірмүйіз (миыр), Ақтөс (ит).

Этимологиялық сөздік. Бұл сөздіктің міндеті белгілі бір тілдің немесе бір семьяға жататын тілдің жеке сөзінің шығу төркінін анықтау. Белгілі бір тілдегі сөздердің шығу төркінін, олардың бастапқы дыбысталу түрі мен мағынасын анықтайды. Тілдің даму барысында сөздер түр-тұрпаты мен мән-мағынасы жағынан қандайлық өзгерістерге ұшырағандығы айқындалады. Қазақ тіл білімінде жарық көрген «Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігінде» (Алматы, 1966) 333 сөздің түп-төркіні, алғашқы мағынасы түсіндірілген. Енді сөздіктен бірер мысал келтірсек: Алмұрт. Бұл сөз *ал* және *мұрт* деген екі сөздің бірігуінен жасалған. *Ал* сөзі араб-парсы және кейбір түркі тілдерінде «ашық қызыл» деген мағынада жұмасалады. Парсыша алмұртты *моруд* дейді. Бұл сөздің алдына *ал* қосылып алмұрт деген сөз жасалған, мағынасы – «қызғылт морут» Кейбір түркі тілдерінде (азербайжан, татар) бұл сөз *армуд* күйінде айтылған.

Абай тілінің сөздігі. Белгілі бір ақын-жазушының тіліне арналған сөздікті арнаулы сөздік деп атайды. Тіл білімі институты 1968 жылы А.Құнанбаев сөздігін (редакциясын басқарған А. Ысқақов) бастырып шығарды. Бұл сөздік

қазақ ұлттық әдебиетінің тарихы, әсіресе оның лексикасының тарихы маңызды рухани құрал деп есептеледі. Жеке ақын-жазушылардың шығармаларының сөздігін жасау тәжірибесі бүкіл түркі тілдерінің тарихында болмаған. Бұл сөздіктің жаңалығы мен қиыншылығы осында жатыр. Сөздік ақынның қаламынан туған шығармалар тіліне тән өзіндік ерекшеліктерді Абайдан бұрынғы ақын-жазушылардың тілімен салыстыра отырып, даралап көрсету үшін құнды еңбек ретінде бағаланады. «Абай тілі сөздігі» ақын шығармаларындағы сөздердің анықтағышы болғандықтан, реестрге алынған сөзден кейін оның неше рет қолданылғаны, бір сөздің қанша мағынада қолданылып тұрғандығы, одан кейін өзіндік сөз қолданысы бірінен соң бірі тізіліп, әр грамматикалық тұлға қай томда, қай бетінде кездесетіндігі көрсетілген.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Айғабылұлы А. Қазақ тілі морфонологиясы мен лексикологиясы. –Алматы, 2006.
2. Қалиев Ғ., Болғанбаев Ә. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. –Алматы, 2003.
3. Қалиұлы Б.Қазіргі қазақ тілі. –Алматы, 2004.

Сөздіктер:

- 1.Қазік тілінің түсіндірмелі сөздігі. –Алматы, 2001.
2. Диалектологиялық сөздік. –Алматы, 2007.
3. Синонимдер сөздігі. –Алматы, 2007.
4. Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігі. –Алматы, 1966.
5. Тіл білімінің сөздігі. –Алматы, 1998.

Тақырып бойынша орындалатын тапсырмалар:

1. Қазақ тіліне қатысты түркологиялық сөздіктерге (М. Қашқари, В. Радлов, құман (қыпшак) тілінің сөздігі) шолу жасау.

2. Түркологиялық сөздіктердегі қазақ тіліне тән сөздерді қазіргі әдеби тілмен салыстыра отырып, тұлғалық және мағыналық өзгерістеріне сараптама жүргізу.
3. «Мәдени мұра» бағдарламасы бойынша жарық көрген сөздік түрлеріне шолу жасау.
4. Сөздік мақала. Сөздік жасау саласындағы нормативтік мәселелер.
5. «Қазақ тіл білімі әдебиетінің көрсеткіштерін» (құрастырған Ш.Ш.Сарыбаев) пайдалана отырып, қазақ тілінің лексикологиясына байланысты жасалған сөздіктердің түрлерін көрсетіңіздер. Әр сөздіктің өзіндік ерекшелігі жайында жазбаша қысқаша сипаттама беріңіздер.

Лабораториялық жұмыстар:

Берілген сөздердің қазақ тілі сөздіктерінде (түсіндірмелі, этимологиялық, диалектологиялық, фразеологиялық) берілу жолдарын салыстыра отырып, соған орай сөздіктердің өзіндік ерекшелігін, бір-бірінен айырмасын көрсетіңіздер: қайқы, күн, аспан, жапырақ, басқұр, күдері, науа, мүйіз, аруана, аршын, қасқарша, ғалым, ұстаз, қаршыға, баспалы, алмас, алтын, су, ұжым, төраға, ақ, қара, маслихат, мақсат, тайтұяқ.

Берілген сөздердің түсіндірме, этимологиялық және терминологиялық сөздіктерде берілуін салыстырып, олардың талдануындағы ерекшеліктерін көрсетіңіздер: қауырсын, бор, сауыт, құмырсқа, жұмыртқа, қарындас, өзен, тамызық, доңыз, шегіртке, мендуана, батпан, кіреуке,

қияли, пұт, үтік, қыз-қырқын, бұлқан-талқан, жал, құн, жайма, абысын-ажын, бала-шаға.

Н. Д. Ондасыновтың «Арабша-қазақша түсіндірме сөздігін» (1969, 1984) пайдаланып, қазақ тіліндегі қолданылуында тұлғалық және мағыналық өзгерістерге түскен араб сөздеріне мысал келтіріп, талдау жасаңыздар.

Төменде берілген сөздерді «Монғолша-қазақша сөздікті» (Б.Базылхан, 1977) пайдалана отырып, қазақ тіліне монғол тілінен енген сөздерді бір бөлек, қазақ, монғол тілдеріне тән ортақ сөздерді бөлек көрсетіп, олардың тұлғалық және мағыналық ерекшеліктерін айқындаңыздар: төргем, хорһолджин, Баин ола, нарийн, өлегчин, кончын, хов-көк, бух, хурэн, тэнэг, худагы, хэргэм, зиимхэ, ирэх, зурам, эргенек, шар, аймах, жасаг, боорцог, цэцег, хавирга, анч, авдар, авлах, бараан, ат, балчиг, бөгс, бөөр, бохон.

**«Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы» курсы
бойынша студенттердің өздік жұмыстарының
(СӨЖ) тақырыптары**

I - модуль

I. Қазақ тіл білімінің зерттелу тарихына шолу.

- 1) Ресей және Батыс Еуропа түркітанушыларының зерттеулері.
- 2) Орта ғасырлардағы араб ғалымдарының зерттеулері.
- 3) Қазақ тіл білімінің Кеңес дәуіріндегі зерттеулері.

Әдебиеттер:

1. Баскаков Н.А. Введение в изучение тюркских языков. – М., 1962.
2. Кононов А.Н. История изучения тюркских языков в России. Ленинград, 1982.
3. Қордабаев Т. Қазақ тіл білімінің қалыптасу, даму тарихы. –Алматы, 1987.
4. Ибатов А. Құтбтың «Хұсрау уа Шірін» поэмасының сөздігі (XIV ғ.) –Алматы, 1974.
5. Аманжолов С. Вопросы диалектологии и истории казахского языка. –Алматы, 1959.
6. Лингвистический энциклопедический словарь. –М., 1990.

II. Сөздің лексика-семантикалық табиғаты.

- 1) Сөз мағынасы (семантикасы).
- 2) Мағыналық және тұлғалық жақтан сәйкес келетін түркі тілдеріне ортақ сөздер.
- 3) Сөз мағынасының дәстүрлі және лингвистикалық жолдармен тарылуы.
- 4) Бұрынғы мағыналарын сақтай отырып сөз мағынасының кеңеюі.
- 5) Узуалды және окказионалды сөз мағыналары.

- 6) Валенттілік теориясы. Синтагмалық және парадигмалық мағына.
- 7) Градуалды антонимдік оппозициялар.

III. Сөздің қосалқы аталымдары.

- 1) Эвфемизмдердің зерттелуі мен жасалу жолдары.
- 2) БАҚ-ғы эвфемизмдер және сөз этикетіндегі орны.
- 3) Тыйым сөздердің тағлымдық мәні.
- 4) Табу мен эвфемизм құбылысының диалектілік бірлігі.

Әдебиеттер:

1. Оразов М. Қазақ тілінің семантикасы. – Алматы, 1991.
2. Болғанбайұлы Ә., Қалиұлы Ғ. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы. – Алматы, 2003.
3. Шмелев Д.Н. Очерки по семасиологии русского языка. – М., 1964.
4. Сағындықұлы Б. Қазіргі қазақ тілі. Лексикология, I-бөлім. – Алматы, 2003.
5. Ахметов Ә. Түркі тілдеріндегі табу мен эвфемизмдер. – Алматы, 1995.
6. Реформатский А.А. Введение в языковедение. – М., 1967.
7. Хасенов Ә. Тіл білімі. – Алматы, 1996.
8. Болғанбаев Ә. Қазақ тіліндегі синонимдер. – Алматы, 1970.
9. Хасанов Ғ. Қазақ тілі лексикасының синтагматикасы. – Алматы, 2009.
10. Жолшаева М.С. Қазақ тіліндегі сын есімдердің валенттілігі. – Алматы, 2007.
11. Мусин Ж. Қазақ тілінің антонимдер сөздігі. – Алматы, 1984.
12. Сабыр М. Орта түркі тілі лексикасы мен қазақ тілі лексикасының сабақтастығы (XIV ғасыр жазба ескерткіштері негізінде). – Алматы, 2004.
13. Айғабылұлы А. Қазақ тілі морфонологиясы және лексикологиясы. – Алматы, 2006.

II-модуль

I. А. Байтұрсынұлы және қазақ тіл біліміндегі лингвистикалық терминдер.

- 1) Қазақтың ғылыми терминологиясын қалыптастырудағы А. Байтұрсынұлының рөлі;
- 2) А. Байтұрсынұлы қалыптастырған лингвистикалық терминдердің қазақ тіл ғылымындағы қолданысы.

Әдебиеттер:

1. Айтбаев Ө. Қазақ терминологиясының дамуы мен қалыптасуы. –Алматы, 1988.
2. Қайдаров Ә. Қазақ терминологиясына жаңаша көзқарас. –Алматы, 1993.
3. Құрманбайұлы Ш. Алаш және терминтану. –Алматы, 2008.
4. Құрманбайұлы Ш. Қазақ лексикасының терминденуі. – Алматы, 1998.
5. Жубанов Х. Исследования по казахскому языку. – Алматы, 1966.

II. Қазақ тілінің фразеологиясы.

- 1) Академик І. Кеңесбаев және қазақ тілінің фразеологиясы
- 2) Академик І. Кеңесбаевтың фразеологизмдер жөніндегі зерттеулері;
- 3) Абай тілінің фразеологиясы;
- 4) Қазақ тіліндегі антоним фразеологизмдердің танымдық негіздері;
- 5) Қазақ тіліндегі сандық ұғымдардың қатысуымен жасалған фразеологизмдер;
- 6) Тіліміздегі фразеологиялық синонимдердің қолданысы;
- 7) М.Қашқаридың «Диуани лұғат ат түрк» сөздігіндегі мақал-мәтелдердің қазақ тіліндегі қолданысы.
- 8) Қазақ тіліндегі тұрақты теңелер.

Әдебиеттер:

1. Кеңесбаев І., Мұсабаев Ғ. Қазіргі қазақ тілі. Лексика, фонетика. – Алматы, 1975.
2. Сағындықұлы Б. Қазақ тілі лексикасы дамуының этимологиялық негіздері. – Алматы, 1994.
3. Смағұлова Г. Мағыналас фразеологизмдердің ұлттық-мәдени аспектілері. – Алматы, 1998.
4. Кеңесбаев І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. – Алматы, 1977.
5. Қоңыров Т. Қазақ тіліндегі тұрақты теңеулер сөздігі. – Алматы, 1990.
6. Сағындықұлы Б. Алтын Орда жазба ескерткіштерінің (XIV) салыстырмалы лексикасы. – Алматы, 2006.
7. Сабыр М. Орта түркі тілі лексикасы мен қазақ тілі лексикасының сабақтастығы (XIV ғасыр жазба ескерткіштері негізінде). – Алматы, 2004.

III. Проф. Р. Сыздық және сөз өнері.

- 1) Абай тілін танудың қырлары.
- 2) Сөз - өлеңнің арқауы.
- 3) Сөз құбылту.
- 4) Сөз үндестіру.

Әдебиеттер:

1. Сыздық Р. Абайдың сөз өрнегі. – Алматы, 2004
2. Сыздықова Р. Сөздер сөйлейді. – Алматы, 1994.
3. Сыздықова Р. Сөз құдіреті. – Алматы, 2004
2. Серғалиев М. Көркем әдебиет тілі. – Алматы, 1995.
3. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. – Алматы, 1992.
4. Жанпейсов Е. Н. Этнокультурная лексика казахского языка. – Алматы, 1989.
5. Жанпейсов Е. Н. М. Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясының тілі. – Алматы, 1976.

**«Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы» курсы
бойынша студенттердің оқытушымен бірлесе
жасайтын өздік жұмыстарының
(СОӨЖ) тақырыптары**

I - модуль

1. Сөздің лексика-семантикалық топтары.
2. Тарихи романдардағы лексикалық синонимдер.
3. Антонимдердің стильдік қызметі.
4. Синонимдердің мағыналық, стильдік, сөз қолданысындағы реңктер.
5. Сөздік құрамның дамуына әсер ететін факторлар.
6. Көнерген сөздердің көркем шығармада қолданылуы (Ә.Нұрпейісовтың «Қан мен тер» романы бойынша)
7. О. Бөкеев шығармаларындағы соматизмдер.
8. І. Есенберлин шығармаларындағы метафоралық қолданыстар.
9. Айтыс ақындары тіліндегі метонимиялық қолданыстар.
10. Қазіргі қазақ тіліндегі жаңа атаулар. БАҚ-ғы неологизмдер.
11. Кірме сөздер (интралингвистикалық және экстралингвистикалық факторлар).
12. Көркем мәтіндегі диалектизмдер (1995-2005 жж. көркем шығармалар бойынша)
13. Плеонастикалық синтагма.
14. Топонимикалық атаулардың қолданылу сипаты.
15. Сөз мағынасындағы ақпарат.

II - модуль

1. Тұрмыстық лексикаға байланысты араб тілінен енген араб сөздері.
2. Ғылым мен мәдениетке байланысты енген араб сөздері.
3. Монғол және қазақ тілдерінің қарым-қатынасы. Қазақ және монғол тілдеріне ортақ сөздер.

4. Көне түрік тіліндегі қазақ тіліне тән сөздердің қолданылуы.
5. Түркі тілдеріне ортақ ескерткіштердің зерттелу тарихы.
6. Қазақ тіліндегі сөз варианттарының функционалды қызметі.
7. Лексикалық дублеттердің лексика-семантикалық, стилистикалық табиғаты.
8. М.Жүсіп шығармаларындағы ескі кітаби тіл элементтері.
9. Қазақ тілі этимологиясының зерттелу жайы.
10. Қазақ тіліндегі «Қазақ» сөзінің этимологиясы.
11. Қос сөздер құрамындағы мағынасы күңгірттенген компоненттердің этимологиясы.
12. Жергілікті сөйленістердің этимологиясы.
13. Қазақ тіл біліміндегі ономастикалық зерттеулердің тәсілдері мен әдістемесі.
14. Ономастиканың мемлекеттік мәні, қолдану аясы мен қызметі.
15. Лексикография. Сөздік мақала.

**«Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы» пәні бойынша
тест тапсырмалары:**

1. Тілдегі сөздердің тұтас жиынтығы:

- A) сөздік қор;
- B) сөздік құрам;
- C) табу;
- D) синонимдер;
- E) тұрақты тіркестер.

2. Өзара мәндес сөздер қатары:

- A) антонимдік қатар;
- B) омонимдік қатар;
- C) синонимдік қатар;
- D) полисемиялық; қатар;
- E) гипонимдік қатар.

3. Кемінде екі сөздің тіркесуінен жасалған, мағынасы біртұтас, құрамы мен құрылымы тұрақты, даяр қалпында қолданылатын тілдік бірлік:

- A) тұрақты тіркестер;
- B) неологизмдер;
- C) еркін тіркестер;
- D) морфемалар;
- E) сөйлем.

4. Көнерген сөздерге жататын лексикалық бірлік:

- A) терминдер;
- B) кәсіби сөздер;
- C) неологизмдер;
- D) историзмдер;
- E) кірме сөздер.

5. Ғылым мен техниканың алуан түрлі салаларында қолданылатын арнаулы сөздер жиынтығы:

- A) омонимдер;
- B) полисемия;
- C) көнерген сөздер;
- D) кірме сөздер;
- E) терминдер.

6. Сөздіктерді құрастырудың ғылыми ұстанымдарын зерттейтін лингвистикалық сала:

- A) лексикология;
- B) лексикография;
- C) морфология;
- D) терминография;
- E) тілдік коммуникация.

7. Тыйым салынып, қосалқы аталымға ие болатын сөздер тізбегі:

- A) дисфемизм;
- B) морфема;
- C) табу;
- D) фонема;
- E) омоним.

8. Сөздердің шығу тегін зерттейтін ғылым саласы:

- A) этимология;
- B) лексикология;
- C) этнография;
- D) этнолингвистика;
- E) фразеология.

9. Сөздің заттар мен құбылыстардың және олардың белгілерінің бейнесімен тікелей байланысты лексикалық мағынасы:

- A) ауыспалы мағына;
- B) келтірінді мағына;
- C) фразеологиялық байлаулы мағына;
- D) поэтикалық мағына;
- E) тура мағына.

10. Бүтіннің орнына бөлшекті, жалпының орнына жалқыны қолданудың негізінде сөз мағынасының ауысуы:

- A) қызмет бірлігі бойынша ауысуы;
- B) метонимия;
- C) синекдоха;
- D) метафора;
- E) ұқсату заңы бойынша ауысуы.

11. Сөздерді бір-бірінен ажыратып танудағы ең негізгі мағына:

- A) ауыспалы мағына;
- B) бейтарап мағына;
- C) бейнелі мағына;
- D) лексикалық мағына;
- E) еркін мағына.

12. Жария - құпия; дос-қас; еңкею-шалқаю; қалың-жұқа; қалың-сирек; қараңғы-оқымысты қай лексикалық-семантикалық топқа жатады?

- A) көп мағыналы сөздер;
- B) фразеологизмдер;
- C) антонимдер;
- D) омонимдер;
- E) синонимдер.

13. Заттың, құбылыстың, жалпы белгілері ұғым болып, тек арқылы қалыптаса алады.

- A) мағына;
- B) ұғым;
- C) тура мағына;
- D) түйсік;
- E) сөз.

14. Қазақ тіліндегі кірме сөздердің ең мол қорын жасаған тіл:

- A) монғол тілі;
- B) орыс тілі;
- C) орыс тілі арқылы енген халықаралық сөздер;
- D) араб-парсы тілдері;
- E) араб тілі.

15. Түркі тілдеріне ортақ сөздер қатары:

- A) бас, ұзын, кеш, және;
- B) нағашы, ер, құрт, фаза;
- C) маңдай, жиен, түгел, құдай;
- D) арыстан, дейін, жасыл, хұқық;
- E) шарифат, ғалым, түйе, жылдам.

16. Қай сөйлемде қазіргі кітаби тіл элементі ұшырасады?

- A) Аңқиып қарап қалыппын;
- B) Көз ұшында бір қара көрінді;
- C) Ұзын сөздің қысқасы, кел деген соң кел;
- D) Нарық эконимикасы қазаққа барымташылықтың жаңарған тәсілін қалыптастырып келе жатқандай (Айқын);
- E) Кейін жібергенін қайтем, қазір жіберсін..

17. Сөздің сөйлемде өзіне дағдылы емес қызмет атқаруынан туатын ауыс мағына:

- A) еркін мағына;
- B) ауыспалы мағына;
- C) түпкі мағына;
- D) фразеологиялық байлаулы мағына;
- E) синтаксистік шартты мағына.

18. Сөздер қолданылу өрісі жағынан бөлінеді:

- A) жалпылама және қолданылу өрісі тар лексика;
- B) қолданылу өрісі тар лексика;
- C) кең қолданыстағы лексика;
- D) әдеби-сөйлеу лексикасы;
- E) ескі дәуірдегі кітаби лексика.

19. Диалектизмдердің есебінен жасалған синонимдер қатары:

- A) табандау - сіресу - қасарысу;
- B) ақша – баға – құн;
- C) астана - табалдырық;
- D) батыл - өжет - өткір;
- E) жоқ-жітік, кедей-кепшік, жарлы-жақыбай.

20. Фразеологизмдерге тән белгі:

- A) тіркестің тиянақсыздығы;
- B) шартты мағынаға ие болуы;
- C) жеке мағыналарға ие болуы;
- D) тіркес тиянақтылығы;
- E) сөйлеу процесінде жасалуы.

21. Метафора тәсілі арқылы жасалған сөзді табыңыз:

- A) Көңіл құсы күйқылжыр шартарапқа,
Адам ойы түрленіп ауган шақта.
- B) Көңілінде қара жоқ, ақ ниетпен,
Тым жақсы дос болуға ыңғайласты.
- C) Әуелгі байлық – денсаулық,
Екінші байлық – ақ жаулық.
- D) Ән салды қосылысып қыздар дағы,
Биікке алтыбақан құрысып ап.
- E) Өз үйінде ою оюламаған адам кісі үйінде кесте тігеді.

22. Метонимия тәсілі арқылы жасалған сөзді табыңыз:

- A) Мен сонда келешектің нұр келбетін
Арманның дүрбісімен жақындаттым.
- B) Астына мініп ақ атты,
Қолына алды болатты.
- C) Сыртылдатып өрген тұяқ, қаққан шоттай,
Өк дейтін кетіп жатыр адам жоқтай.
- D) Абайда жалпы суреттеме тәсілі күшті берілген.
- E) Қазынаға салмағы керек болса, маған тұяғы да керек.

23. Лексикалық дублеттер қатары:

- A) үйткені – өйткені;
- B) табиғат – тәбет;
- C) жұмыртқа – тұқым;
- D) жұмсақ – қатты;
- E) әлді – ауқатты – күшті.

24. Эмоционалды-экспрессивті мәнге ие сөйлем қатары:

- A) Биыл егін бітік шықты;
- B) Жанға жайлы самал жел соғып тұр;
- C) Бір нәрсе сұрасаң, арп ете қалады;
- D) Таң бозарып атып келеді;
- E) Өткінші жаңбыр жауып өтті.

25. Вариант сөздерге тән басты белгі –

- A) мағыналық қарама-қарсылық;
- B) мағыналық жуықтық;
- C) мағыналық тепе-теңдік;
- D) көп мағыналылық;
- E) мағыналық жақындық.

26. Вариант пен лексикалық дублеттердің арасындағы ерекшелік –

- A) морфемдік құрамының әр басқа болуы;
- B) морфемдік құрамының бір болуы;
- C) мағыналық тепе-теңдік;
- D) мағыналық жуықтық;
- E) түбір тұлғасының бір болуы.

27. Қай сөйлемде кітаби тіл элементі ұшырасады?

- A) Ақырын жүріп, анық бас;
- B) Көрмегенге көсеу таң;
- C) Құдай - бар, пайғамбар - хақ, құран – шын;
- D) Ерікті елдердің мызғымас одағы;
- E) Ағайын бек көп, айтамын ептеп.

28. Дауыстыларға тән ең негізгі белгі -

- A) дауыстан тұрады;
- B) екпін қабылдайды;
- C) буын құрайды.
- D) ауа кедергісіз шығады;
- E) созып айтуға келеді.

29. Дауыссыздарға тән ең негізгі белгі -

- A) салдырдан жасалады;
- B) екпін қабылдамайды;
- C) буын құрамайды;
- D) ауа кедергіге ұшырайды;
- E) созып айтуға келмейді.

30. Лексикалық дублет қатарын көрсетіңіз:

- A) Сіріңке - кеуірт - оттық - шақпақ – шырпы;
- B) көйлек-жейде;
- C) әдемі - әсем – көркем - сұлу;
- D) белесті өтті – белестен өтті;
- E) бал ашу – құмалақ салу – карта ашу.

31. Әдеби-диалектілік дублеттер қатары:

- A) жаны сірі - жаны сіріден жасалған - жаны сіріден берік;
- B) іссапар – жолсапар;
- C) эхинокок - жылауық құрт;
- D) бөкен - киік - газел – сайғақ;
- E) Жүгері - борми - көмбеқонақ;

32. Ғылым мен техниканың түрлі салаларында қолданылатын арнаулы сөздер қатары:

- A) сөйлем, жасуша;
- B) әмбебап, ақжайма;
- C) құлыншақ, қаржы;
- D) жұтқыншақ, жүргізуші;
- E) отбасы, айдарман.

44. Метонимиялық тәсіл арқылы жасалған ауыспалы мағына:

A) Африка жерінде өсетін баобаб ағашы жер жүзіндегі ең жуан ағаш болуымен қатар, ең ұзақ жасайтын да ағаш деп саналады.

B) Мақта – жылылықты, құнарлы топырақты және ылғалды ұнататын мәдени өсімдік.

C) Арлан жан дәрменде қайта қарқындап, тоғайдың тасасына айнала тартты.

D) Дәл осы жерде екі әйелдің жүрегі де домбыраның екі ішегіндей екі түрлі бұралса да бір күйге келіп, бір күйге қосылып тұр еді.

E) Түйекұстың ыстыққа төзімді, жұмсақ, мамығы құлпырып тұратын терісі де құнды деп саналады.

45. Ғылым мен техниканың түрлі салаларында қолданылатын арнаулы сөздер қатары:

A) бүршік, жасуша;

B) жұмақ, құн;

C) құлыншақ, қаржы;

D) жұтқыншақ, төреші;

E) жанұя, отбасы.

46. Омоним сөздер қатары -

A) киімнің астары, сөздің астары;

B) қыздың төркіні, мәселенің төркіні;

C) ауыр жүк, ауыр мінез;

D) таяз су, таяз көл;

E) арыстан ақырды, ақырды тазалады.

47. Идиомалық тіркес қолданылып тұрған сөйлем:

A) –Нарша байғұс қуанып, ақ түйенің қарны жарылып жатыр десеңші онда.

B) Ерсілі-қарсылы көсіле құлаған ақ теректердің күміс жапырақтары әлі дір қағып тұр.

C) Жалғыз үйлі шалдың өмір тарихы жеке бір кітаптың жүгі.

D) Шашын жайып жіберген ақ қайыңдар жазықсыз қираған қарағай бауырын жоқтап, ақырын ған сыңсып, жылап тұрғандай.

E) Кірме деген үлкендер сөзін тыңдамай жанына тізерлей отыра кеттім де құдіретті саусақтарын ұстадым.

48. Мақтау-даттау; батыңқы-шығыңқы; батыс-шығыс; келген-кеткен; ұзын-қысқа; азаю-көбею қай лексикалық-семантикалық топқа жатады?

- A) көп мағыналы сөздер;
- B) фразеологизмдер;
- C) антонимдер;
- D) омонимдер;
- E) синонимдер.

49. Антонимдік қатынасқа құрылған өлең жолдары:

- A) Оңашада әлдилеп ойдың гүлін,
Тыныштыққа армансыз тойдым бүгін.
- B) Ана тілім – айбыным,
Сарқылмайтын байлығым.
- C) Ағаштардың көлеңкесі – қолшатыр,
Күн тимейді, ығына кеп қанша тұр.
- D) Арзан не бар ойнау менен күлуден,
Қымбат не бар адам сырын білуден.
- E) Бере алмасаң бақыт, шаттық сен маған,
Бер өкініш, бер уайым, бер қайғы.

50. Көнерген сөздердің есебінен жасалған жаңа атаулар қатары:

- A) жасақшы, асаба, жаужүрек;
- B) сәукеле, қамқа тон, ғарышкер;
- C) төреші, байрақ, құн;
- D) оташы, кіреуке, ұялы телефон;
- E) орда, астана, табалдырық.

51. Эмоционалды-экспрессивті мағынаға ие сөздер қатары:

- A) қалш-қалш, шіркін, бүгін;
- B) ғажап, зұлмат, қылтию;
- C) зірк-зірк, қазына, тамаша;
- D) науқас, екпін, ойбай;
- E) үстеу, бастау, ертегі.

52. «Күмбез» сөзінің терминдік мағынасы:

- A) әдемілігімен көзге түсетін әшекейлі құрылыс;
- B) жүздеген метрден мыңдаған метрге дейін жететін вулкан конусы;
- C) құрылыстардың сәнді өрнектерімен әшекейленген шаңырақ тәрізді төбесі;
- D) қимылдау кезінде сіңірдің сүйекке үйкелісін бәсеңдететін сіңір, бұлшық ет;
- E) теңіз деңгейінен биіктігі кемінде 200 м болатын көтеріңкі жер.

53. Лексикологияның зерттейтін негізгі мәселелері:

- A) сөздің грамматикалық мағынасын зерттейді
- B) белгілі бір тілдің тарихын зерттейді
- C) тілдің сөздік қоры мен тіл лексикасын зерттейтін тіл білімінің саласы
- D) дұрыс жауабы жоқ
- E) көмекші сөздерді зерттейді

54. Лексикологияның салалары:

- A) грамматика, фонетика;
- B) фразеология, этимология;
- C) ономонология, семасиология, ономастика, этимология, фразеология, лексикография;
- D) сингармонизм, семасиология;
- E) дұрыс жауабы жоқ.

55. Сөздің лексикалық мағынасы:

- A) жіктік алғаулар арқылы жасалады;
- B) көмекші сөздер арқылы жасалады;
- C) зат, қасиет, процесс, құбылыс, тағы сол сияқты түсінікті ой-санада бейнелеп тұрақтандыратын сөз мазмұны;
- D) грамматикалық формалар арқылы жасалады;
- E) дұрыс жауабы жоқ.

56. Сөздің көп мағыналылығы:

- A) сөздің жеке тұрғандағы мағынасы;
- B) сөздің әр түрлі мағына білдіруі;
- C) сөздің бір-біріне жақын мағына білдіруі;
- D) сөздің сөйлемдегі мағынасы;
- E) сөздің синонимдік мағынасы.

57. Табу:

- A) мәтін мағынасын қайталау;
- B) басы артық сөз қолдану;
- C) кейбір сөздерді, есімдерді, сөйлемдерді атауға тиым салу
- D) аффикстерді атайды;
- E) дұрыс жауабы жоқ.

58. Эмоционалды-экспрессивті мән беретін сөзі бар сөйлем:

- A) Асан мектептен келді;
- B) Ол асыға басып келе жатыр;
- C) Оның үйі ит арқасы қиянда;
- D) Жолда теңкиіп біреу ұйықтап жатыр;
- E) Асықпай, ертең келе ғой.

59. Термин:

- A) тілдің құрылымын атайды;
- B) сөзжасам саласындағы негізгі тұлға;
- C) буынның бір түрі;
- D) ғылымның арнайы саласындағы ұғымды білдіретін сөз не сөз тіркесі;
- E) көнерген сөздер.

60. Кірме сөздер:

- A) грамматикалық категория;
- B) архаизмдер;
- C) тарихи сөздер;
- D) бір тілден өзге тілге енген бөтен тілдің элементі;
- E) кәсіби сөздер.

61. Ар жақ-бер жақ; алыс-жуық; анайы-сыпайы; лас-таза; майда-ірі қай лексикалық-семантикалық топқа жатады?

- A) көп мағыналы сөздер;
- B) фразеологизмдер;
- C) антонимдер;
- D) омонимдер;
- E) синонимдер.

62. Неологизмдер:

- A) кәсіби сөздер;
- B) терминдер;
- C) тарихи сөздер;
- D) варваризмдер;
- E) тілде пайда болған жаңа сөздер;

63. Варваризмдер:

- A) әр түрлі тілдік құрылымдарды белгілейтін жалпы термин;
- B) ықпалдың бір түрі;
- C) қолданыстан шыққан сөздер;
- D) тілдегі жаңа сөздер;
- E) өз тілінде баламасы бола тұра бөтен тілдің сөздерін қолдану.

64. Фразеологизм:

- A) морфологиялық құбылыс;
- B) еркін сөз тіркесі;
- C) семантикалық тұрақты байланыста болатын сөйлемдер мен сөздердің тіркесуі;
- D) тілдің сыртқы көрінісі;
- E) дұрыс жауабы жоқ.

65. Лексикография:

- A) лексикография (грекше сөзге қатысты және жазамын) – сөздіктер жасаудың тәжірибесі және оның теориясымен айналысатын сала;
- B) тілдің дыбыстық жүйесін зерттейді;
- C) тіл білімінің грамматика саласын зерттейді;
- D) белгілі бір тілдің өздік құрамын зерттейді;
- E) дұрыс жауабы жоқ.

66. Сабырлы - ұшқалақ; салқын-жылы; ілгері-кейін; мақтау-даттау; мырза-сараң қай лексикалық-семантикалық топқа жатады?

- A) антонимдер;
- B) омонимдер;
- C) синонимдер;
- D) көп мағыналы сөздер;
- E) фразеологизмдер.

67. Сөздік жасаудың техникасы мен методикасын үйрететін ғылым саласы:

- A) этимология;
- B) семасиология;
- C) ономасиология;
- D) лексикография;
- E) лексикология.

68. Эвфемизм:

- A) түбірдің дыбыстық құрамының өзгеруі;
- B) дыбыстардың комбинаторлық өзгерісінің бір түрі;
- C) мағына ауыстырудың сөз тапқырлыққа байланысты өнімді түрі;
- D) сөздің шығу тегін зерттейді;
- E) дұрыс жауабы жоқ.

69. Эмоционалды-экспрессивті мәнге не сөйлем:

- A) Бүгін қар қалың жауды;
- B) Кенеттен көзі жіпсиген біреу кіріп келді;
- C) Қалың орман арасымен келе жаттым;
- D) Бұл оқиға кеше болған еді;
- E) Екеуміз ұзақ әңгімелестік.

70. Мағыналық тепе-теңдігін сақтай отырып, белгілі бір тілде жарыса қолданылатын сөздер –

- A) морфологиялық варианттар;
- B) лексикалық варианттар;
- C) фонетикалық варианттар;
- D) орфографиялық варианттар;
- E) сөз варианттары.

71. Диалектілік дублеттер қтары:

- A) бұрыс-мәтке – белағаш – арқалық;
- B) жүгері- борми – көмбеқонақ;
- C) бәкі - шаппа – қайырма – забиял;
- D) разы - риза – ырза;
- E) қауын – діңке.

72. Синонимдер қатарын көрсетіңіз:

- A) аяқ астынан – ғайыптан – кенетен – тосыннан;
- B) жүгері - борми - порми - көмбеқонақ;
- C) тұқым-жұмыртқа – мәйек – мекиен;
- D) ой – қаз – түбек – жаз;
- E) ұйқассыз өлең – ақ өлең;

73. Тілдің қазіргі қалпы тұрғысынан қарағанда ары қарай бөлшектенбей түбір ретінде танылатын дербес сөздердің мағынасы:

- A) туынды мағына;
- B) терминдік мағына;
- C) түпкі мағына;
- D) синтаксистік шартты мағына;
- E) бейтарап мағына.

74. Фонетикалық вариант қатары:

- A) малсақ – малжанды – малқұмар;
- B) құрттай – құртымдай – құртақандай;
- C) қымыран-шұбат;
- D) аптека // аптек // эптек // әптиек;
- E) отбасы – үйелмен – жанұя.

75. Қай сөйлемде кітаби сөз ұшырасады?

- A) Оймақ ауыз, күлім көз;
- B) Башлайын, бір алланың атыменен;
- C) Жаманға жалынғанша, жатта жаныңды қарма;
- D) Алтынды тот баспайды;
- E) Дала гүл жайнап тұр.

76. Сөздікте мағынасы түсіндірілетін сөз:

- A) нақыл сөз;
- B) тірек сөз;
- C) тұрақты сөз;
- D) реестр сөз;
- E) номинативті сөз.

77. Кадет, калий, касса, кафедра, округ, операция, пародия, пауза - қай стильдік топқа жатады?

- A) қарапайым сөздер;
- B) термин сөздер;
- C) бейтарап сөздер;
- D) диалект сөздер;
- E) кәсіби сөздер.

78. Күкірт, шырпы, кеуірт, жозы, шымшуыр - қай стильдік топқа жатады?

- A) қарапайым сөздер;
- B) диалект сөздер;
- C) кәсіби сөздер;
- D) термин сөздер;
- E) бейтарап сөздер.

79. Сырға, сыпайы, шеке, шұрайлы, шыбын, шағым, бөлме, салақ сөздері қай стильдік топқа жатады?

- A) қарапайым сөздер;
- B) термин сөздер;
- C) бейтарап сөздер;
- D) диалект сөздер
- E) кәсіби сөздер.

80. Мақта, қызылша, жүгері, көмбеқонақ, құнбағыс, күләбі - қай стильдік топқа жатады?

- A) қарапайым сөздер;
- B) термин сөздер;
- C) диалект сөздер;
- D) кәсіби сөздер;
- E) бейтарап сөздер.

81. Сөйлеу, сөре, сүйек, тізгін, тікен, тырма, шүмек, шығарма, әйтеуір, әке - қай стильдік топқа жатады?

- A) бейтарап сөздер;
- B) қарапайым сөздер;
- C) термин сөздер;
- D) диалект сөздер;
- E) кәсіби сөздер.

82. Шойнақ, қортық, таз, боз өкпе, су мұрын, көксау - қай стильдік топқа жатады?

- A) қарапайым сөздер;
- B) термин сөздер;
- C) диалект сөздер;
- D) кәсіби сөздер;
- E) бейтарап сөздер.

83. Арзан-қымбат; асты-үсті; еңкею-шалқаю; ерлік-ездік; жақсы-жаман; жалған-шын; жану-сөну қай лексикалық-семантикалық топқа жатады?

- A) синонимдер;
- B) омонимдер;
- C) антонимдер;
- D) көп мағыналы сөздер;
- E) фразеологизмдер.

84. Грамматика:

- A) тілдің құрылымы, морфологиялық категориялар мен тұлғалар, синтаксистік категориялар мен құрылымдар, сөзжасам жүйесін зерттейді;
- B) лексикалық мағынаны зерттейді;
- C) фонетика саласын зерттейді;
- D) сөздің тура мағынасын зерттейді;
- E) дұрыс жауабы жоқ.

85. Зат, құбылыс, іс-әрекетке тән басты белгілердің адам санасында жинақталып берілген бейнесі -

- A) сөз;
- B) мағына;
- C) ұғым;
- D) түйсік;
- E) тура мағына.

86. Кәсіби сөздер:

- A) белгілі бір кәсіпке, қызмет түріне байланысты шаруашылық саласындағы сөздер;
- B) мағына ауыстырудың сөз тапқырлыққа байланысты өнімді тәсілі;
- C) тілде пайда болған жаңа сөздер;
- D) өз тілінде баламасы бола тұра бөтен тілдің сөздерін қолдану;
- E) ғылымның арнайы саласындағы ұғымды білдіретін сөз не сөз тіркесі.

87. «Тайға таңба басқандай» тұрақты тіркесінің

білдіретін мағынасы:

- A) мәнсіз, мағынасыз;
- B) анық, айқын;
- C) баталы, батасыз;
- D) жалқау, еріншек;
- E) той, мереке.

88. Морфологияның зерттеу нысаны:

- A) сөздің дыбыс құрамы;
- B) сөздің байланысу тәсілі;
- C) сөз табы, сөздердің грамматикалық ерекшеліктері;
- D) сөйлем мүшесі;
- E) сөйлем түрлері.

89. Морфема:

- A) сөздің өзіне тән мағынасы бар ең кіші бөлшегі;
- B) сөз тіркесі;
- C) екі не одан да көп түбірден құралған сөз;
- D) сөйлем түрлері;
- E) кем дегенде толық мағыналы екі сөздің өзара сабақтас байланысуы.

90. Журнақ дегеніміз не?

- A) сөзден сөз тудыратын және сөзден жаңа форма тудыратын қосымша;
- B) сөз бен сөзді байланыстыратын қосымша;
- C) сөздің бастапқы мағыналы бөлшегі;
- D) сөздің түпкі негізі;
- E) белгілі бір ұғымның атауы.

91. Жаңа сөз тудырып тұрған қосымша:

- A) барса; B) келмек; C) бұлбұл;
- D) сәнқой; E) айтқан.

92. Құранды жұрнақтар қатары:

- A) - лық, - лік, - шыл, - шіл; B) - қыш, - кіш, - ғыш;
- C) - нікі, - дікі, - тікі; D) - ма, - ме, - ба, - бе;
- E) - ым, -ім, -м.

93. Қазақ тіліндегі жалғаулардың жалғану тәртібі:

- A) көптік, септік, жіктік, тәуелдік;
- B) көптік, тәуелдік, жіктік, септік;
- C) көптік, тәуелдік, септік, жіктік;
- D) көптік, жіктік, септік, тәуелдік;
- E) жіктік, септік, тәуелдік, көптік.

94. Синтаксистік шартты мағынаға ие сөйлемді көрсетіңіз:

- A) Байлар біздің еңбегіміздің қаймағын жесе, біз әлі өз еңбегіміздің қаспағына да жете алмай жүрміз.
- B) Астана қаласы көрікті қалаға айналды.
- C) Қазан піскеше бәрі машина көруге кетті.
- D) Үйге игі жақсылар жиналыпты.
- E) Ақылды, дарынды балаға үлкендер де қызыға қарайтын.

95. Етістік синонимдердің ішінен іс қағаздары стилі ыңғайында жұмсалатындары:

- A) қызығу, әуестену, құмарту;
- B) ұшырасу, дидактасу, табысу;
- C) қыдыру, сенделу, шарлау;
- D) қорытындылау, бекіту, талқылау;
- E) шығару, кетіру, босату.

96. Семантикалық мәні солғындаған сөз табы:

- A) етістік;
- B) шылау;
- C) үстеу;
- D) сан есім;
- E) сын есім.

97. Тұрмыстық сананы бейнелейтін стильдің түрі:

- A) Ғылыми стиль;
- B) Шешендік стиль;
- C) БАҚ тілі;
- D) Ауызекі сөйлеу стилі;
- E) Ресми стиль.

98. Ауыспалы мағынаға ие сөздерді көрсетіңіз:

- A) өткір ой, өткір қайшы;
- B) тұщы су, көк ми;
- C) қыз бала, ер жігіт;
- D) өсімдік майы, қызыл көйлек;
- E) білімнің кілті, дүниенің көзі.

99. Тілдің атқаратын ең негізгі қызметі:

- A) ойды қалыптастыру қызметі;
- B) экспрессивті қызметі;
- C) куммулятивті қызметі,
- D) гүлдер тілі;
- E) барабан тілі.

100. Адам баласының сөйлеу тілі қандай тілге неізделген:

- A) ым тілі;
- B) дыбыстық тіл;
- C) жазу тілі;
- D) ауызекі сөйлеу тілі;
- E) буын тілі.

МАЗМҰНЫ

АЛҒЫ СӨЗ	3
Лекция № 1	
Қазақ тілі лексикологиясына кіріспе	5
Лекция № 2	
Сөздің лексика-семантикалық табиғаты	9
Лекция № 3	
Сөз мағынасының дамуы	20
Лекция № 4	
Сөздің лексикалық мағынасының негізгі түрлері	35
Лекция № 5	
Лексикалық омонимдер, антонимдер, олардың түрлері	45
Лекция № 6	
Қазіргі қазақ тіліндегі синонимдер жүйесі	57
Лекция № 7	
Сөз варианттары, сөздің қосалқы аталымдары	65
Лекция № 8	
Ққазақ тілі лексикасының құрамы мен шығу арналары	74
Лекция № 9	
Қазақ тілі лексикасының аймақтық-әлеуметтік топтары	87
Лекция № 10	
Қазақ тілі лексикасының стильдік топтары	97
Лекция № 11	
Қазақ тіліндегі неологизмдер, көнерген сөздер	113
Лекция № 12	
Қазақ тілінің этимологиясы	129
Лекция № 13	
Қазақ тілінің фразеологиялық жүйесі	136
Лекция № 14	
Фразеологизмдердің семантикалық категориялары	145
Лекция № 15	
Қазақ тілінің лексикографиясы	153
(СӨЖ) тапсырмалары	164
(СОӨЖ) тапсырмалары	168
тест тапсырмалары	169

Техн. редакторы Е. Акар
Басуға 28. 06. 2010 қол қойылды.
Пішімі 84x 108 1/32. Офсеттік қағаз.
Шартты баспа табағы 6,6. Есепті баспа табағы 7,1
Таралымы 500 дана